әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 347.73(574)(043) Қолжазба құқығында

РАЙЫМБЕРГЕНОВА КӘМШАТ ТОҚАШҚЫЗЫ

ҚР электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу: мәселелері мен даму болашағы

«8D04203-Құқықтану»
білім беру бағдарламасы бойынша
Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
Заң ғылымдарының докторы,
профессор Жатканбаева А.Е.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Заң ғылымдарының докторы,
профессор Минбалеев А.В.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024 ж.

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР **3**
АНЫҚТАМАЛАР **4**
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР **5**
КІРІСПЕ **6**
1 **ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚША АЙНАЛЫМЫН ҚАРЖЫЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ** **12**
1.1 Электрондық ақша ұғымы және оның құқықтық табиғаты 12
1.2 Электрондық ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеудің қалыптасу кезеңдері 19
1.3 Электрондық ақша қаржылық-құқықтық қатынастардың обьектісі ретінде 30
2 **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚША АЙНАЛЫМЫН ҚАРЖЫЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ТЕТІГІ** **44**
2.1 ҚР электрондық ақша айналымын реттеудің қаржылық-құқықтық негіздері 44
2.2 ҚР электрондық ақша айналымын мемлекеттік-құқықтық реттеу 56
2.3 ҚР электрондық ақша айналымын құқықтық реттеудің мәселелері: цифрлық теңгенің құқықтық мәртебесі 68
3 **ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚША АЙНАЛЫМЫН ҚАРЖЫЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕНІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ҚР ЗАҢНАМАСЫН ЖЕТІЛДІРУ** **77**
3.1 Цифрландырудың электрондық ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеуге әсері 77
3.2 Электрондық ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеудегі шетелдік тәжірибе 86
ҚОРЫТЫНДЫ **99**
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ **105**

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1 ГОСТ 7.32-2017 «СИБИД. Ғылыми – зерттеу жұмыстары туралы есеп. Құрылымы және рәсімдеу ережесі» (түзетулермен);

2 ГОСТ 7.88-2003 «Ақпараттар, кітапханалық және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Жарияланымдардағы тарау атауларын және тарау атауларындағы сөздерді қысқарту ережелері».

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық зерттеу жұмысына келесі анықтамалар мен терминдер қолданылды:

Электрондық ақша – бұл электрондық түрде сақталатын және электрондық ақша жүйесінің басқа қатысушылары тарапынан төлем құралы ретінде қабылданатын банктің сөзсіз және қайтарылмайтын ақшалай міндеттемелері;

Электрондық әмиян – бұл электрондық ақшаны сақтауға және оған қол жеткізуге мүмкіндік беретін микропроцессорлар мен дербес компьютердің бағдарламалық қамтамасыз етуін қамтитын бағдарламалық және техникалық құрал;

Электрондық ақша жүйесінің операторы – бұл электрондық ақшаны пайдалану арқылы жүргізілетін операциялар кезінде ақпаратты жинауды, өңдеуді және беруді қамтамасыз ететін, сол арқылы электрондық ақша жүйесінің жұмысын қолдайтын қатысушы;

Электрондық ақша жүйесі – электрондық ақшамен төлемдер мен басқа да операцияларды жүзеге асыруға арналған банктің бағдарламалық-техникалық құралдары, құжаттама және ұйымдастыру-техникалық шаралар жиынтығы;

Электрондық ақша жүйесіне қатысушы – ақша төлемі және аударымы бойынша құқықтары мен міндеттері бар жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері;

Цифрлық теңге – эмиссиясын ҚР Ұлттық Банк шығаратын ақшаның жаңа үшінші нысаны.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

API	–	Application Programming Interface /қолданбалы бағдарламалау интейфейсі
FATF	–	the Financial Action Task Force /Ақшаны жылыстатуға қарсы қаржылық шараларды әзірлеу тобы
ID	–	Identifier / анықтаушы
KYC	–	Know Your Customer/ Клиенттерді сәйкестендіру
QR	–	Quick Response /«жылдам жауап»
АЕК	–	Айлық есептік көрсеткіш
БАҚ	–	Бұқаралық ақпарат құралдары
БҰҰ	–	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЕАЭО	–	Еуразиялық Экономикалық Одақ
ЕО	–	Еуропалық Одақ
ҚР	–	Қазақстан Республикасы
ҚР АК	–	Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексі
ҚР ЕХӘҚМ	–	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ҚР ЦДИАӨМ	–	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
МҚКК	–	Мемлекеттік қызметтер көрсету комитеті
НҚА	–	Нормативтік-құқықтық актілер
РФ	–	Ресей Федерациясы
ҰАТ АҚ	–	«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ
ҰБ	–	Ұлттық Банк
ХҚО «Астана»	–	«Астана» Халықаралық Қаржы Орталығы
ЦТ	–	Цифрлық теңге
ЭЫДҰ	–	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

КІРІСПЕ

Диссертацияның жалпы сипаттамасы. Диссертация Қазақстандағы электрондық ақша айналымының қаржылық-құқықтық реттелуін жан-жақты зерттеуге арналған. Зерттеу электрондық ақша түсінігін анықтап және оның түрлерін жіктейді. Электрондық ақшаның пайда болу себептері және олардың әлемдік және ұлттық экономикаға енгізу кезеңдері зерттелген. Қазақстандағы цифрлық теңге айналымын қаржылық-құқықтық реттеудің теориялық және практикалық мәселелеріне талдау жасалды. Бірқатар тәжірибелік мазмұндағы ұсыныстар әзірленді.

Диссертациялық зерттеудің өзектілігі. Жиырма бірінші ғасырда интернет пен цифрлық технологияның кең таралуы онлайн сауданың қарқынды дамуына жол ашты. Оның ерекшелігі тұтынушыларға тауарлар мен қызметтерді қалаған уақытта және кез келген жерден сатып алуға мүмкіндік беретін ыңғайлылық пен қолжетімділікті ұсынады. Электрондық ақшаның пайда болуы, ең алдымен, дәстүрлі төлем жүйелері толық қанағаттандыра алмайтын электрондық коммерцияның қажеттіліктеріне байланысты, ал ақпараттық және криптографиялық технологиялардың дамуы электрондық ақша идеясын өмірге келтіруге мүмкіндік берді. Интернет-коммерция сонымен қатар жасанды интеллект, блокчейн және Big Data сияқты жаңа технологияларды енгізуге ықпал етті, бұл тұтынушыларға қызмет көрсетуді жақсартуға және бизнес-процестерді оңтайландыруға оң әсер етті.

2020 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауы бастамасымен Қазақстанда «Әлеуметтік цифрлық әмиян» пилоттық жобасы іске қосылды, ол әлеуметтік төлемдерді төлеуді жеңілдетуге және пандемия кезінде қазақстандықтар кездесетін мәселелерді шешуге мүмкіндік берді[1]. Бұл жобада «электрондық ақша» және «электрондық әмиян» сияқты ұғымдар енгізіліп, олардың құқықтық мәртебесін нақтылау қажеттілігі анықталды.

Ұлттық төлем жүйесін дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасында тұтынушылар мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің ақшаны қауіпсіз аударудағы сұраныстарын қанағаттандыратын онлайн төлем жүйесін іске қосу міндеті қойылған[2]. Электрондық ақша айналымының Қазақстанның қолданыстағы қаржы жүйесіне жылдам интеграциялануы жеке қаржылық-құқықтық санаттағы электрондық ақша институтының даму перспективаларына ғылыми талдау жасау қажеттілігіне әкелді.

Еліміздің қаржы нарығын цифрландыруды жетілдіру мақсатында цифрлық инфрақұрылымды дамыту, электрондық ақшаны және цифрлық экономиканың басқа элементтерін реттейтін жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуде мемлекет тарапынан реттеу механизмінің рөлін күшейту қажеттілігі «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында» белгіленіп[3], «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Мемлекет басшысының Жолдауында нақты заңнамамен бекітілуі міндеттелді[4].

Электрондық ақша да солардың қатарына жатқызылған онлайн сауда және онлайн есеп айырысу құралдарының болуы экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің және оның әлемдік экономикаға интеграциясының көрсеткіші болып табылады. Қазақстан көптеген көрсеткіштер бойынша бірқатар елдерден озды. Электрондық ақшаның қарқынды қолданысқа енгізу нарық сұраныстарын кеңейтуге мүмкіндік берді және цифрлық теңге бойынша пилоттық жобалардың пайда болуына негіз болды. Блокчейн технологиясының әлеуеті бүгінде мемлекеттік шығыстардың мақсаттылығы мен тиімділігін қамтамасыз етуді, сондай-ақ дәстүрлі қаржы мен цифрлық активтер әлемі арасында «көпірді» салуды қоса алғанда, басқа инновациялық қаржылық қызметтерді құру үшін пайдалану жоспарлануда.

Бастапқыда электрондық ақша жүйелерінің белгілі бір санын қалыптастыру көбінесе жеке меншік қаржы институттары бастамасымен орын алып, мемлекеттік қаржы органдары мен мекемелерінің қолдауы мен қызығушылық танытуының жетіспеуімен сипатталды. Қазір Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі алдында жаңа міндеттер пайда болуда, олардың тиімді және инновациялық шешімі Қазақстан экономикасының қазіргі және болашақтағы бәсекеге қабілеттілігін, оның ішінде кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), дербес деректерді қорғауға, алаяқтық қылмыстарды және т.б. байланысты реттеуші, қадағалау құралдары мен қылмыстық іске қарсы іс-қимыл құралдарын белгілеу арқылы алдын ала айқындайды. Мұның бәрі ҚР электрондық ақша айналымын қаржылық- құқықтық реттеумен байланысты мәселелерді зерттеудің қажеттілігін және маңыздылығын анықтайды.

Осыған орай, қазіргі таңда талқыланып жатқан «Цифрлық Кодекс» жобасында қарастырылған киберқауіпсіздік және жеке деректердің заңмен қорғалу саласында, цифрлық активтер қозғалысы саласындағы мемлекеттің қадағалау жүргізуін нақты қадамдармен қарастыруы цифрландырудың осы мәселелерді зерттеудің маңыздылығына әсерін көрсетеді [5].

Электрондық ақша даму болашағы мен табиғатын зерделеу экономика, құқық, саясаттану, әлеуметтену және т.б. ғылымдар тұрғысынан әртүрлі көзқарастардан өзекті болып табылады. Бұл тақырып өзектілігі қаржы нарығын дамытудың жоғарғы технологияларды енгізуге байланысты ұзақ мерзімді тұжырымдамаларын қалыптастыру қажеттілігі тұрғысынан да даусыз өзекті саналады.

Диссертациялық зерттеу мақсаты Қазақстан Республикасындағы электрондық ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеуді кешенді талдау, мәселелерді анықтау және осы салада заңнаманы жетілдіру бойынша ұсынымдар енгізу болып табылады.

Зерттеудің міндеттері:

– Электрондық ақша түсінігі мен табиғатына талдау жүргізу;

– Электрондық ақша, цифрлық валюта және виртуалдық валюта ұғымдарының арақатынасына талдау жасау;

– Электрондық ақша айналымын негізгі реттеуші ретінде ҚР Ұлттық Банкі функциясын зерттеу;

– Қазақстан Республикасында электрондық ақша эмитенттерінің

қолданыстағы жүйесіне сыни талдау жүргізу;

– Электрондық ақшамен жүргізілетін опреацияларды реттеу бойынша заңнамаға талдау жасау;

– Электрондық ақша айналымы саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

Диссертациялық зерттеу обьектісі электрондық ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу саласында туындайтын қоғамдық қатынастар болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің пәнін электрондық ақша айналымын реттеуді қамтамасыз етуге бағытталған ҚР және шет елдердің заңнамасы, Халықаралық есеп айырысу Банкі, Еуропалық парламент және кеңесі мен ҚР Ұлттық Банкі бағдарламалық құжаттары мен директивалары, сондай-ақ өзге де құжаттар қамтиды.

Диссертациялық зерттеу әдістемесі императивтік, диспозитивтік, тарихи, индуктивті-құқықтық және жалпы когнитивті әдістеріне негізделген. Сонымен қоса, зерттеу барысында дедукция әдісі, мазмұнды талдау, салыстырмалы талдау және басқа да бірқатар жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістері қолданылды.

Диссертациялық зерттеудің нормативтік негізін халықаралық, шетелдік және отандық қаржы заңнамасы, сондай-ақ әкімшілік, азаматтық, ақпараттық және қылмыстық құқық саласындағы заңнама құрайды.

Теориялық негізі. Диссертациялық зерттеудің теориялық негізін азаматтық құқық, қаржы құқығы, сондай-ақ әкімшілік құқық, ақпараттық құқық, қылмыстық құқық және өзге де құқық саласындағы ғылыми еңбектер құрайды.

Зерттеудің эмпирикалық негізін Орталық Банктің және өзге халықаралық ұйымдардың, ҚР биліктің өкілетті органдарының ресми есептері, көтеріліп отырған мәселеге тікелей қатынасы бар қолданыстағы халықаралық, отандық және шетелдік заңнамалардағы нақты істердің материалдары мен өзге де салалардың ғылым мен тәжірибедегі талдамалық зерттеулер нәтижелері құрайды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Отандық заңгер-ғалымдар арасында қаржы құқығын зерттеген: А.И. Худяков, А.Е. Жатканбаева, Г.А. Қуаналиева, А.А. Аралбаева, С.М. Найманбаев, Г.М. Аскарова, және т.б. атап өтуге болады.

Сонымен қатар, цифрландыру барысында ақпараттық қауіпсіздік, жеке деректерді қорғаудың құқықтық аспектілері бойынша зерттеулерге Алибаева Г.А., Жетписов С.К. Жатканбаева А.Е. (конституциялық-құқықтық негіздері) еңбектерінде ерекше назар аударған.

Электрондық ақшаның азаматтық құқықтық сипатын зерттеген ғалымдарға Ф.С. Карагусов, С.К. Идрышева, Д.К. Абжанов, цифрлық активтерді зерттеген М.К. Сулейменов, Б.Г. Басин (азаматтық-құқықтық шарттар) ерекше атап өту керек. Ал, электрондық ақшаның қаржылық-құқықтық сипатына қатысты зерттеу жүргізген Е.В. Пороховтың еңбегін атап өту қажет. Сондай-ақ, электрондық сауда, электрондық мәмілелердің азаматтық-құқықтық мәнін зерттеген Сериев Б.А., Айтимов Б.Ж. Дусипов Е.Ш. еңбектеріне шолу жасалды.

Электрондық мәмілердің құқықтық сипатына қатысты Жетибаев Ж.К.,

электрондық сауданың азаматтық-құқықтық реттелуін Жұмаділова М.А., электрондық құжат айналымын А.К. Кусайынова және т.б. ғалымдар ғылыми зерттеулерін арнаған.

Ресей ғалымдарының арасында цифрлық құқықтың даму мәселелерін көтерген Минбалеев А.В., Харитонова Ю.С., Добробаба М.Б., және т.б. зерттеуші ғалымдарды ерекше атап өткен жөн.

Электрондық ақшаны азаматтық құқықтың обьектісі ретінде қарастырып, ғылыми тұжырымдар жасаған қазіргі кезеңнің РФ заңгер-ғалымдары: Л.Г. Ефимова, М.И. Брагинский, А,Я. Курбатов, Е.А. Суханов, А.В. Шамраев еңбектері зерделеніп, сондай-ақ Кеңестік кезеңдегі мына ғалымдардың да еңбектеріне шолу жүргізілді: Л.А. Лунц, М.М. Агарков, Г.А. Флейщиц, А.В. Венедиктов, К.Н. Аппенкова және т.б.

Электрондық ақша саласына, ақшаның құқықтық сипатына өз еңбектерін арнаған шетелдік заңгер-ғалымдарды атап өтсек: P. Corwin, F. Miller, B. Jennen, B. Geva, S.M. O'Connor және т.б.

Диссертациялық зерттеуде экономикалық теория мен философия өкілдерінің де ақша мәні, табиғатына қатысты ғылыми зерттеу еңбектеріне шолу жүргізілді, атап айтсақ: К.Маркс, Ю.В. Базулин, Х. Уэта де Сото, Г. Зиммель, О.И. Лаврушин және т.б.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы электрондық ақша айналымы дербес, өзге құқықтық институттармен тең әрекеттесетін кешенді құқықтық институт ретінде қарастырылуымен көрініс табады. Диссертациялық зерттеуде электрондық ақшаның қазақстандық моделі ұсынылған.

Диссертацяның ғылыми жаңалығы **қорғауға ұсынылған тұжырымдармен** сипатталады:

1. Кешенді теориялық-құқықтық талдау негізінде электрондық ақша өзінің табиғатынан ақшаның қолма-қол ақшасыз түріне ұқсайтыны дәлелденіп және құнның өлшемі, төлем құралы, сақтау құралы және халықаралық есеп айырысуда айналым тәсілімен сипатталатыны дәлелденді.

2. «Электрондық ақша», «цифрлық валюта», «виртуалдық валюта» ұғымдарына авторлық түсінік берілді:

«Электрондық ақша»-арнайы эмитентпен шығарылған және шектеулі жүйелерде қолданылатын, өтелуге жататын электронды төлем құралы.

«Цифрлық валюта»-өтеуге жатпайтын, құндылықтарды айырбастау, құнын есепке алу және сақтау үшін пайдаланылатын, блокчейн негізіндегі Орталық Банктің цифрлық түрдегі міндеттемесі.

«Виртуалдық ақша»-шектеулі виртуалды қоғамдастықта пайдаланылатын есептік бірліктердің цифрлық көрінісі.

3. Электрондық ақша айналымын мемлекеттік реттеуде ҚР Ұлттық Банкі өкілеттіктерін кеңейтуге ұсыныстар берілді: азаматтарды электрондық ақша айналымы туралы азаматтарды ақпараттандыру; халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру; электрондық ақша айналымымен байланысты алаяқтықтың және өзге де қылмыстық әрекеттерге қарсы шаралар мен алдын алу.

4. Ұлттық Банкімен электрондық ақша эмитенттерінің құрамын операцияларды жүзеге асыру үшін электрондық ақшаны пайдалануға Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар қаржы ұйымдарымен толықтыру қажеттілігі дәлелденді. Бұл эмитенттер арасындағы бәсекелестік пен ұсынылатын қызметтердің сапасына және электрондық ақшаның таралуына ықпал етеді.

5. Электрондық ақшаны тікелей шығару жөніндегі қызметтен басқа, электрондық ақша эмитенттері жүзеге асыра алатын операциялардың тізімдемесімен қолданыстағы заңнаманы толықтыру ұсынылды.

6. Әртүрлі электрондық ақша жүйесінің өзара әрекеттесуінен туындаған мәселелерді шешу үшін өзге жүйелермен параллельно жұмыс істейтін электрондық ақшаларды бір жүйеде қолдануға және қабылдауға мүмкіндік беретін бірыңғай интегратор жүйе құру ұсынылды.

Диссертациялық зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы. Практикалық маңыздылығы кешенді талдау негізінде азаматтардың қаржылық-ақпараттық құқықтарын және Қазақстан Республикасының ақпараттық қызығушылықтарын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу. Диссертация әрі қарай қаржылық және ақпараттық құқық саласында нормативтік құжаттарды әзірлеуде ерекше практикалық маңыздылыққа ие болуы мүмкін.

Дисесертациялық зерттеуде жасалынған ұсыныстар мен қорытындылар қаржылық, әкімшілік, ақпараттық және өзге де заңнаманы дамыту саласында ҚР Парламенті қызметінің заңнамалық және заң жобасын әзірлеуде, азаматтардың қаржылық сауаттылығын және цифрлық қоғам дамуы бойынша үкіметтік және өзге де бағдарламаларды әзірлеуде қолданылу ұсынылады.

Жұмыс ережелері жоғары оқу орындарында «Құқықтану» мамандығы бойынша курс даярлау кезінде, қаржы, әкімшілік, ақпараттық құқық, басқа пәндер мен арнайы курстар бойынша сабақтар өткізу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі. Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасында орындалды. Диссертация тақырыбы бойынша докторанттың Scopus рецензияланатын ғылыми әдебиеттің бірыңғай библиографиялық және рефективтік деректер базасында 1 мақала, Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған ғылыми баспаларда 3 мақала, халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциялар жинақтарына 2 мақала жарияланған.

1. Kamshat T. Raiymbergenova, Gulnar T. Aigarinova, Saltanat K. Atakhanova, Bakhytzhan Zh. Saparov, Makhabbat K. Nakisheva «Legal Regulation of Electronic Money Turnover» Revista de Direito, Estado e Telecomunicacoes//Universidade de Brasilia// Q2// 52 //2023-09-12, p.p. 1-15

2. Kamshat Raiymbergenova, Aizhan Zhatkanbayeva, Aizhan Satbayeva, Alisher Gaitov, Botakoz Shansharbayeva «The Essence and Role of Electronic Money» Revista de Direito, Estado e Telecomunicacoes//Universidade de Brasilia// Q2// 52 //2023-09-12, p.p. 117-131

3. A.Y. Zhatkanbaeva, S.K. Atakhanova, K.T. Raiymbergenova, M.K.

Nakisheva, K.N. Aydarkhanova «Analysis of the legislation of the Republic of Kazakhstan on the prevention of gambling addiction» https://bulletin-law.kaznu.kz ISSN 1563-0366, eISSN 2617-8362, Заң сериясы. №4 (100). 2021, 80-86 б.б.

4. K. Raiymbergenova, A. Ye. Zhatkanbaeva, S. Umbet, A. K. Berdibayeva, A. K. Jangabulova «Financial and legal regulation of electronic money circulation» https://bulletin-law.kaznu.kz/index.php/journal/article/view/2667/2305 Заң сериясы. №2 (102). 2022, p.p. 88-95

5. К. Райымбергенова, А. Жатканбаева «Электронды ақша айналымын құқықтық қамтамасыз ету ерекшеліктері» VIII «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық конференциясы / Алматы, Казахстан, 6-8 сәуір 2022 ж., 370-372 б.б.

6. К. Райымбергенова, А. Жатканбаева «Қазақстан Республикасында электронды ақшаны құқықтық реттеудің негізгі мәселелері» «Экологиялық қауіпсіздік жүйесіндегі экологиялық құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелері» (Байсалов оқулары-2023) халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары 27 сәуір 2023 ж., 227-233 б.б.

Диссертациялық зерттеудің көлемі. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, сегіз бөлімді құрайтын үш тараудан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қорытындыдан тұрады. Ғылыми-зерттеу жұмысының ішкі мазмұны өзара байланысқан, біртұтас.

1 ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚША АЙНАЛЫМЫН ҚАРЖЫЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Электрондық ақша ұғымы және оның құқықтық табиғаты

Адамзат дамуымен қатар ақша ұғымы құндылық өлшемі ретінде дамып, әр кезде де орны бар обьект болып саналады. Ақшаның даму тарихы бүгінгі күнге дейін қолдануы мен нысаны жағынан түрлі өзгерістерге шыдап келеді. Оған қаржы саласындағы жаһанданудың цифрлы технология жаңалықтары дәлел.

Ақпараттық технологияның қарыштап даму барысында электронды сауда-саттықты тиімді ету үшін, ондағы төлем процесін жылдамдатып, уақытша шығындарды азайтуға әкелетін, әрі сауданың жаңа түрі мен тұтынушыларға қызмет көрсету үшін жаңа есептеу құралына қажеттілік туындады. Мұндай құрал ретінде қазіргі уақытта көптеген пікірлердің таласын тудырған электрондық ақша танылды. Қазіргі уақытта әлемдік сауда айналымында ерекше орны бар -ол электрондық ақша айналымы.

McKinsey агенттігі ақпараты бойынша цифрлық нысандағы кез-келген аударымдар ұстап қалуларды 20-30% қысқартып, кірістерді 10% арттырады [6]. Осылайша, электронды сауданың дамуы мен банк қызметтерінің құнының жоғарлауы бизнес субьектілерін төлемдер саласында өздеріне тиімді нақты бір қадамдар жасауға итермеледі, оның нәтижесі өзі арзан әрі микротөлемдер жасауда ыңғайлы электрондық ақшаны қолданумен жүзеге асырылды.

Электрондық ақша ұғымының мәнін және құқықтық табиғатын анықтау үшін оны келесідей бірнеше аспект тұрғысынан қарастырып:

1) ақша жүйесіндегі жаңа төлем құралы;

2) қолма-қол ақшасыз төлем ретінде;

3) қолма-қол ақшаның аналогы ретінде;

4) заңды төлем құралын алмастыратын болашақтың төлем құралы ретінде зерттеуге болады деген пікірлерде кездеседі [7].

Ақша жүйесіндегі жаңа төлем құралы ретінде электрондық ақша түсінігін қарастырайық. Электрондық ақшаның таралуы экономикалық айналымында, соның ішінде есеп айырысу кезінде тұтынушыға ыңғайлылық туындауынан тез қарқын алды. С. Идрышеваның зерттеулерінде электрондық ақша экономиканың дамуымен байланысты пайда болған құбылыс деп есептеп, ақшаның жаңа түрі ретінде қарастырып, электрондық ақшаның қолма-қол ақшасыз аударымынан арақатынасын жан-жақты зерттеп, талдаған [8].

Сонымен қатар, келесі авторлар, «электрондық ақша – бұл есеп айырысу құралы ретінде әрекет ететін және виртуалды экономикада қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық қатынастарды көрсететін ақша түрі», – деп жазады [9]. Бұдан, электрондық ақша ұғымының толыққанды сипатын анықтау қажеттілігі туындайды.

«Электрондық ақша» ұғымына тоқталатын болсақ, бұл тіркестегі «ақша» түсінігі экономикалық және құқықтық тұрғыдан жеткілікті зерттелген және де теорияда жиі кездесетін валютаны түсінудегі негізгі тіркестің бірі «шетелдік валюта», осыған байланысты кейде «электрондық ақша» терминін ақшаға әлде

валютаға жатқызамыз ба?, – деген сауал туындайды. Оған жауап беру үшін келесідей зерттеулерге шолу жасайық.

Өз кезегінде «ақша» және «валюта» ұғымдары синонимдес болып қолданылғанмен, олардың мағынасы бірдей еместігін кейбір зерттеулер көрсетеді [10]. Оған сүйенсек, ақша мәні өз алдына материалдық емес ұғым десе, яғни ақшаны ұстап, иіскеп көре алмайды да, ал валютаны жалпы ақша түсінігінің физикалық (материалдық) көрінісіне теңейді, мысалы, тиын, банкнота және т.б. Сонымен қатар, отандық заңнамада «ақша» ұғымын ашатын түсінік келтірілмеген.

Ал, қазақстандық ғалымдар Ф. Карагусов, А. Бондарев пікірінше, ақша (валюта) тұжырымдамасы ретінде мемлекеттің заңмен реттелетін, айналым мен төлем құралы үшін қолданатын, жұмыс пен тауар құнын анықтайтын шартсыз міндеттемесі болып табылады [11].

«Валюта» термині ЕАЭО елдерінің заңнамаларында мемлекеттің айналымындағы ақша деп түсіндіріледі. Заңнамаға талдау жасайтын болсақ, валюта ұғымына «шетел валютасы» мағынасында толыққанды анықтама беріледі. Бұған нақты көз жеткізу үшін осы елдердің заңнамаларына шолу жасайық.

Мысалы, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» ҚР Заңында белгіленген, «шетел валютасы» ретінде шет мемлекеттің аумағында айналыста болатын және заңды төлем құралы болып табылатын, сондай-ақ айналыстан алынған немесе алынатын, бірақ айналыстағы ақша белгілеріне айырбастауға жататын банкноттар, монеталар түріндегі ақша белгілері; банктік шоттардағы шет мемлекеттердің ақша бірліктеріндегі және халықаралық ақша немесе есеп айырысу бірліктеріндегі ақша», – деп танылады [12]. «Шетел валютасы» терминінің осыған ұқсас анықтамасын 2003 жылғы 10 желтоқсандағы «Валюталық реттеу және валюталық қадағалау» туралы Ресей Федерациясының Заңынан [13] және 2004 жылғы 24 қарашадағы «Валюталық реттеу және валюталық қадағалау» туралы Армения Республикасының Заңынан [14], 2003 жылғы 22 шілдедегі «Валюталық бақылау және валюта айырбастауды бақылау туралы» Беларусь Республикасының Заңынан кездестіруге болады [15].

Осы пікірлерді терең талдау арқылы, валютаға (шетел валютасы) – белгілі бір шет мемлекетке төлем жасаудың заңды құралы болып табылатын ақшаның кез келген нысаны және оған тек айналымдағы ақша ғана кіреді, ал айналымнан алып тасталған ақшалар валютаға жатпайды деп тұжырымдауға болады.

Ал құқықтық табиғаты бойынша шетелдік валюта заңнамада азаматтық құқықтың обьектісі ретінде ақша (валюта) біртұтас ұғымы арқылы көрініс табады. Мұны келесі жағдайлардан көруге болады.

Қазақстан Республикасында ақша және валюта ұғымдары тең мағынада қолданып, олардың құқықтық жағдайы ҚР АК 127 бабы ақша (валюта) деп аталып, азаматтық құқық обьектісі ретінде заңнамамен бекітілген [16]. Ол бойынша ҚР ақша бірлігі теңге және ол заңды төлем құралы болып табылады.

ҚР «Ұлттық Банк туралы» Заңының 38 бабына бойынша, Ақша бірлігі: ҚР ақша бірлігі (ұлттық валюта) болып – Қазақстан теңгесі танылады деп көрсететеді [17].

Ақша табиғатынан мынадай функцияларды атқарады:

– *құн өлшемі ретінде:* жалпыға ортақ балама ретінде барлық тауарлардың құнын өлшейді;

– *айналым құралы ретінде:* тауар айналымында делдалдық рөл атқарады (тауар-ақша-тауар);

– *төлем құралы ретінде:* тауар айналымында, қаржы-несие қатынастарында ақша қозғалысымен байланысты;

– *жинақтау құралы:* қолма-қол немесе банкте ақшаны жинаумен байланысты;

– *әлемдік ақша:* халықаралық төлем құралы ретінде қызмет атқарады.

Жоғарыда аталған ақша функцияларынан электрондық ақшаға тән қызметтерге тоқталсақ:

– алдымен электрондық ақша жинақтау және төлем құралының қызметін атқарады, нақтырақ айтсақ: қағаз ақша сияқты сіз бұл электрондық ақшаны да электронды түрде жинай аласыз, тек оны қолма-қол ақша ретінде шешіп алған жағдайда ғана физикалық иемдене аласыз.

– келесі жағдайда электрондық ақшаны тауарларды сатып алу мен қызмет көрсетуге төлеу үшін қолданғандықтан айырбастау құралы ретінде қызмет атқарады;

– кәдімгі қағаз ақша сияқты товар немесе қызметтің жалпы құндық шегін көрсететіндіктен, электрондық ақша есептеу бірлігі қызметін қоса алып жүреді;

– электрондық ақшаны алдағы уақытта өтеу үшін алынатын несие беру құралы ретінде қолданатындықтан төлем мерзімін ұзарту стандарты қызметін жүзеге асырады;

– электрондық ақша әмбебап төлем құралының қызметін атқаратыны белгілі, бұл қолма-қол ақшаға қарағанда, әсіресе «онлайн» интернетте төлем жасау үшін қолданылады;

– электрондық ақша интернет қолжетімдігінен дүние жүзі елдерінде электронды төлем ретінде қолданғандықтан әлемдік ақша ретінде қызмет атқарады, яғни қолдану шегі бір ғана елмен шектелмейді, әлемнің қай түкпірінде болмасын интернет арқылы электрондық шоттағы ақшаны төлем ретінде қолдану мүмкіндігі.

Бұдан біз электрондық ақшаның атқаратын функцияларының кәдімгі ақша функцияларына ұқсас екенін байқаймыз.

Электрондық ақша – банкноталар мен монеталарды алмастыратын шифрланған таңбалар жиынтығы деген пікірде кездеседі [18].

Сонымен қатар, электрондық ақша түсінігін анықтаудың бірыңғай ұстанымдары болмауы оның нақты мағынасын ашуды қиындата түседі [19].

Енді электрондық ақшаны дәстүрлі ақшадан бөліп қарастыруымыздың өзіндік себептерін келесідей негіздермен көрсетуге тырысамыз.

Көптеген адамдар түсінігінде электрондық ақшаны қолма-қол ақшаның орнына жұмсайтын пластикалық карталармен VisaCard, MasterCard (оның ішінде дебеттік не кредиттік карталар) шатастырып жататыны да кездеседі. Пластикалық карталар банкте ашылған шотқа кіретін сәйкестендірілген жылдам

құрал болып табылады. Бірақ, біз электрондық ақшаны пластикалық карточкалардың түріне жатқыза алмаймыз, себебі: пластикалық карталар банк счетына кіру құралы ретінде немесе электрондық ақшаны тасымалдаушы ретінде ғана рөлі бар. Мәні бойынша пластикалық карталар ақша болып саналмайды.

Электрондық ақша мен кәдімгі ақшаның айтарлықтай айырмашылығы айналыс сферасында жатыр, сондықтан олардың жан-жақтылығы мен айналыс мүмкіндіктері де ерекшеленеді. Қарапайым валюта белгілі бір экономикалық қызметтерді төлеудің әмбебап әдісі болып табылады. Демек, кәдімгі валютаның иесі оны Қазақстандағы кез келген тауар немесе қызметтер сатып алуда төлеу үшін пайдалана алады, ал сатушы аталған валютаны сөзсіз қабылдауға міндетті болады. Электрондық ақша айналыстағы электрондық ақша жүйесінде ұсынылған тауарлар мен қызметтерді төлеу үшін ғана пайдаланылуы мүмкін болғандықтан, қарапайым ақша сияқты әмбебап емес. ҚР Төлемдер туралы заң электрондық ақшаны басқа ақша түрлеріне айырбастау мүмкіндігін қарастырады, бірақ бұл да олардың әмбебаптығын бұзбайды [20].

Сонымен қатар, алдағы уақытта онлайн сатып алулардың көбеюі электрондық ақшаға деген сенімділікті қалыптастырып, оның танымалдығын арттырады [21].

Еуропалық Одаққа кіретін елдерде эмитенттің электрондық түрдегі ақшалай міндеттемелері (яғни, олар электрондық тасымалдағышта) пайдаланушының иелігінде электрондық ақша болып саналады.

Бірқатар зерттеушілер пікірінше, электрондық ақшаның басты сипаттамасы [22]:

– ақшалай құн электрондық құрылғыда белгіленеді;

– ақшалай құн кез келген төлем үшін пайдаланылуы мүмкін;

– электрондық ақшаны сатып алу-бұл төлем аяқталған болып есептеледі.

Жоғарыда айтып өткендей, электрондық ақшаны қолма-қол ақшасыз төлем ретінде мәні, құқықтық сипатын ашуды қарастыруда қолма-қол ақшасыз төлеммен арақатынасына байланысты заңды сұрақ туындайды.

Электрондық ақша-бұл интернет немесе электронды құрылғылар арқылы төлемдер мен аударымдар жасау үшін қолданылатын валютаның сандық түрі.

Қолма-қол ақшасыз төлемдер-бұл қолма-қол ақшаны пайдаланбай жасалатын кез келген операциялар. Оларға банктік аударымдар, картамен төлеу, мобильді қосымшалар арқылы төлемдер және электрондық есеп айырысудың басқа түрлері жатады.

Электрондық ақша және қолма-қол ақшасыз төлемдермен басты айырмашылықтары:

1) Технологиялық платформа: электрондық ақшаға көбінесе мамандандырылған платформалар немесе электронды әмияндар кірсе (мысалы, PayPal, Yandex.Ақша, WebMoney); қолма-қол ақшасыз төлемдер әдетте банктік жүйелер мен төлем карталарының инфрақұрылымы (Visa, MasterCard) арқылы жүзеге асырылады;

2) Реттеу және бақылау: электрондық ақша мен олардың операторларының әр түрлі реттелуі және бақылануы мүмкін (электрондық ақшаны реттеу күрделірек және әр елде әр түрлі болады, кейбір елдер заңсыз әрекеттердің алдын

алу үшін қатаң ережелер енгізеді, ал басқалары финтехте инновацияларды ынталандыру үшін либералды тәсілді қолданады), ал қолма-қол ақшасыз аударымдарды реттеу негізінен банктік және қаржылық реттеушілермен жүргізіледі (бұған эмиссияны бақылау, ақшаны жылыстатуға қарсы күрес, салық салу және басқа аспектілер кіреді);

3) Пайдалану және тарату: электрондық ақшаны (мысалы, көп қолданушылар-жастар, ақпарттық-технологияны озық пайдаланушылар) көбінесе интернет-сатып алулар, микро төлемдер, халықаралық аударымдар және басқа операциялар үшін пайдаланылады, мұнда тез және ыңғайлы транзакциялар қажет; ал қолма-қол ақшасыз аударымдар ірі мәмілелер, корпоративтік төлемдер, жалдау ақысы, жалақы және басқа да дәстүрлі банктік операцияларды қоса алғанда, қаржылық операциялардың кең ауқымын қамтиды;

4) Мысалдар мен тенденциялар: электрондық ақша транзакциялар мен инвестициялардың құралы ретінде кеңінен таралып, танылуда; ал қолма-қол ақшасыз төлемдер процестерді жеңілдетуге және қауіпсіздікті жақсартуға, соның ішінде байланыссыз төлемдер мен мобильді банктік қосымшалар сияқты технологияларға қатысты дамиды.

Қытайда Alipay және WeChat Pay сияқты мобильді төлем жүйелерін пайдалану қолма-қол ақшаны пайдаланудан айтарлықтай асып түседі.

Қазақстанда экономиканы цифрландыру жөніндегі мемлекеттік бастамалар қолдайтын электрондық төлемдердің үлесі де өсуде.

Осылайша, электрондық ақша қазіргі экономикада барған сайын маңызды рөл атқарады, дәстүрлі ақшаны толықтырады және кейбір жағдайларда ауыстырады. Алайда, олардың танымалдығы мен транзакция көлемінің өсуіне қарамастан, дәстүрлі ақша әлемдік қаржы жүйесінің негізі болып қала береді.

Электрондық ақша мен қолма-қол ақшасыз төлемдер арасындағы қатынас көбінесе нақты нарыққа және елдегі қаржылық қызметтерді цифрландыру деңгейіне байланысты. Кейбір елдерде электрондық ақша барлық қолма-қол ақшасыз транзакциялардың едәуір бөлігін құрауы мүмкін, ал басқа елдерде дәстүрлі банктік аударымдар мен төлем жүйелері басым.

Келесі назар аударатын жайт, қолма-қол ақшасыз төлем мен электрондық ақша айналымындағы басты назар аудартатыны-ол ақша айналымы нысанындағы айырмашылық, яғни электрондық ақша аты айтып тұрғандай электронды нысанда, арнайы жүйе ішінде айналымда болады және ешқандай банктағы шоттың болуы оның айналымына қатысы жоқ, 26.07.2016 ж. ҚР «Төлемдер және төлем жүйелері» заңнамасында бекітілгендей, электрондық ақша жүйесінде жүйеге басқа да қатысушылар төлем құралы ретінде қабылдайтын, электрондық нысанда сақталатын, эмитенттің шартсыз және кері қайтарып алынбайтын ақшалай міндеттемелері болып табылады [23]. Ал қолма-қол ақшасыз төлем нысаны банк шоттарындағы жазбалар ретінде болады. Демек, осындай ерекшеліктерге көз жүгірте отырып, электрондық ақша толыққанды ақша не шетелдік валюта ретінде қолданылып, олардың барлық функциясын орындайды деп айта алмаймыз, оған өзіндік электронды жүйе ішінде ғана қолданылуын басты фактор ретінде келтіреміз.

Коростелёв М.А. ғылыми зерттеуінде электрондық ақшаның құқықтық

табиғатын жан-жақты зерттей келе, ақша нысандарына қарай әртүрлі құқықтық режимде болатынын жазады [24]. Қолма-қол ақша заттық-құқықтық режимді иеленіп, меншік құқығының обьектісіне айналса, қолма-қол ақшасыз төлем мен электрондық ақша меншік иесі болып табылмайтынын негіздейді. Қолма-қол ақшасыз төлем мен электрондық ақша тұтынушыларының құқықтарын қорғауда заттық-құқықтық тәсіл емес, құқық қорғаудың міндеттемелік-құқықтық тәсілі қолданылатынын тұжырымдайды.

Ақшаның құқықтық табиғатын зерттей келе, Карагусов Ф.С. қолма-қол ақшаны бұл банктік шоттардың барлық түрлері бойынша емес, тек қана көрсетілген ақша клиенттердің ақшасы болып қалатын және банктің салымды төлеумен немесе сыйақыны төлемсіз қайтару міндеттемесіне айналмайтын шоттар бойынша баланстық қалдықтар ретінде тұжырымдайды[25].

Электрондық ақша қаржы құралы ретінде көптеген ғылыми әдебиеттерде алуан пікірлер кездеседі. Сонымен қатар, электрондық ақша өзінде үшінші тұлғалардың алдындағы міндеттемелерін орындау үшін бір тұлғадан екіншісіне ұсынатын ақша құралына негізделген деп пікір білдірген зерттеушілер де бар [26].

Сонымен қатар, өзге де ғалымдар зерттеуінде электрондық ақша тауарлар мен қызметтер үшін алдын-ала төленген қаржы өнімі деп қарастырады [27].

Экономикалық нарықта электрондық ақшаны қолданудың тиімділігі біріншіден, ақшаның бұл түрі қауіпсіз және Интернет арқылы сауда-саттық жасау барысында өте тиімді әрі аз мөлшерде жасалатын транзакциялар үшін ыңғайлы болып есептеледі. Мұнымен қоса электрондық ақшаны қолдана отырып, әлемдік электронды коммерцияда төлем құралдарын қолданудың кеңеюі мен танымал болуымен байланысты тенденцияны түсінеміз. Мысал келтіретін болсақ, электронды әмиянды ашу бірнеше минуттық қана уақытты алып, тек жеке басын куәландыратын құжатты ғана талап етеді. Және де электрондық ақша жүйесінің операторлары терминалдық жүйедегі операторлармен байланыс орнатып, тұтынушыларға автоматты режимде электрондық әмиян ашып, төлемдердің бірден орындалуына жағдай туғызып қойған.

Электрондық ақша – ақшаны беру және сақтау үшін компьютерлік желілер мен сақталған құн жүйелерін пайдаланумен байланысты көптеген мағыналарда қолданылатын даулы және дамып келе жатқан термин. Электрондық ақша деп дәстүрлі валюталарды да, мемлекеттік емес жеке валюталарды да сақтау және беру жүйелері түсініледі-электрондық ақша айналымы мемлекеттік орталық банктермен белгіленген немесе келісілген ережелер бойынша да, мемлекеттік емес төлем жүйелерінің өз ережелері бойынша да жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазақстанның қолданыстағы заңнамасы электронды төлемдер нарығында негізгі қағидаларға сәйкес электрондық ақшамен жүргізілетін жоғары технологиялық төлем құралдарын енгізу және құқықтық-экономикалық реттеуді дамытуға бағытталады.

Ғылыми әдебиеттерде электрондық ақшаның мәнін олардың эмитенті кім екендігіне қарай ажырату ұсынылады. Осыған орай, Ф. С. Карагусовтың және Б. К. Баишеваның пайымдауынша, екінші деңгейдегі банктер мен ұлттық пошта

операторы шығарған электрондық ақшаны нақты ақшаға жатқызбайды, өйткені мұндай электрондық ақша әмбебап төлем құралы болып табылмайды және пайдалану аясы шектеулі ақша суррогаттарына жатады [28].

2000/110/ЕО Еуропалық Парламент және Кеңес директивасы электрондық ақша айналымын халықаралық құқықтық реттеудің алғашқы құжаты болып саналады ол жерде бекітілген электрондық ақша түсінігі ретінде: эмитентке мынадай талаптар қоя отырып: арнайы электрондық құрылғыда сақталатын, эмитенттен өзінің құнына тең ақша құралын алғаннан кейін эмитенттелген, эмитентке қарағанда өзге кәсіпорындарда төлем құралы ретінде қолданылатын ақша құны ретінде тұжырымдалған [29].

Салыстырмалы түрде электрондық ақша айналымының қолданысқа жақында енгеніне қарамастан, экономикалық қызметтің осы саласының белсенді және серпінді дамуы туралы сенімді түрде айтуға болады. Осы зерттеу аясында қарастырылған «электрондық ақша» ұғымы инновациялық технологиялық және цифрлық әзірлемелерге негізделген әртүрлі төлем құралдарына қолданылады. Қазіргі уақытта бұл құбылыстың бірыңғай, іс жүзінде күшейтілген және тұрақты анықтамасының жоқтығын айтуға болады. Жалпы валюта туралы айтатын болсақ, оның бірқатар негізгі белгілері мен міндеттерін бөліп көрсетуге болады. Мәселен, оларға төлемдерді жүзеге асыру қажеттілігі жатады (яғни мемлекет ішінде және халықаралық ауқымды ақша массасының айналымына ықпал ету), құнның танылған баламасы ретінде қызмет ету мен сондай-ақ, белгілі бір экономикалық операцияларда есеп айырысу бірлігі ретінде пайдалану. Электрондық төлем жүйелерінің электрондық ақшаға жататындығын бекітуге мүмкіндік беретін тікелей электрондық ақшаға тән екі негізгі сипаттаманы ажыратуға болады. Атап айтқанда, электрондық төлем жүйелері дәстүрлі валюта құралдарына балама бола отырып, ақша функциясын орындай алады, сонымен қатар электрондық түрде бола отырып, электрондық ақша дәстүрлі банктік шоттар мен бағалы қағаздардан ерекшеленеді.

Шынында да, қазіргі уақытта қарқынды дамып келе жатқан цифрлық технологиялар мен олардың өнімдері аясында мемлекеттің қазіргі заманның осы жаңа сын-тегеуріндеріне әсерінің артта қалуы оған, ең болмағанда, басқа мемлекеттермен және тіпті жекелеген жеке тұлғалармен салыстырғанда оның бәсекеге қабілетсіз күйге түсуі түрінде жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.

2012 жылы «E-kzt» электрондық валютасының бірінші эмитенті болған «Эксимбанк Қазақстан» акционерлік қоғамы Қазақстандағы электрондық валюта эмиссиясының ізашары болып табылады, өз қызметінде бұл банк Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қазақстандық банкаралық есеп айырысу орталығына сүйенеді. Электрондық ақшаны енгізу қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың балама әдістерін дамытуға бағытталған. Электрондық ақша, шын мәнінде, қарапайым ақшаға ұқсас және ол бойынша есеп айырысу қолма-қол ақшасыз түрде жүзеге асырылады. Көбінесе қарапайым адамдар күнделікті өмірде электрондық ақшаны қабылдауда оны қолма-қол ақшасыз төлем ретінде қабылдайды. Егер заңнамалық базаны талдайтын болсақ, электрондық ақшаның көптеген айырмашылықтары бар, олардың ең маңыздылары төменде қарастырылады. Электрондық ақша мен қарапайым ақшаның алғашқы маңызды

айырмашылығы – шығарылым нысаны.

Осылайша, электрондық ақша мен валютаның түбегейлі айырмашылығы өмір сүру түрінде болады. Қолма – қол ақшасыз валютаның нысаны-бұл банктік шоттың түрі, ал оның тұжырымдамасы мен толық жіктелуі Қазақстан заңнамасымен айқындалады. Банктік шоттар электрондық ақшаның нысаны бола алмайды, яғни электрондық ақша эмитентінің электрондық нысанда сақталатын және басқалар электрондық ақшамен төлем құралы ретінде қабылдайтын сөзсіз және қайтарылмайтын ақшалай міндеттемесі. Бұл айырмашылық электрондық ақша мен қарапайым ақша арасындағы елеулі айырмашылыққа байланысты, бұл ақшаларды шығарудың шартына жатады. Мәселен, ҚР Ұлттық банкі туралы заңы банкноттар мен монеталарды шығару, олардың айналымын ұйымдастыру және Қазақстан Республикасында айналыстан алып қоюды тек ҚР Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының төлемдер туралы заңнамасының ережелеріне сәйкес тек Ұлттық Банк, екінші деңгейдегі банктер және ұлттық пошта операторы ғана Қазақстанда электрондық ақша шығара алады.

Демек, электрондық ақша иесі тек электрондық ақша эмитентіне, соның ішінде жоғарыда аталған ақша түрін сатып алуға өтініш жасауға құқылы. Ерекшелігі, егер электрондық ақша жүйесінде эмитенттің функцияларын өзара есеп айырысу туралы келісімдер жасалған бірнеше эмитент банктер орындаса, онда бұл эмитенттер ықтимал тәуекелдер үшін ортақ жауапкершілікке ие болады. Сонымен қатар, бұл жағдайда тиісті электрондық ақша жүйесінің айналымына қатысты ережелер және эмитент пен электрондық ақша иесі арасында қол қойылған келісімдер электрондық ақша жүйесінің кез келген эмитентіне талап қою мүмкіндігін тікелей көздеуге тиіс.

Қорытындылай келе, кешенді теориялық-құқықтық талдауларға сүйене отырып, электрондық ақшаның құқықтық табиғаты жағынан қолма- қол ақшасыз ақшаға ұқсас екендігі дәлелденіп және құн өлшемі, төлем құралы, сақтау құралы және халықаралық есеп айырысуда айналым әдісімен сипатталатынын көрсеттік.

Сондай- ақ, келесідей ерекшеліктерге де тоқталып кеткен жөн:

- электрондық ақша эмитенттері мен иелері арасында жасалатын шарт-банктік шот шарты бар операторларымен ұқсастық бар;
- электрондық ақша аударымдары әрқашан да қайтарымсыз болып табылады, ол электрондық қаржы құралдарын пайдалану кезінде туындап, төлем талабын кері қайтарып алуға мүмкіндік бермейді және осы кезде эмитенттің электрондық ақша иесінің алдындағы ақшалай міндеттемесі орындалады;
- электрондық ақшалар тек электрондық ақша жүйесі ішінде ғана төлем құралы ретінде қолданылады.

1.2 Электрондық ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеудің қалыптасу кезеңдері

Әлем бойынша цифрлық революция қаржылық қызметтерді қолдану мен оған қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, төлемдер жасау сапасын түрлендіру жолдарымен жоғарылататын катализаторға айналды.

Электрондық ақша тарихы – бұл қарапайым электрондық төлемдерден бастап күрделі орталықсыздандырылған жүйелерге дейінгі қаржы технологияларының эволюциялық кезеңдерін қамтиды. Электрондық ақша қаржылық операциялардың қолайлылығын, жылдамдығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, қазіргі заманғы экономикада маңызды рөл атқарады. Технологиялар мен құқықтық реттеудің одан әрі дамуымен осы сектордың одан әрі өсуі мен трансформациялануын күтуге болады.

1990 жылдары электронды есептеу машиналарының есептеу қуаттылығының өсуі байқалды, сонымен қатар компьютерлік технологиялардың жаңа буындары дербес компьютерлерге ақша салуға мүмкіндік берді. Интернет желісінің дамуы сонымен қатар электронды түрде материалдық емес тауарлар мен қызметтермен алмасуға сұраныс тудырды. Бұл үрдіс жаңа төлем құралының, атап айтқанда электрондық ақшаның пайда болуына әкелді.

Әлемдік тәжірибені талдай келе, электрондық ақшаны реттеудің екі негізгі бағытын қарастырамыз: біріншісі-электрондық ақша эмитенттеріне қатысты уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан барынша белсенді, айтарлықтай қатаң талаптар қоятын еуропалық модель болса, екіншісі- онда электрондық ақша нарығын реттеу саласында мемлекет неғұрлым либералды саясат жүргізетін американдық модель.

Қоғамның дамуында баланс болу үшін ақша нысанын өзгертіп отырды. Осыған орай, ақша эволюцисының төрт негізгі түрін бөліп көрсететін болсақ:

1. Біздің дәуірімізге дейінгі 7 ғасырдың ортасында бағалы металдар ретінде ойлап табылған металл ақша әмбебап ақшаға айналды, өйткені ол уақыт өтсе де құнын түсірмеді;

2. 18 ғасырдағы қағаз ақша барлық Еуропа елдерінде қолданыла бастады (Ресейде – 1769 жылдан бастап), 19 ғасырдың аяғында олар бүкіл әлемде үстемдік ете бастады;

3. 20 ғасырдың екінші жартысында валюта эволюциясының жаңа кезеңі басталды – ол қолма-қол ақшасыз айналымға көшу. Алдымен чек салымдары, содан кейін несие картасы пайда болды. Сонымен, қазіргі заманғы валютаның басым көпшілігінде материалдық форма жоқ – металл да, қағаз да жоқ;

4. Ғылыми техникалық революция дәуірінің қазіргі валютасы-банктік компьютердің жадына жазылған клиенттік шоттардың жазбалары түрінде болатын «электрондық ақша» шықты.

Осылайша, бүгінгі таңда ең жылдам дамып келе жатқан ақша нысандарының бірі электрондық ақша деп аталады. Олардың пайда болуы мен іске асырылуы – дамыған елдерде ақша айналымын әмбебап орталықтандыру жағдайында төлем және есеп айырысу технологиялары саласындағы инновацияларды белсенді енгізу, қолайлы орта құру. Сондай-ақ, криптовалюта заң тұрғысынан қолма-қол емес валюта, электронды немесе цифрлық ақша емес, бірақ пайдалану нысандары, әрине, ұқсас. [30].

Әлемде электрондық төлемдерді пайдалануға негізделген көптеген төлем жүйелері бар. «Электрондық ақша» термині салыстырмалы түрде жаңа және әдетте инновациялық технологиялық шешімдерге негізделген әртүрлі төлем құралдарына қолданылады. Мұның салдары-олардың экономикалық және

құқықтық мәнін нақты анықтайтын электронды ақшаның әлемде жалпыға бірдей танылған анықтамасының болмауы.

Шет елдерде «электрондық ақша» – бұл чип картасы немесе дербес компьютердің қатты дискісі сияқты құрылғыға электронды түрде орналастырылған құн [31].

Сондай-ақ, 1996 жылы тамызда Төлемдер мен есеп айырысулар бойынша комитет және компьютерлік сарапшылар тобы G-10 бірге «Электрондық ақшаның қауіпсіздігі» атты электрондық ақша өнімдерін қорғау үшін қабылданған қауіпсіздік шаралары туралы баяндама жасады [32].

Осы жұмыс негізінде Халықаралық есеп айырысу Банкі 1996 жылы қазан айында «Электрондық ақша дамуының орталық банктер үшін салдары» құжат жариялап, онда электрондық ақша өнімдерінің шығарумен және қолданумен байланысты негізгі мәселелерді қамтыған. Халықаралық есеп айырысу Банкі электрондық ақшалардың үлкен әлеуеті есеп айырысуда сатушы мен сатып алушы арасындағы есеп айырысулардың оларды қолдануымен жеңілдетіліп және арзандағанын атап өтті.

Осыған орай, орталық банктерді басқарушыларды екі түрлі қызығушылық пайда болады:

- Электрондық ақша технологияларынң қауіпсіздік шаралары туралы нарық тұтынушылары мен өнімдерді тасымалдаушыларды ақпараттандыруды күшейту;
- Орталық банктер үшін маңызды мәнге ие электрондық ақшалармен байланысты мәселелерге қоғамның назарын аудару.

Халықараллық есеп айырысу Банкі- акционерлік типтегі банктік қадағалау және төлемдік инфраструктура саласында халықаралық стандарттарды әзірлейтін және ұсынатын, ұлттық орталық банктерге олардың қызмет аясы бойынша талдаулық және сарапшылық қолдау көрсететін халықаралық қаржы ұйымы болып табылады. 1930 жылы алты елдің (Ұлыбритания, Италия, Франция мен Жапония және Германия, Бельгия) өзара келісімдері мен Швейцариямен жасалған конвенция негізінде құрылған.

Интернеттің дамуы 1990 жылдан бастап халықаралық электрондық сауданың өсуіне әкеле отырып, халықаралық төлемдердің жылдам әрі сенімді жүргізілуіне тікелей әсер етті. Электрондық сауда бойынша бизнес-моделдердің өзгеруі төлемдерді жүзеге асыруда жаңа тәсілдерді енгізуді талап етті.

Соңғы жиырма жылда әлем бойынша электрондық ақша кеңінен қолданыла бастады.

Сонымен бірге, «электрондық ақша» тұтынушының иелігіндегі электрондық құрылғыдағы электрондық нысанда сақталатын, валюта бірліктерімен өлшенетін ақшалай құн ретінде түсіндіріледі. Бұл электрондық құнды тұтынушы сатып ала алады және құрылғыда сақталады, бұл ретте тұтынушы осы құрылғыны сатып алу мақсатында пайдаланған сайын азаяды.

Кейінірек, 2000 жылдың қыркүйегінде Еуропалық Одақтың 2000/46/ЕС «Электрондық ақша қызметі және осы қызметпен айналысатын институттарды пруденциалды қадағалау туралы» директивасы қабылданды [33], онда электрондық ақшаның нақтыланған анықтамасы берілген: эмитентке қойылатын

талап болып табылатын ақшалай құн:

1) электрондық құрылғыда сақталады;

2) эмиссияланатын ақшалай құннан кем емес мөлшерде қаражат алғаннан кейін эмиссияланады;

3) төлем құралы ретінде эмитент қана емес, басқа фирмалар да қабылдайды.

Бұл директиваның нормалары электрондық ақшаны тек Еуропалық Одақ елдерінде ғана емес, сонымен қатар ТМД-ның – Беларусь, Украина, Армения және Қырғызстан сияқты елдерінде де құқықтық реттеуге негіз болды.

2007 жылғы Еуропалық парламент және Кеңестің 2007/64/ЕС Директива құжаты бойынша қатысушы мемлекеттер келесідей төлем қызметтерінің провайдерлерін бір-бірінен ажырата білу үшін келесідей бөліп көрсетеді:

- кредиттік ұйымдар;
- электрондық ақша саласындағы мекемелер;
- төлем қызметтерін көрсететін пошталық мекемелер;
- төлем мекемелері;
- Еуропалық орталық банк және ұлттық орталық банктер (ақшалай немесе биліктің басқа органдары ретінде қатыспаған жағдайларда);
- қатысушы мемлекеттер немесе олардың аймақтық не жергілікті билігі (билік органдары ретінде қатыспаған жағдайларда).

2009 жылғы Директива бойынша бекітілген ұғымдарды қарастырып өтсек:

- электрондық ақша ұйымы болып электрондық ақшаларды шығаруға рұқсаты бар заңды тұлғалар табылады;

- электрондық ақша – жеке және заңды тұлғалармен қабылданатын төлем операцияларын жүзеге асыру мақсатында құралдарды алу үшін эмитентпен ұсынылған талап ретіндегі электрондық, магниттік сақталған ақша құны;

- электрондық ақша эмитенті-кредиттік ұйымдар, электрондық ақша эмитенттеуші ұйымдар, пошталық ұйымдар мен Еуропалық орталық банктер мен ұлттық орталық банктер және қатысушы мемлекеттер мен олардың жергілікті не аймақтық билік органдары және заңды тұлғалар.

Электрондық құрылғылардың екі түрі бар: алдын ала төленген карталар және алдын ала төленген бағдарламалық өнімдер. Алдын ала төленген картада картаға салынған микропроцессорда сақталатын электрондық шығындар бар және құны әдетте карта арнайы оқырманға салынған кезде беріледі. Бағдарламалық өнімдерге келетін болсақ, бұл жағдайда электрондық құн дербес компьютердің қатты дискісінде сақталады және интернет желісіне ұқсас телекоммуникациялық желі арқылы беріледі [34].

1998 жылы тамызда Еуропалық орталық банк жариялаған «Электрондық ақша туралы» есеп «электрондық ақшаға» анықтама береді: «электрондық ақша» кең мағынада ақшалай құнды тек эмитенттің ғана емес, басқа фирмалардың да пайдасына төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен қолданыла алатын және транзакцияларды жүргізу үшін банктік шоттарды міндетті түрде пайдалануды талап етпейтін, бірақ тасымалдаушыға алдын ала төленген құрал ретінде әрекет ететін техникалық құрылғыда электронды сақтау ретінде тұжырымдайды [35].

Интернеттегі электрондық төлем жүйелері желінің көптеген

пайдаланушылары (клиенттер, дүкендер, ақпараттық кеңселер және т.б.) арасында жылдам және қауіпсіз төлемдерді жүзеге асыру үшін пайдаланылады және нарықтың жаңа сегментін – Интернет арқылы төлем жүйелерінің нарығын құрайды.

Электрондық ақшаның пайда болуы туралы да көптеген әдебиеттерде экономист ғалымдардың әр түрлі тұжырымдарын қарастырып өттік. Соның ішінде, электронды ақшаның пайда болуын 1918 жылы АҚШ-тың Федералды Резервтік Банкінің телеграф арқылы алғашқы ақша аударымын жүзеге асыруынан басталады деп пікір білдірген ғалымдар да болды [36]. Алайда, соңғы уақытқа дейін өзара есеп айырысудың бұл әдісі аса танымал болмағандықтан, 1972 жылы АҚШ-тың Федералды Резервтік банкі АҚШ Ұлттық Банкі мен коммерциялық банктерді төлем чектеріне қызмет көрсетудің электрондық баламасымен қамтамасыз ету үшін автоматты есеп айырысу палатасын ұйымдастырады, сол уақытта осыған ұқсас жүйе Еуропада да пайда болды. Содан бастап, электрондық ақшаны қолдану процесі қарқын ала бастады.

Электрондық ақшаның тарихы XX ғасырдың ортасынан бастау алады. Десе де, сол уақыттың өзінде электрондық ақша үнемі жаңа түр мен нысанда пайда болып, дамып отырды. Төлем құралы ретінде электрондық ақша тарихын келесідей кезеңдерге бөлуді ұсынған зерттеушілер:

– бірінші кезеңде, XX ғасырдың 60-жылдар мен 80-жылдары, қолма-қолсыз ақша электрондық ақша банктердің компьютерлік жады шоттарында сақталатын жазба түрінде болды. Осы уақытта магниттік және дебеттік карталар айналымында электрондық ақшаны енгізу басталып, электронды төлем жүйелері көптеп қолданыла бастады. Қағаз құжаттарындағы банктік шоттардың жазбалары электронды тасымалдаушыларға ауыстырылуымен ерекшеленді. Осы кезеңде дамыған елдерде ұзақ уақыт «электрондық ақша» термині төлем жүйесіндегі түрлі технологиялық өзгерістерді алмастырушы ретінде қолданылған. Бұл өзгерістер төлемдерді басқару жүйесін жіктеп, есептік және несие тәуекелдерін төмендетуге әкеліп, жаңа қаржылық тауарлардың пайда болуына жағдай туғызып, оларға деген қолжетімділік құралдарын түрлендіруге әкелді;

– екінші кезеңде, XX ғасырдың 90-жылдары мен 2000 жылдар, смарт-карталар айналымының енгізілуімен ерекшеленеді, электрондық ақша тарихында алғашқы сандық ақша мен электрондық әмияндарды тарату болды. Техникалық тұрғыдан олар арнайы құрылғыларда электронды импульстар түрінде ұсынылды. Алдыңғы кезеңдердегі электрондық ақшадан айырмашылығы, жаңа түрі банкноттардың аналогы болды және электронды айналым құралы қызметін орындауға мүмкіндік алды.

1993 жылы Калифорния университетінің докторы Дэвид Чаум электрондық ақша идеологиясын жүзеге асырудың «eCash» деп аталатын жаңа технологиясын ұсынды [37].

1994 жылы кейіннен электрондық «қолма-қол ақшаның әкесі» деп атанған Дэвид Чаум негізін қалаған DigiCash компаниясы, ECASH халықаралық төлем жүйесінің алғашқы электрондық ақшаларын шығара бастады. 1994 жылы АҚШ ECASH технологиясын қолдана отырып, Интернет арқылы алғашқы сатып

алуды жүзеге асырды.

– үшінші кезеңінде, 2000 жылдан бастап- қазірге дейін, электронды ақша дамуы кең өріс алып, жаңадан түрлері көптеп дамып, оның ішінде «желілік ақша» деген нақты «онлайн» уақыт режимінде компьютер желілерінде төлемдер жүзеге асыратын жаңа электрондық ақша түрі де пайда болды. Сондай-ақ, электрондық ақшаның қызмет көлемінің ауқымдылығы болжамды түрде: ақша тек құн өлшемі мен айналым құралы ғана емес, сонымен қатар «әлемдік ақша» деген ұғымды білдіретін төлем және жинақтау құралы болып саналды [38].

Жоғарыда аталғандай тарихи кезеңдерді бастан кешірген электрондық ақшаның қазіргі уақытта қарқынды дамып, электронды төлемдер жүйесінде жедел жүзеге асырылатын төлем құралы ретінде қолданысқа еніп, әрі қарай ақпараттық-технологиялардың дамуымен бірге ілесіп келеді.

Ең алғаш Ресейде XX ғасырдың 70-жылдары «электрондық ақша» терминін қолданған В.М. Усоскин болды және ол өзінің «Ақша теориясы» еңбегінде электрондық ақшаға «қашықтан байланыс арналары арқылы берілетін банк компьютерлерінің жадындағы жазбалар» ретінде анықтама береді [39].

Өзге авторлар тобы «электрондық ақша» түсінігін пластикалық карталармен байланыстырып, ең алғаш кейбір компаниялардың карточкаларының айналымы электронды негізде ауысқан уақытта 70-ші жылдары электрондық ақшалардың пайда болғанын жазады [40].

Ресейде электрондық ақша құралдарын кешенді реттеу ЕО 2000 жылдары электрондық ақша эмиссиясын реттейтін ең алғашқы директива қабылдануымен салыстырмалы алғанда жақында басталған. Электрондық ақша құралдарын қолданумен байланысты нормативтік база 2011 жылы «Ұлттық төлем жүйесі туралы» Федералдық заң қабылдануымен қалыптасты. Аталған нормативтік құжатта электрондық ақшаны жеке тұлғалар мен компаниялар және заңды тұлға арасында есеп айырысуда қолданудың құқықтық негіздерін бекітті. Осы құжат бойынша электрондық ақшалар дербестелген және жекешелендірілмеген болып, олардың анонимділігіне байланысты қолданудың талаптарын қарастырды. Жекешелендірілмеген электрондық ақша мүмкін болатын тәуекелдер, мысалы, қылмыстық жолмен түскен ақшаны заңдастыру мен терроризмді қаржыландыруға байланысты мәселелер туындайды.

Электрондық ақшалар халықаралық төлемдер жүргізуде сондай тиімді әрі ыңғайлы бола тұра, оны дұрыс мақсатта пайдаланбау қосымша тәуекелдерді туындаттырып, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға әкелуі мүмкін. Мұндай тәуекелдердің алдын алу мен барынша азайту үшін әртүрлі елдер оған қатысты нормаларды заңнамаларға енгізуді қарастыруда. Сәйкесінше ережелер Эстония, Астралия, Жапония мен Ұлыбритания елдерінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы күрес туралы заңдарда көрініс тапты.

Енді, отандық заңнаманың электронды ақшаны қаржылық-құқықтық реттеуінің жай-күйіне тоқталайық. Электрондық ақша елімізде нарыққа ірі төлем жүйелерінің ресми шығуын жеңілдетіп қана қоймай, қазақстандық электрондық төлемдердің жергілікті жүйелерін құруға да мүмкіндік береді. Ал бұл дегеніміз, электрондық ақшаны қолданысқа енгізу елде интернет-коммерцияны одан әрі

танымал етуге және дамытуға, экономиканың барлық субъектілерінің мүдделері үшін Қазақстанда онлайн және қашықтықтан көрсетілетін қызметтердің жаңа түрлерін одан әрі дамытуға ықпал ететін болады, сондай-ақ халық үшін де қаржылық қызмет көрсетудің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Елімізде электрондық ақшаны реттейтін заң қабылдау отандық экономиканың ішкі қажеттіліктеріне бағдарланған отандық электрондық ақша жүйелерін құруды ынталандырады және олардың елдегі айналымына мемлекеттік бақылау орнатады. Заңды қабылдау мақсаты Қазақстан аумағында электрондық ақшаны сауда мәмілелері бойынша ақы төлеудің жаңа құралы ретінде, оның ішінде Интернет-ортада сауда жасау үшін пайдалану үшін құқықтық жағдайлар жасау болып табылады.

Электрондық ақша арқылы төлемдерді жүзеге асырудың алғашқы жүйелері Ресейде 1997-1998 жылдары пайда болды. «Электрондық ақшаны» пайдалануға байланысты мәселелерге заң ғылымы зерттеуге көп көңіл бөлген жоқ. Ал, электрондық ақша нарығының айналымы артқан сайын, соңғы уақытта электрондық ақша айналымын құқықтық реттеу қажеттілігін түсінген ғалымдарда, мемлекеттік органдарда қызығушылық таныта бастады [9].

Электрондық ақша біздің өмірімізге күнделікті қолданысқа енуде. Бүгінгі таңда кейбір дүкендерде қажетті өнімді виртуалды әмиян көмегімен ғана сатып алуға болады.

Электрондық әмиян жеке тұлғалар мен мекемелердің электрондық төлемдер жасауы үшін қолданылатын онлайн-қызмет немесе электрондық құрылғы болып табылатын бағдарламалық қамтамасыз ету болып табылады.

Электрондық әмияннның пайда болуы 1990 жылдары интернеттің және электрондық сауданың дамуымен байланысты туындады.

Ең алғашқы электрондық әмияндар жұмыс үстелінде пайдаланылатын веб-шешімдер ретінде қалыптасып, электрондық сатып алулар мен ақша аударымдарының тиімді үйлестірушісі болды.

Электрондық әмияндардың жүзеге асуының түрлерін арнайы жүйелер арқылы қоғамдық көліктерде, байланыс қызметтеріне төлем жасауда, лифтпен жүру үшін де қолдануға боалтын жағдайлар кезедеседі. Электрондық әмияндардың кішігірім төлемдер жасауға бағытталған әмбебап жүйелері мен мысалдарын кесте 1 көруге болады:

Кесте 1. Шетелдерде көп таралған электрондық әмиян түрлері

Электрондық әмиян	Қолданылатын елі	Қолдану мақсаты
1	2	3
Тройка, Стрелка, Ситикард, Подорожник	Ресей	Қоғамдық көліктерде: автобус, метро, трамвай және т.б. жол ақысын төлеу үшін
Umai	Қырғыстан	Интернетте қызметтерге ақы төлеу, коммуналдық төлемдер, телефон байланысын төлеу

1 Кестенің жалғасы		
1	2	3
Buypass	Норвегия	Интернет арқылы төлемдер жасау, сауда автоматтары мен POS терминалдарда, мобильдік телефондарға төлем жасау *электрондық ID жеке басын куәландыратын құжаты болуы тиіс.
Geldkarte	Германия	Көлік тұрағы, айыппұлдар, азық- түлік және т.б. төлемдер жасау
Suica	Жапония	Қоғамдық көліктерге жол ақысын төлеу
Istanbulkart	Түркия	Қоғамдық көліктерге жол ақысын төлеу
ID-карта	Эстония	Төлқұжат пен сақтандыру куәлігін және көлікке жол ақысын төлеуді біріктірген
Octopus	Гонконг	Қоғамдық көліктерге жол жүру ақысын төлеу, кішігірім дүкендер мен супермаркеттерде тауар сатып алуға және сауда автоматтарында қолдануға арналған
Ескертпе: кесте автормен құрастырылған		

Электрондық әмияндар бойынша өте жиі кездесетін түрлеріне тоқталып кетсек:

-жабық әмиян (тауар сатушы ұйымдар тұтынушылар үшін жабық электрондық әмиян қолдануы мүмкін, ал оны пайдаланушылар электрондық әмиян эмитенттері операциялар жүргізу үшін сақтаған қаражатты ғана қолданып, тауардан бас тарту, қайтарудан түскен қаражат тек осы эминда ғана сақталады);

-жартылай жабық әмиян (бұл әмиянды пацдаланушылар сол электрондық әмиян тізімінде ғана бар арнайы сатушылармен жұмыс жасап, шектеулі жүйе ішінде транзакциялар жасалады және тізімдегі сатушылар эмитенттермен арнайы келісідер жасауы тиіс);

-ашық әмиян (электрондық ашық әмиянды банктермен ынтымақтастық байланыстағы банк және институттар шығарады, қолданушылар барлық транзакцияларға қолжетімді бола отырып, банк және банкоматтардан қаржы шығарып алу мен аударымдар жасау мүмкіндігіне ие).

Сонай-ақ, цифрлық технологиялардың кең дамуы барысында Apple Pay(2014 жылы АҚШ пайда болды), Google Pay (2011 жылы АҚШ пайда болды) сынды цифрлық әмияндар да қолданыста кеңінен танылуда.

Алғашқы электронды ақша XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында пайда болды. 1993 жылы «Digi-Cash» цифрлық ақшасы алғаш рет айналымға енгізілді. Олар смарт-карта технологиясына негізделген – компьютерлік чипі бар пластикалық карталар, онда шоттағы ақша мөлшері туралы ақпарат жазылған. Бірақ содан кейін ақшаны «электронизациялау» жалғасты. 1998 жылы АҚШ-тағы бағдарламашылар компьютер пайдаланушыларына бір-біріне электрондық пошта арқылы ақша жіберуге

мүмкіндік беретін алғашқы PayPal жүйесін құрды[41].

Ал Еуропада дәл осы уақытта ұялы телефондар арқылы транзакциялар жасауға мүмкіндік беретін PhonePaid жүйесі жасалды. Бірақ бұл әлі де гибридті электрондық төлем жүйелері болды, олар үшін нақты пластикалық карталардың нөмірлері мен деректері қажет болды. Содан кейін көптеген «интернет-ақша» жүйелері құрылды, олардың өздерінің Интернет-әмияндары және нақты ақшаны «интернет-ақшаға» аударудың және керісінше «Интернет-ақшаны» нақты өмірге шығарудың бірқатар тәсілдері болды.

Электрондық ақша мен дәстүрлі ақша айналымының сипаты екі түрлі болғандықтан олардың басты айырмашылығы жан-жақтылығы мен айналыс мүмкіндіктері де ерекшеленеді[42].

Сандық ақшаның қағаз ақшаға қарсы соңғы жеңісі- 1995 жылы АҚШ-тағы барлық банктік төлемдердің 90 %-ы электронды түрде жүргізілді. National Automated Clearing House Association 3 трлн. транзакциялар электронды түрде жасалды, 1 трлн. – чектермен және тек 0.2 трлн – қолма-қол ақшамен жүргізілді [43].

Сонымен, электрондық ақшаның қаржылық-құқықтық даму этаптарында әртүрлі негіздерде көрініс алды. Оған электрондық эмияндардың қолданысқа енгізілуі мен цифрлық өнімдердің кең таралуына байланысты және интернет сауданың кең таралуыменде сипатталды. Осы орайда, алғашқы электрондық ақшаларды шетелдерде құқықтық реттеуіне қарай жалпы қолданыста қабылдауы да әр түрлі деңгейде көрініс тапты.

Жоғарыдағы зерттеулерді талдай келе, электрондық ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеудің қалыптасу кезеңдері электрондық ақшаның даму тарихы цифрлық төлемдердің бастапқы нысандарынан бастап қазіргі заманғы криптовалюталарға дейінгі кезеңдерді келесідей бөліп көрсетуді ұсынамыз:

1. *Электрондық төлемдердің бастапқы нысандары (1960-1980 жылдар):*

– 1960-жылдар: Бірінші банк карталарының пайда болуы. Американдық банк (Bank of America) кейіннен Visa деп өзгертілген BankAmericard бірінші жалпыға қолжетімді кредиттік картасын шығарды;

– 1970-жылдар: Қаражатты электрондық аудару жүйелерінің пайда болуы. Банктер шоттар арасында қаражатты аудару үшін компьютерлік жүйелерді пайдалана бастады;

– 1980-жылдар: Клиенттерге банк бөлімшелерінен тыс транзакцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін банкоматтарды және электрондық банктік қызмет көрсету жүйелерін (E-banking) тарату.

2. *Алғашқы электрондық ақшаның пайда болуы (1990-жылдар):*

– 1990-шы жылдар: Интернеттің қалыптасуы электрондық төлемдерді дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашты;

– 1994 жылы DigiCash компаниясы алғашқы eCash электрондық валютасын әзірледі. ЕО электронды ақшаны қамтитын депозиттерді қорғау схемаларына қатысты 94/19/ЕС директивасы арқылы алғаш рет электрондық ақшаны реттеуді енгізді;

– 1998 жыл: Ақша аудару және онлайн-төлемдер бойынша қызметтерді

ұсынатын алғашқы табысты онлайн-төлем жүйелерінің бірі болып табылатын PayPal пайда болуы.

3. *Электрондық ақша мен цифрлық әмияндарды тарату (2000 жылдар):*

– 2000 жыл: ЕО электрондық ақша институттарына қол жеткізу және оларды қадағалау туралы 2000/46/ЕС директивасын қабылдайды. Бұл құжат электрондық ақшаны электрондық құрылғыда сақталатын ақша құны ретінде анықтайды және электрондық ақша эмитенттерінің қызметін реттейді;

– 2002 жыл: Америка Құрама Штаттарында электрондық валюталармен транзакциялар жүргізу ережелерін енгізетін және оларды мемлекеттік органдардың бақылауына қоятын Активтер мен цифрлық валютаны бақылау актісі (E-Gold Act) қабылданды;

– 2000-2004 жылдар: PayPal, WebMoney және Qiwi сияқты электрондық төлем жүйелерін және цифрлық әмияндарды белсенді дамыту. Электрондық ақша онлайн-сатып алулар мен ақша аударымдары үшін кеңінен пайдаланыла бастады;

– 2009 жыл: Блокчейн технологиясына негізделген бірінші орталықсыздандырылған криптовалюталар Bitcoin пайда болуы. Биткойн орталықсыздандырылған қаржы жүйелерін құруға мүмкіндік бере отырып, цифрлық ақшаны дамытуда жаңа дәуір ашады. Bitcoin және басқа криптовалюталардың пайда болуы қолданыстағы ережелерді қайта қарауды талап етеді. Елдер цифрлық валюталарды реттеудің жаңа тәсілдерін әзірлей бастады. Еуропалық Орталық банк жаңа реттеу шараларын әзірлеу қажеттілігін көрсететін виртуалды валюталар туралы есеп жариялай отырып, 2000/46/ЕС директивасын алмастыратын 2009/110/ЕС директивасын қабылдау арқылы электрондық ақшаны реттеуді жаңартады. Бұл директива электрондық ақшаны реттеуді жақсартады және қауіпсіздік пен деректерді қорғаудың жаңа талаптарын енгізеді.

4. *Криптовалюта және блокчейн-технологиялар дәуірі (2010 жылдар):*

– 2010-шы жылдар: Криптовалюталарды белсенді дамыту және тарату. Ethereum, Ripple, Litecoin және басқалары сияқты мыңдаған жаңа криптовалюта (альткоиндер) пайда болды;

– 2011 жыл: ЕО электрондық төлем қызметтерінің жаңа ережелерін енгізетін және қауіпсіздік талаптарын күшейтетін Төлем қызметтері жөніндегі директиваны жаңартуы;

– 2013 жыл: Америка Құрама Штаттарының қаржылық қылмыстар желісі ақшаны жылыстатуға қарсы және терроризмді қаржыландыруға қарсы ережелерді виртуалды валюта әкімшілері мен алмастырушыларына қолдану бойынша нұсқаулықты жариялауы;

– 2015 жыл: Ethereum іске қосу, орталықсыздандырылған қосымшаларды және смарт-келісімшарттарды жасауға арналған платформа. Ethereum блокчейн-технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін кеңейтетін «ақылды келісімшарттар» тұжырымдамасын енгізді. Нью-Йорк қаржылық қызметтер департаменті виртуалды валюталарға қатысты қызметпен айналысатын компанияларға арналған лицензия BitLicense-ті енгізді. BitLicense

криптовалюталармен жұмыс істеу стандарттарын, соның ішінде есеп беру талаптарына сәйкестігін белгілейді;

– 2017 жыл: Initial Coin Offerings бум, стартаптар өз токендерін шығару арқылы қаржыландыруды тарта бастады. Бұл криптовалюталарға деген қызығушылықтың едәуір артуына алып келді.

5. *Қазіргі заманғы үрдістер мен перспективалар (2020 жылдар):*

– 2020-жылдар: Блокчейн-технологиялар мен криптовалюталарды дәстүрлі қаржы жүйелеріне интеграциялау жалғасуда. Көптеген елдердің орталық банктері өздерінің цифрлық валюталарын зерттеп, әзірлей бастады. Көптеген криптовалюталар мен блокчейн технологияларының пайда болуы мамандандырылған нормативтік актілерді жасауды талап етті [44]. Алдыңғы қатарлы елдер криптографиялық активтерді реттеу үшін өздерінің стратегиялары мен заңнамаларын жасап бастады. Қазақстанда ұлттық цифрлық теңгені тәжірибеге енгізу туралы пилоттық жоба басталды;

– 2021 жыл: Қытай цифрлық юаньның пилоттық жобаларын іске қосты, ал Еуропалық орталық банк цифрлық еуроны құру жөніндегі жоспарларын жариялады. Еуропалық комиссия ЕО-да криптовалюталар мен крипто-активтер үшін үйлестірілген реттеуді құруға бағытталған крипто-активтер нарығын реттеуді енгізді;

– 2022 жыл: АҚШ президенті крипто нарығындағы пайдаланушылардың қауіпсіздігін, ашықтығын және қорғауын қамтамасыз ететін цифрлық активтерді реттеудің ұлттық стратегиясын әзірлеу туралы жарлыққа қол қойды. Құжат тәуекелдерді шешуге және цифрлық активтер мен олардың негізін құрайтын технологиялардың әлеуетті артықшылықтарын пайдалануға арналған тұтас мемлекеттік көзқарасты сипаттайды;

– 2023 жыл: Криптовалюталар мен цифрлық активтерді реттеудің күшеюі. DeFi технологияларын дамыту (орталықсыздандырылған қаржы) және fungible tokens технологияларын әзірлеу қолға алынды. Еуропалық Одақ орталық банктік цифрлық валютаның құқықтық және технологиялық негіздерін талқылаудан бастап, цифрлық еуроны енгізу бойынша шешімдер қабылдады.

G20 және ХВҚ сияқты халықаралық ұйымдар тәуекелдерді барынша азайту және қаржы жүйелерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін цифрлық валюталар мен электрондық ақшаларды реттеу бойынша халықаралық күш-жігерді үйлестіру бойынша белсенді жұмыс істеуде.

Электрондық ақшаны құқықтық реттеу технологиялық инновациялармен және экономикалық өзгерістермен қатар дамып келеді. Мұндай нормативтік актілердің негізгі мақсаты қаржылық жүйелердің қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ету, пайдаланушылардың құқықтарын қорғау және заңсыз операцияларды болдырмау болып табылады. Цифрлық технологиялардың дамуымен және жаңа қаржы құралдарының пайда болуымен құқықтық база жаңа міндеттер мен мүмкіндіктерге бейімделе отырып, дами береді.

Электрондық ақшаны құқықтық реттеу электронды төлемдердің негізгі аспектілерін қамтитын алғашқы нормативтік актілерден криптовалюталар мен блокчейн технологияларын қамтитын күрделі және жан-жақты реттеулерге дейін

ұзақ жолды өтті. Бұл процесс пайдаланушылардың қауіпсіздігін, қауіпсіздігін және қаржылық жүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған қаржы секторындағы жаңа сын-қатерлер мен инновацияларға жауап ретінде дамуын жалғастыруда.

Атап айтқанда, электрондық төлем жүйелері дәстүрлі валюталық құралдарға балама ретінде қызмет ететін ақша функциясын орындауға қабілетті, сонымен қатар электронды түрде бар электрондық ақша дәстүрлі банктік шоттар мен бағалы қағаздардан ерекшеленеді [45].

1.3 Электрондық ақша қаржылық-құқықтық қатынастардың обьектісі ретінде

Электрондық ақша қаржылық-құқықтық қатынастардың обьектісі ретінде қарастыру бұл бір жаңа институт ретінде бөліп шығарудың бастамасы болады.

Электрондық ақша белгілері ҚР Төлем туралы заңнамасында бекітілгендей, оның құқықтық анықтамасынан шығады [23].

1-белгісі, электрондық ақша эмитенттеледі, яғни электрондық ақшаны шығаруға және өтеуге құқығы бар көрсетілетін төлем қызметтерін берушімен шығарылады және өтеледі;

2-белгісі, электрондық ақша иесінен электрондық ақша операторына өтеді, содан кейін ғана арнайы электрондық ақша эмиссиясы түседі;

3- белгісі, электрондық әмиянда сақталады;

4- белгісі, арнайы электрондық ақша жүйесі ішінде төлем құралы ретінде қолданылады.

Электрондық ақшалар екі түрге бөлінеді: анонимді және сәйкестендірілген электрондық ақшалар.

Анонимді жүйені пайдаланған кезде электрондық ақшамен операциялар пайдаланушы сәйкестендірусіз жүзеге асырылады. Бұл ұсақ төлемдер жасағанда ыңғайлы, мысалы, қоғамдық көліктерде, кафелерде, дүкендерде және т.б. Қазақстанда электрондық ақшаны анонимді пайдалануға қойылатын шектеулер бар.

Жекеленген жүйелер пайдаланушының электрондық ақшамен сәйкестендіруін талап етеді, онсыз операция орындау мүмкін емес [22].

Қазақстанда электрондық ақшаны қолдану арқылы жасалатын операцияларды сәйкестендіруге байланысты арнайы заңнамамен бекітілген шектер бар, олар туралы кесте 2. көрсетілген ақпараттан көруге болады.

Кесте 2. Электрондық ақша иелерін сәйкестендірудің деңгейлеріне орай жүргізілетін операциялардың заңды шектері туралы деректер.

Операция түрі	**Анонимді иелері жеке тұлға**	**Жеңілдетілген сәйкестеніру иелері – жеке тұлға**	**Сәйкестендірілген иелері – жеке тұлға**	**Сәйкестендірілген иелері – заңды тұлға және ЖК**
1	2	3	4	5
Электрондық ақшаны	50 АЕК	шектеусіз	шектеусіз	шектеусіз

иеленудің ең жоғары сомасы				
Бір операцияның ең жоғары шектік сомасы	50 АЕК	100 АЕК	шектеусіз	1000 АЕК
Жұмыс күні ішінде электрондық әмиянмен жасалатын операциялардың ең жоғары сомасы (жалпы сомасы)	100 АЕК	300 АЕК *	шектеусіз	шектеусіз
Электрондық құрылғыда сақтаудың ең жоғары шектік сомасы	100 АЕК	300 АЕК	шектеусіз	шектеусіз
Электрондық ақшаны өтеу	Тыйым салынған	Рұқсат етіледі	Рұқсат етіледі	Рұқсат етіледі
*электрондық әмиянға сәйкестендірілген немесе иелерінің жеңілдетілген сәйкестендірілуі				
Ескертпе: Ақпарат https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33283762&pos=111;-26#pos=111;-26 сайтынан алынды				

Электрондық ақша жүйесі: электрондық ақша жүйесі қатысушыларының өзара іс-қимыл жасауы арқылы электрондық ақшаны пайдалана отырып, төлемдерді және өзге де операцияларды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттаманың және ұйымдастыру-техникалық іс-шаралардың жиынтығы болып табылады.

Электрондық ақша жүйелері бір эмитенті бар және көп эмитенті бар болып бөлінеді.

Электрондық ақша шығаруға құқылы эмитенттері [46]:

– ҚР Ұлттық Банкі;
– Екінші деңгейдегі банктер;
– Ұлттық почта операторы.

Электрондық ақша иелері болып:

– жеке тұлғалалар;
– агенттер;
– дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар танылады.

Электрондық ақша иелерінің құқықтары электрондық ақшаны алған кезден бастап туындайды.

Эмитент электрондық ақша иесінің электрондық әмиянын [47]:

1) электрондық ақша иесінен хабарлама алған, оның ішінде электрондық әмиянды жоғалтқан, ұрлатқан немесе рұқсатсыз пайдаланған;

2) электрондық ақша иесі эмитент пен электрондық ақша иесі арасында жасалған шартта көзделген міндеттемелерін орындамаған;

3) операциялар электрондық ақшаны пайдаланудың белгіленген талаптары мен шарттары бұзыла отырып жасалған;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негіздемелер бойынша электрондық ақша иесінің электрондық ақшасына тыйым салынған;

5) эмитент пен электрондық ақша иесі арасында жасалған шартта көзделген

өзге де негіздемелер бойынша оқшаулайды.

Электрондық ақша иесінің электрондық әмиянын оқшаулау талаптары мен мерзімдері эмитент пен электрондық ақша иесі арасында жасалған шартта көзделеді (№ 202 қаулы, 4-тарау. Электрондық ақшаны өтеу).

Электрондық ақша иесі-жеке тұлға электрондық ақшаны өтеуге ұсынған кезде эмитент оған қолма-қол ақшаны беру жолымен не электрондық ақша иесінің-жеке тұлғаның банк шотына ақша аудару арқылы электрондық ақшаны өтейді.

Электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеуін эмитент немесе оператор қамтамасыз етеді.

Электрондық ақша жүйесінде пайдаланылатын қауіпсіздік және ақпаратты қорғау рәсімдері электрондық ақшаны шығарудың, пайдаланудың және өтеудің барлық кезеңдерінде ақпаратты үздіксіз қорғауды, оның ішінде:

1) операцияларды жасау кезінде электрондық ақшаны пайдалануға электрондық ақша иесінің құқығын шынайы белгілеуді;

2) электрондық ақшаны пайдалану кезінде жасалатын электрондық хабарламалардың мазмұнындағы бұрмаланушылықтардың және өзгерістердің болуын анықтауды;

3) ақпаратқа рұқсатсыз кіруден қорғауды қамтамасыз етуді және осы ақпараттың тұтастығын қамтамасыз етуді;

4) электрондық ақшаны пайдалануға байланысты оқиғаларды тергеу кезінде дәлелдемелерді қамтамасыз етеді.

Электрондық ақша айналымының субьектілері:

1. Электрондық ақша эмитенті;

2. Электрондық ақша жүйелерінің операторлары;

3. Электрондық ақша иелері;

4. Электрондық ақша айналымының агенті.

Электрондық ақша эмитенті – электрондық ақшаны шығаратын және өтейтін төлем қызметтерін жеткізуші.

Электрондық ақша жүйесінің операторы электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеуін, оның ішінде электрондық ақшаны пайдалана отырып операцияларды жүргізу кезінде қалыптастырылатын ақпаратты жинауды, өңдеуді және беруді қамтамасыз етеді.

Электрондық ақшаны қолданудың негізгі саласы тұтынушылардың кәсіпкерлердің пайдасына тауарлар, жұмыстар, қызметтер үшін төлем жасауы болып табылады. Сондықтан электрондық ақша иелерінің жоғарыда аталған санаттарға бөлінуі кездейсоқ емес.

Электрондық ақша иелері. Бастапқыда жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың төлем операциялары үшін электрондық әмияндарды пайдалану мүмкіндіктері шектеулі болды. Олар тек жеке тұлғалардың төлемдерін қабылдай алатын, бірақ олардың өздері электрондық ақша арқылы төлеуге құқығы жоқ еді.

Электрондық ақша жүйесінің агенті – банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, ұлттық пошта операторы және эмитенттен және жеке тұлғалардан электрондық ақшаны кейіннен олардың иелерінен алу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын төлем агенті мен келісім-

шарт негізінде жеке тұлғаларға сатуды жүзеге асырады. Агенттің негізгі қызметі эмитенттермен шығарылған электрондық ақшаны тарату (сатып алу және сату) болып табылады.

Электрондық ақша цирфлық өнімдермен арақатынасына тоқталатын болсақ, «цифрлық валюта», «криптовалюта» және «виртуалдық валюта» ұғымдарын қарастырамыз.

Цифрлы технологияның орнығуы, сондай-ақ ұлттық экономиканы цифрландыру жетістіктері қаржылық жүйедегі барлық қатысушыларға маңызды бағыттарды қарастыруды талап ете отырып, мүмкін тәуекелдер мен пайдалану мүмкіндіктерін бағалау немесе ұлттық қаржы нарығында әртүрлі цифрлы валюталардың құқықтық мәртебесін анықтаудағы қаржылық-құқықтық реттеуді басты мақсат етті.

Онлайн жүйеде соңғы кезде танымал болған ақшаның цифрлық түрі «криптовалюта» болып табылады. Бұл валюта, әдетте, әртүрлі құндылықтарға айырбасталатын биткоиндермен ұсынылады. Биткоиндердің құны сұранысқа байланысты өзгереді. Бастапқыда криптовалюталар толығымен цифрлық қаржы жүйесін құру үшін жасалған. Алайда, тәртіп бұзушылықтар мен алаяқтықтар жиі кездескеннен, өйткені пайдаланушылар жасырын болып қалуы мүмкін. Бұл киберқылмысқа байланысты және криптовалютаны заңсыз деп жариялауға болмайды, тек реттелуі жағынан мәселелер туындайды. Криптовалюталардың құқықтық аспектілеріне орталықтандырылмаған сипат, нақты құқықтық базаның болмауы, нарық пен экономиканың тұрақсыздығы, тәуелсіз эмияндарды басқару, активтерді жасыру және ақшаны жылыстату үшін салықтан жалтару жатады.

Зерттеуші ғалымдар арасында электрондық ақшаны-ақшаның жаңа түрі ретінде эволюцияда қабылдаған ақша деп келтірген жағдайларда кездеседі. Оның дәстүрлі ақша мен цифрлық валютадан және криптовалютадан айырмашылығын келесі кесте 3-де келтірілген салыстыру арқылы көруге болады.

Кесте 3. Дәстүрлі ақша мен цифрлық валютаның және криптовалютаның айырмашылығы.

Сипаттамасы	**Дәстүрлі ақша**	**Электрондық ақша**	**Криптовалюта**	**Цифрлық валюта**
1	2	3	4	5
Нысаны	Банкноттар, монеталар	Электрондық жазбалар	Орталықтан-дырылмаған код	Электронды жазу, код
Орталықтандыру	Орталықтан-дырылған басқару	Орталықтанды-рылған немесе орталықтанды-рылмаған болуы мүмкін	Орталықтан-дырылмаған жүйе	Орталықтандырыл-ған
Эмиссия	Мемлекеттік органдар	Банктер және электрондық төлем жүйелері	Өндіріс (майнинг)	Басқару органдары алгоритм шығару

3 Кестенің жалғасы				
1	2	3	4	5
Мәмілелер	Банктер мен қаржы институттары арқылы	Электрондық төлем жүйелері, банктер немесе «тең-теңге» арқылы	Бір-теңімен транзакциялар	Сандық әмияндар, тең дәрежелі немесе орталықтандырылған жүйелер арқылы
Мөлдірлік	Шектеулі көріну	Жүйеге байланысты шектеулі немесе толық көріну	Блокчейнді ашу арқылы барлық транзакциялар көруге болады	Сандық валюта түріне байланысты құпиялылық мүмкін
Қауіпсіздік	Банктер мен қаржы институттарының жүйесіне байланысты	Электрондық жүйелерді қорғау деңгейіне байланысты	Криптографиялық қауіпсіздіктің жоғары деңгейі	Қолданылатын технологиялар мен протоколдарға байланысты
Қолданылуы	Айналымда кеңінен қабылданған	Онлайн төлемдер мен онлайн сауда үшін ыңғайлы	Виртуалды активтер, инвестициялар және айырбас құралы	Әртүрлі цифрлық қызметтер, смарт келісімшарттар және активтерді токенизациялау
Қол жетімділік және орналасуы	Барлық елдер мен аймақтар	Электрондық жүйелердің қолжетімділігіне байланысты	Ғаламдық қолжетімділік, интернет қажет	Сандық инфрақұрылымға және желіге кіруге байланысты
Инфляция	Орталықтан бақылау және эмиссия мүмкін	Банк саясатына байланысты инфляция болуы мүмкін	Кейбір криптовалюталар шектеулі жеткізілімге ие	
Ескертпе: кесте автормен құрастырылған				

Электрондық төлем жүйелері, виртуалды ақша қаражаттары, электрондық «әмияндар» және өзге де жоғары технологиялық ақпараттық қаржы құралдары мен ресурстар әртүрлі мамандар мен ғалымдардың төлем құралы ретіндегі қауіпсіздігі, құқықтық және өзге де мемлекеттік реттеу мен қадағалау, оларды практикада пайдаланудың заңдылығы, халықаралық айналым нарығы үшін проблемалар мен перспективалар тұрғысынан зерттеу нысанасына айналды. Шетелдік сарапшылар мен ғалымдардың осы заңды және қаржылық құбылыстың құқықтық негізі мен мәнін зерттеуге бағытталған электрондық ақшаны реттеуге және пайдалануға байланысты ғылыми зерттеу жұмыстары саны ұлғая бастаған.

ТМД елдерінің әртүрлі нормативтік құжаттарында көрсетілген жекелеген құқықтық категориялар мен құбылыстардың, ұғымдар мен терминдердің салыстырмалы сипаттамасы негізінде жүргізілген теориялық-құқықтық және проблемалық-ұсынымдық зерттеудің қорытындысында автор келесі негізгі

ережелерді тұжырымдады:

– әр түрлі электрондық төлем жүйелерін қолдана отырып, электрондық ақша айналымын құқықтық реттеудің проблемаларының бірі – әр түрлі елдерде және әлемдік қоғамдастықта бірыңғай терминологияның болмауы, сондай-ақ тақырыптың қарастырылған мәселелерімен байланысты құқықтық жоспардың жекелеген ұғымдарын ғылыми тұрғыдан түсіну;

– орын алған кемшіліктер, автордың пікірінше, «электрондық ақша» ұғымын Қазақстан заңнамасында заттық сипаттағы құбылыс ретінде емес, міндеттемелік құқық санаты (міндеттеме түрі ретінде) арқылы, атап айтқанда оның құндылығы мен азаматтық айналым үшін пайдалылығы бар мүліктің ерекше түрі арқылы бекіту болып табылады.

2020 жылы электрондық ақша жүйелері арқылы 580,2 млрд теңге сомаға 174,9 млн транзакция жүргізілсе, бұл 2019 жылмен салыстырғанда операциялар саны бойынша 29,5%-ға өскенін көрсетеді. Бұл операциялар жеке тұлғалар арасындағы аударымдарды және заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің пайдасына тауарлар мен қызметтер үшін төлемдерді қамтыған. Ұлттық банктің статистикалық мәліметтерге сүйенсек (диаграмма 1), қазақстандық электрондық ақша жүйелері арқылы жүргізілген барлық операциялардың 65%-ы интернетте, 16%-ы мобильді қосымшалар арқылы, 19%-ы электрондық терминалдарды пайдалана отырып жүргізіледі.

Диаграмма 1. 2020 ж. Қазақстандық электрондық ақша жүйелері арқылы жүргізілетін операциялардың көлемі.



Ескертпе: ақпарат ҚР Ұлттық Банкі сайтынан алынды.

2019 жылы электрондық ақша жүйесі эмитенттері 572,8 млрд теңге шығарып, өткен 2018 жылмен салыстырғанда бұл 10%-ға артқан деп есептейді. Ал электрондық ақша жүйесінің деректері арқылы 2019 жылы 410,4 млрд теңге сомасына төлемдер жүргізілді, бұл барлық жұмыс істеп тұрған электрондық ақша жүйелерінің айналымының 70%-ын құраған.

Төлем карточкаларын пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз есеп айырысу

бойынша барлығы 1965,5 млрд теңге сомаға 152,1 млн операция жүргізілді. Бұл ретте төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалатын операциялардың жалпы көлеміндегі қолма – қол ақшасыз есеп айырысу үлесі төлемдер саны бойынша 47%-ға дейін, төлемдер сомасы бойынша 20,4%-ға дейін өскен [48].

Елімізден электрондық ақша нарығында 90%-дан астам орын алатын ең ірі электрондық ақша жүйелері: «Kaspi Bank», «VISA QIWI WALLET», «WOOPPAY», «Личная касса» и «W1 Kazakhstan» жатады. Олардың өзара ерекешеліктерін кесте 4 арқылы талдай аламыз.

Кесте 4. Танымал электрондық төлем жүйелері.

Төлем жүйесі	**Зарядталған %**	**Төлем жүйесі туралы пікірлер**
Яндекс	Жүйе ішіндегі аударым – 0,5%. Электрондық ақшаны айырбастау – 3%. Әмиянды толтыру – банктер, терминалдар және т.б. төлейді.	Қарапайым, ыңғайлы, бәрі төлемді қабылдай бермейді
QIWI Wallet Visa QIWI Wallet	Жүйе ішіндегі аударым – 0%. QIWI картасынан аудару – 0%. Әмиянды толтыру – 0% (> 500 ақша салған кезде), % банктер, терминалдар және т.б. QIWI < – > WebMoney – Төлем және аударым үшін комиссия 3% құрайды МТС, Билайн, Ростелеком және басқа операторлардан ұялы байланыстарды төлеу кезінде құны 0% құрайды. Кабельдік теледидарға, үй телефонына және интернетке ақы төлеу кезінде ресми сайтындағы жеке кабинеттегі тарифтерді тексеру	Қарапайым, ыңғайлы, барлығын дерлік қабылдайды
WebMoney Wallet	Жүйе ішіндегі аударым – 0,8% (WMZ және WME үшін ең көбі 50 шартты бірлік, WMR үшін 1500, WMU үшін 250, WMB үшін 100 000, WMY үшін 55 000 және WMG үшін 2), банктер, терминалдар және т.б. төлейді.	Негізінен шетелде төлемдер үшін пайдаланылады. Карталардың валютасы: USD немесе EVR
PayPal	Жүйе ішіндегі аударым – 1,9% (алушыдан). электрондық ақша айырбастау – 2,5%, % банктер, терминалдар және т.б.	Негізінен шетелде қабылданған
Rapida	Әмиянды толтыру – 0% (банктер, терминалдар және т.б. төлейтін %) % қаржылық операциялардың сипатына байланысты және төлем әдісі 2,5% дейін болуы мүмкін	Танымалдық алу, әсіресе Adsense пайдаланушылары арасында танымал
MoneyMail	Жүйенің басқа пайдаланушысына ақша аудару кезінде, шотты төлеу кезінде соманың 1%. Валютаны ауыстырған кезде – 10%. Несие картасымен қаражатты есепке алу кезінде – 4%. Төлем жүйелері арқылы қаражатты несиелендіру кезінде сомадан 1-ден 2%-ға дейін	Қарапайым, ыңғайлы, бәрі төлемді қабылдай бермейді
Ескертпе. Кесте интернет көздеріндегі ақпараттар арқылы құрастырылды		

Қазіргі таңда Қазақстанда электрондық ақшаны мамандандырылған online-айырбастау пунктері жұмыс жасайды: oborot.kz, kaspeed.kz, webtenge.kz, webdengy.kz, wmb.kz және т.б.

Соңғы бес жылдағы ғылыми зерттеу еңбектеріне шолу жасай келе, көптеген ғалымдардың электрондық ақшаны кең және тар ұғым ретінде қолданатынын байқадық.

Кең ұғым ретінде электрондық ақша жаһандану процесіндегі барлық электрондық нысанда онлайн төлем құралы ретінде қолданылатын цифрлық өнімдерге (цифрлық валюта, криптовалюта және виртуалдық валюта мен мобильдік төлемдер) қатысты қолданылған.

Қазір әлемде қандай валюта түрін қолданған тиімді болады деген де сұрақтар туындап жатқаны белгілі. Біздің елде де бірқатар тәуелсіз сарапшылар цифрлы валютаны доллар түрінде енгізейік дегенде ұсыныстар айтылып жатса, енді Ұлттық банк тарапынан ұлттық теңгемен цифрлы валютаны енгізу мүмкіндігі де қарастырылуда. Мұның өзі валюталар арасында бәсекелестік тудыратыны анық және біз түсінуіміз қажет нәрсе, ол криптовалюта – ол цифрлы валюта, электронды ақша болып табылмайды. Криптовалютаға биткоин, эфириум және т.б. жатады. Қазақстан заңнамасы бойынша олар ақшаға да, валюталық құндылықтарға да, қаржы құралдарына да, электрондық ақшаға да емес-олар өздері үшін ешқандай құндылық емес құндық және басқа да мәнде (талап ету құқығы) берілместен, тек компьютерде арнайы алгоритмдер арқылы сақталатын ақпараттық деректер қоры десе болады. Криптовалютаның электрондық ақшадан үш ерекшелігі бар: 1) Эмитенттің болмауы, 2) орталықтандырылмаған (яғни, белгілі бір ұлтқа тән емес және трансшекаралық) және 3) криптографиялық алгоритмдерді қолдану мен оларды құру [49].

Криптоволюта бағасы тек қолда барда тұрады, оларға сұраныс пен ұсыныс осы «өнімге» деген сенімге негізделген. Жоғары құбылмалылықты ескере отырып, нарықтарда әртүрлі схемалар пайда болады, оның ішінде ұлғайған кезде қаржылық пирамидаларға ұқсас курстың тез өсуіне тез пайда тапқысы келетіндердің саны артады.

Криптовалюта АҚШ-ТА олар биржалық тауар, Жапонияда төлем құралы ретінде танылса, Бангладеште және басқа да бірқатар елдерде тыйым салынған. Егер Қытай мен Оңтүстік Корея болса ICO (Initial) таңбалауыштарын/монеталарын бастапқы орналастыруға тыйым салынады, ал Австралия бұл нарықты реттеуге шешім қабылдады. Ал Қазақстанда криптовалюталар, оларды төлем құралы ретінде пайдалану қолданыстағы заңнамаға қайшы келеді. Электрондық ақшаға келетін болсақ, бұл сала бізде белсенді дамып келеді, олардың қарым-қатынасы бойынша арнайы құқықтық өріс бар. Егер криптовалюталардың заңды түрде міндетті тұлғалар және нақты активтер – ақшаға байланысты емес нақты эмитенттері болмаса, онда электронды ақшаның эмитенттері болып қаржы ұйымдары табылады.

Электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілетін төлем-электрондық ақша жүйесінің ішкі қағидаларында не электрондық ақша жүйесіне қатысушылар арасында жасалған шарттарда белгіленген рұқсатсыз пайдаланудан қорғау рәсімдері сақталған кезде электрондық ақша иесінің- жеке тұлғаның басқа тұлғаға оны электрондық әмиянды пайдалана отырып беруі арқылы жүзеге асырылады. Электрондық ақшаны пайдаланып төлемді жүзеге асырғаннан кейін оның иесіне – жеке тұлғаға электрондық ақшаны пайдаланған

операцияларды жүзеге асыру фактісін растайтын төлем сомасы, төлемді жасау уақыты мен күні, сауда чегінің реттік нөмірі, дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның атауы (коды) және жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес сәйкестендіру нөмірі, транзакцияның коды немесе электрондық ақша жүйесіндегі төлемді сәйкестендіретін басқа код, электрондық ақша иесі – жеке тұлға әмиянының сәйкестендіру коды деректері қамтылған сауда чегі электрондық хабарлама нысанында не қағаз тасымалдағышта беріледі.

Жеке тұлға электрондық ақшаны пайдалана отырып сатып алынған азаматтық-құқықтық мәміле мәнінен бас тартқан және мұндай бас тартуды дара кәсіпкер немесе заңды тұлға қабылдаған жағдайда, төлем жүргізуші жеке тұлғаның электрондық әмиянына электрондық ақша қайтарылады не оған электрондық ақшаның сомасына баламалы ақша сомасы өтеледі.

Осыған орай, соңғы жылдарда қаржы саласындағы жаңалықтармен бірге цифрлық құралдардың жаңа класына жататын электрондық ақшалар: «цифрлық валюта», «виртуалды валюта» немесе «криптовалюта» деп аталатын заңды төлем құралы емес және физикалық аналогтары жоқ, практикада қолданылу ауқымы да күрт ұлғайған терминдердің көп кездесетінін жазған ғалымдар пікірімен келіспеске болмайды [50].

Бірқатар зерттеушілер пікірлерінше, криптовалютаны цифрлық валюта ретінде интернет платформасындағы арнайы компьютерлік бағдарламалық іс-әрекеттің нәтижесінде туындайтын код арқылы қалыптасатынын және оны ұлттық электрондық ақшадан құқықтық мәртебесін ажырата білу керектігі айтылады [51].

Криптовалютаны көптеген дамыған елдерде қарқынды қолданып, заңдастыру мәселелері қызу талқылауда болып жатқанда, 2020 жылы криптовалютаны заңдастырған жалғыз мемлекет – Сальвадор болды [52].

Криптовалютаның келесі сипатына арналған криптовалютаның тұтастай цифрлы ақша түрінде танымалдығын, оның электронды банк шотындағы ақшадан негізгі өзгешелігі – криптовалюта айналымына нағыз банк пен үкіметпен еш байланысы жоқтығын жазған пікірін де қарастырдық [53].

Оған қоса, криптовалютаның цифрлық ұлттық валютадан ерекшелігі, олар транзакциялар туралы ақпаратты сақтау аспектісінде анонимділікпен, тізілімдерді орталықтандырылмаған сақтаумен сипатталатыны туралы көптеген автордың еңбектерінде кездеседі.

Мысалған, криптовалютаның дәстүрлі ақшадан айырмашылығы ретінде назар аудартатыны, олар транзакцияларды жазу үшін блокчейн технологиясын қолданып, делдал ретінде мемлекет билігінің қажеттілігін айналып өтеді, және блокчейнге тексерілген транзакцияларды үнемі тіркейтін және оларды жеке блоктарға реттейтін бухгалтерлік кітаптар қол жетімді болады [54].

Сондай-ақ, криптовалютаның ерекшелігіне қатысты, әлемде виртуалды валюталарға қатысты келісімді тұжырымның болмауы, көпшіліктің оларды дәстүрлі валюталарға ұқсатуға тырысқанмен де, бұл криптовалюталар үлкен технологиялық жасалу ерекшеліктері мен анонимділік, делдалдардың болмауын қамтамасыз ететін басқаруды реттеу байланысты жазған пікірлерді де ескерген жөн [55].

Криптовалютаның құқықтық мәртебесін анықтау үшін жасалған сараптамада, оның күрделі құқықтық сипаты басқа елдің ақшасымен де, валютасымен де, төлем құралымен де, электрондық ақшамен, бағалы қағазбен де, ақшалай суррогатпен де ақшалай түрде де тануға мүмкіндік бермейтін жазған авторлар пікірі біздің тұжырымдарымыздың негізділігін дәлелдейді [56].

Криптовалютаның негізі болып табылатын блокчейнді биткоинның жады ретінде қарастыру керектігін және қаржы жүйесінде биткойнның ерекшелігін арттыратын, қосымша құндылық беретін қасиеттері: орталықсыздандырылмаған, анонимділік сипаты және операцияны көз ілеспес жылдамдықта атқаруы болып табылатынын жазған ғалымдар пікірі оның айрықша сипатын аша түседі [57].

Қазақстандық зерттеуші ғалымдар криптовалюта азаматтардың құқықтарына кепілдік бермейтіндігін, әрі ол құнды активтермен қамтамасыз етілмейтіндіктен және криптовалюта құны банктердің бақылауынсыз өзгеріп тұратындықтан оны электрондық ақшаға жатқызу құқықтық негізі жоқтығын тұжырымдай келе ҚР Азаматтық кодексіне 914-бабына жеке және заңды тұлғалардың криптовалюталарды сатып алуға және иеленуге негізделген талаптары сот арқылы қорғалмайтындығы туралы нұсқауларды енгізуді орынды деп есептейді [28]. Ғалымдар, мұндай ұстанымдарды заңнамалық бекіткен жағдайда, ең алдымен цифрлы қоғамда кейбір азаматтардың ақпарат жетіспеушілігі кесірінен туындайтын келеңсіздіктерді жөнсіз субъектілердің пайдакүнемдік мақсатта пайдалануының алдын-алатын бірден-бір кедергі болатын негіздейді.

Қазақстанда 2020 ж. Үкіметпен цифрлық активтер мүлікке жататыны туралы заңға өзгерістер енгізілген болатын, ол бойынша цифрлық актив ретінде криптовалюта Қазақстан территориясында төлем құралы ретінде қолданылуға тыйым салынды. Осыған ұқсас жағдай Туркия Республикасында 2021 ж. орын алып, актив ретінде танылған цифрлы валюта, криптовалютамен есеп айырысуға заңмен тыйым салынған. Қазақстанда 2022 жылдан бастап криптовалюта арқылы жасалатын операцияларды арнайы талаптарға сәйкестендіру арқылы заңдастырудың заңнамалық жобалары әзірлену қарастырылды. Сондай-ақ биткоин өндіру бойынша майнингке арнайы салық көлемі заңнамамен бекітілді. Криптовалютаны заңды төлем ретінде қабылдауға бағытталған заң жобасы Туркияда талқылануда.

Жоғарыда аталғандарды қорытындылай келе, криптовалюта электронды нысанда сақталатындықтан көпшілік оны электрондық ақша деп атайды, алайда электрондық ақша мен криптовалютаның өзара арақатынасы келетін болсақ: криптовалюталар электрондық ақша ретінде танылa алмайды, соған сәйкес, олар электронды ақша функцияларын қамтамасыз етпейді.

Қоса кететін жайт, электрондық ақша төлем құралы ретінде ҚР арнайы заңнамасымен реттеліп, соған сәйкес эмитенттермен шығарылады және айналымы мемлекетпен бақыланады, ал криптовалюталар негізінен орталықтандырылмаған болып табылғандықтан және оның айналымына ешкім кепілдік бермегендіктен және олардың эмитенті болып жеке ұйымдар табылғандықтан, мемлекет оның айналымына қатыспайды және төлем құралы

болып табылмайды. Қазіргі жағдайда ол әлі де болса құқықтық сипаты жетілмеген күйде қалып отыр.

Мобильдік қолданба қызмет көрсетілмейтін клиенттерге қолданылмайтын нарықты қолдану қабілетінің арқасында тұтынушылар үшін кеңінен танымал болды [58].

Бірқатар зерттеушілер мобильді төлемдер деп сымсыз желілер немесе мобильді құрылғыларды (смартфондар, планшет, өзге де киілетін құрылғылар) қолдана отырып тауарлар мен қызметке, шотқа жасалатын төлем түрін тұжырымдайды [12]. Сонымен бірге, келесі ғалымдар мобильді төлемдердің кең қолданылуын әсіресе COVID-19 пандемиясы кезінде орын алғанын, себебі мобильді ақша қаржылық қызметтерді қашықтықтан қолдануда маңызды рөл атқарғанын жазады [59].

Сондай-ақ, бұл авторлар зерттеу барысында мобильді ақша және мобильді әмиян ұғымдарының арақатынасына тоқталған: *мобильді ақша* – тұтынушыларға транзакцияларды аяқтау мақсатында қаражат не құндылық жазбасы бар алдын ала төленген өнім ретіндегі электронды ақша деп тұжырымдаса, мобильді әмиянды пайдаланушыларға әр түрлі төлем жүйесінің сатушылары шығарған түрлі төлем құралдарын басқаруға, қол жеткізуге және пайдалануға мүмкіндік беретін қолданба ретінде қарастырады.

Түркия заңнамасы бойынша мобильді әмиянды реттеуді қарастырсақ, мобильді әмияндар арқылы төлемдерді өңдеу төлемдер төлем қызметінің бір түрі болып табылады [60].

ҚР заңнамасында мобильдік төлемдер ретінде – дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның, жеке практикамен айналысатын тұлғаның, заңды тұлғаның пайдасына тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету арқылы алынған төлемге штрих-код арқылы төлемдерді қабылдауға арналған мобильді қосымша немесе басқа жабдық (құрылғы) арқылы жүзеге асырылатын электрондық нысанда басталатын қолма-қол ақшасыз төлемдер танылады [23].

Сондай-ақ, тұтынушылар өздерінің телефондары арқылы банктегі шоттарына қол жеткізу мүмкіндігін беретін мобильді банкингпен мобильді ақшаның шатастырып жатуы мүмкіндігін жеткізген тағы бір ғалымдар тобы мобильді ақшаның басты артықшылығы ретінде клиенттер тек ұялы байланыс операторлары арқылы транзакциялар жасайды, ал қаржы институтында шот-фактураның болуы шарт емес деп көрсетеді [61].

Осыған қарсы пікір ретінде ғалымдар, қолма-қол ақшалар мен несиелік карталар арқылы жасалатын дәстүрлі төлемдердің болашағы бұлыңғыр, соған орай банктер мен ұялы байланыс опреаторлары ұялы байланыстағы мобильді төлем қызметтерін пайдалануды жеңілдету үшін оның кеңістігіне кіруі мүмкіндігін айтқан [62].

Мобильді ақшаның түсінігін электронды ақшамен арақатынасына тоқталсақ, яғни электронды түрде транзакциялар жасалады, бірақ алдыңғысы қолма-қол ақшасыз төлемге жақын, арнайы мобильді құрылғылар арқылы клиенттің телефон операторларына байланысқан, электрондық шотымен жүзеге асырылады. Нақты эмитенті не айналым алаңы туралы толық ақпараттар

жеткілікті зерттелмегендіктен, электронды нысанда операциялар орындалуы оны арнайы электрондық жүйедегі электрондық ақшаға ұқсастығы болғанымен әлем практикасында кездесетін бұл төлемдер ҚР заңнамасымен қарастырылмаған.

2012 ж. цифрлық ақша түрлерін жіктеу мақсатында Еуропалық Орталық Банк виртуальдық валюта терминін анықтап бастады. Осыған орай, виртуалды валюта- оны әзірлеушілермен шығарылатын және қадағаланатын, нақты бір виртуалды валюта қауымдастығы мүшелерінің арасында төлем әдісі ретінде ғана қолданылатын, реттелмейтін ортада цифрлық ақша деп түсіндіріледі [63]. Толығырақ тоқталатын болсақ, барлық виртуалды валюталар мен криптовалюталар цифрлы валюталарға жатады, десекте соңғысы алдыңғы екі валютаға қатысты үнемі қолданылмайды, мыс. Орталық банктің цифрлы валютасы. Цифрлық валюталар реттелетін және реттелмейтін болып бөлінеді, бірінші топқа Орталық банктің цифрлы валютасы жатса, екіншісіне Биткойн мен Эфириум кіреді. Криптовалюталар ешбір заңнамамен реттелмейді, ал виртуалды валюталардың біразы реттелмейтінін, кейбір цифрлы валюталар криптографиялық қорғалмайды.

Виртуалды валюта – цифрлы ақша форматында, ойдан шығарылған валюталық есеп бірлігінде, bitcoins және басқаларының заңды төлем ретінде мәртебесі жоқ, нақты бір виртуалдық қауымдастық ішінде қабылданған, құқықтық табиғаты реттелмейтін, эмитент рөлінде қаржылық емес жеке компаниялар қатысатын, эмитенттің шешіміне байланысты ақшамен қамтамасыз етуі тұрақсыз, қаражатты өтеу мүмкіндігіне кепілдік бермейтін, мемлекетпен қадағаланбайтын, операциялық, құқықтық, өтімділік және несиелік тәуекелдерді жүзеге асыратын виртуалды ойын жүйелерінде қолданылатын төлем әдісі болып табылды.

Өз кезегінде, *криптовалюта*ның есеп айырысу бірлігін қолдануға болатын жағдайлардың бірі ғана екенін айтып, виртуалды есеп айырысу бірліктері технологиялық жағынан сандық және тіпті электронды ақшадан еш айырмашылығы жоқ деп атауға болады деген пікірлер де қарастырдық [64].

Виртуалды валютаның электрондық ақшадан айырмашылығы мынада: есеп бірлігі ретінде қолданылатын валютаның заңды төлем құралы мәртебесі жоқ және құқықтық негізінің болмауы. Сондай-ақ дәстүрлі қаржы субьектілері мен Орталық банк виртуалды валюта айналымын реттеуге қатыспайды, олардың орнын эмитент және валюта иесі ретінде қаржылық емес жеке компаниялар иеленген. Мұндай виртуалды валютаға тән қасиеттер біз жоғарыда айтып өткен электронды ақшадан кәдімгідей арақатынасында алшақтық бар екенін көрсетеді.

Виртуалды валюталар көбіне ойын жүйелерінде есеп бірлігінде ғана қолдану-көптеген оны пайдаланушылар арасында төлем құралы сияқты көзқарас қалыптастырсада, ешбір елде заңды төлем құралы ретінде құқықтық мәртебесі қарастырылмаған. Интернет азарттыққа салынған құмаройыншылар виртуалдық ақшаның тұрақты тұтынушылары болады[121]. Сондықтанда цифрландыру технологиясы арқылы қолданысқа енген мұндай түрлі « ... валюталар» алдағы уақытта заңгер мамандардың осы саладағы жұмысына арқау болмақ. Олардың айналымын мемлекет тарапынан қаржылық-құқықтық реттеуді қолға алу,

көптеген электронды түрде орын алатын кибер қылмыстардың алдын алуға себін тигізеді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, электрондық ақша айналымының құқықтық реттелуі көптеген елдерде заңнамамен жүйеге қойылғанын байқаймыз. Алайда жаһандану кезеңінде теория мен тәжірибеде кездесетін қарама-қайшылықтар әлі де болса осы тақырыпты терең зерттеуді талап етеді. Сонымен қоса, осы зерттеуге арқау болған валюта түрлері ақпараттану технологияларының күнделікті пайда болатын жаңалықтарымен жарысып, тек даму үстінде болғандықтан, оларды тез арада қаржылық-құқықтық реттеуді қолға алу керек деп есептейміз, оның ішінде: блокчейн технологиясының құқықтық жағдайы, криптовалюта, виртуалды валюталар айналымы арқылы жасалатын киберқылмыстардың құқықтық құрамы толыққанды ашылу үшін осы валюталарға да құқықтық мәртебе берілуі, ұлттық цифрлы валютаның құқықтық табиғаты нормативтік-құқықтық актілермен бекітілуді талап етеді.

Әлемде құқықтық шешімдер қабылдауға алып келетін көптеген мысалдар бар, оған дәлел: қаржылық инновациялық технологияларды қоғам өміріне енгізуге және қолдануға байланысты ұзақ уақытқа созылған және шешілмейтін болып көрінетін мәселелерді шешуге ықпал етуі. Мәселен, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне мемлекеттік бюрократияға тиімді қарсы тұру, басқару және саладағы мемлекеттік қаражатты үнемдеу, халықты әлеуметтік қолдау мақсатында электрондық төлем жүйелерін міндетті пайдалануды енгізу нәтижелерін көреміз.

Электрондық ақшаны қаржылық құқықтық тұрғыдан қарастыру барысында заңнаманың кемшін тұстарын нақты көрсете отырып, криптовалюталарды цифрлық автив ретінде айналымға түсуін жан-жақсы зерттеген Порохов Е.В. пікіріне келіспеске болмайды [65].

Қазіргі заманғы әлемдік қаржы жүйесі электрондық ақша жүйелерінсіз жұмыс істеуі мүмкін емес, оған себеп: іс жүзінде әрбір адамның күнделікті қолданысына айналды. Интернет желісінің виртуалдық кеңістігіндегі қаржылық есептеулердің барлық түрлері үшін және ақшаны айырбастау мен ақша аударымдарын жүргізу үшін тиімділігі өте жоғары. Электрондық ақша жүйелерінің танымалдығы мен кең таралуы, ал интернет-банкингті, электрондық әмияндарды және төлем карталары мен олармен жұмыс істеуге арналған құрылғылармен жұмыс істеудің ыңғайлылығы мамандар болжамы бойынша, бірнеше онжылдықтан кейін қарапайым ақша айналымын ығыстыруы мүмкін. Электрондық ақша айналымы нарығын тиімді қызмет ету ортасын жасау елдің жалпы экономикалық жағдайына әсер ете, қолма-қол ақшаларды көлеңкелі пайдалану деңгейін төмендетіп, электрондық сауданың арнайы салаларда дамуына жағдай жасайды.

Қорыта келгенде, электрондық ақша қаржылық-құқықтық қатынастардың обьектісі ретінде дербес институт ретінде зерттеліп қарастырдық. Сонымен қатар, оның түрлеріне, жүйесіне, субьектілеріне тоқталып, жалпы электрондық ақша айналымына қатысты жүргізілетін процесстердің айналымын тұжырымдадық.

Сонымен қатар, цифрлық валюта мен виртиуалдық валюталарды да ұғымдарын жан-жақты талдау арқылы олардың бір-бірінен айырмашылығын қарастыра отырып, электрондық ақша, цифрлық валюта және виртуалдық валюта ұғымдарына түсінік беретін болсақ:

«Электрондық ақша»-арнайы эмитентпен шығарылған және шектеулі жүйелерде қолданылатын, өтелуге жататын электронды төлем құралы.

«Цифрлық валюта»-өтеуге жатпайтын, құндылықтарды айырбастау, құнын есепке алу және сақтау үшін пайдаланылатын, блокчейн негізіндегі Орталық Банктің цифрлық түрдегі міндеттемесі.

«Виртуалдық ақша»-шектеулі виртуалды қоғамдастықта пайдаланылатын есептік бірліктердің цифрлық көрінісі.

2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚША АЙНАЛЫМЫН ҚАРЖЫЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ТЕТІГІ

2.1 ҚР электрондық ақша айналымын реттеудің қаржылық-құқықтық негіздері

Электрондық ақша елімізде нарыққа ірі төлем жүйелерінің ресми шығуын жеңілдетіп қана қоймай, қазақстандық электрондық төлемдердің жергілікті жүйелерін құруға да мүмкіндік береді. Ал бұл дегеніміз, электрондық ақшаны қолданысқа енгізу елде интернет-коммерцияны одан әрі танымал етуге және дамытуға, экономиканың барлық субъектілерінің мүдделері үшін Қазақстанда онлайн және қашықтықтан көрсетілетін қызметтердің жаңа түрлерін одан әрі дамытуға ықпал ететін болады, сондай-ақ халық үшін де қаржылық қызмет көрсетудің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Елімізде электрондық ақшаны реттейтін заң қабылдау отандық интернеттің ішкі қажеттіліктеріне бағдарланған отандық электрондық ақша жүйелерін құруды ынталандырып және олардың елдегі айналымына мемлекеттік бақылау жүргізілуін негіздейді.

Ұлттық құқықтық жүйеде ақша аударымдары мен төлем құралдары арқылы жүргізілетін ақша операцияларының қауіпсіздігін қадағалау мен мемлекет тарапынан реттеу бірінші орында тұрған маңызды бағыт болып табылады.

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап мемлекеттің ақша-несие саясаты мен азаматтарға қаржылық функциялардың қолжетімділігін қамтамасыз ету мемлекет алдында тұрған міндеттің бірі болды. Осы орайда, ұлттық теңгенің заңды мәртебесі берілген «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» заңымен бекітілген болатын. Ұлттық теңгені қолданысқа енгізу еліміздің жеке қаржы жүйесін қалыптастырудағы маңызды қадам болды.1993 жылы 13 сәуірде «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» туралы қабылданып, ол жерде мемлекет екі деңгейлі банктік жүйеден тұратынын және ҚР Ұлттық Банкі орталық банк болып есептеледі және Қазақстандағы банк жүйесінде жоғары деңгейде болатыны бекітілді.

«Қазақстан Республикасының банктері туралы» заң 1993 жыл 14 сәуірде қабылданып, тәуелсіздің алғаннан кейінгі қазақстанның банк жүйесі осылайша қалыптасқан болатын.

Сондай-ақ, осы жылдан бастап электрондық ақшаның пайда болды (оның ішінде электрондық әмиян негізінде микропроцессорлық карточкаларды қолдана отырып, төлем карточкаларының отандық банкаралық жүйелерін құруға дайындықтан басталған болатын).

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы «Ақша төлемі мен аударымы туралы» Заңы, ақшаның құқықтық мәртебесін және оның түрлерін заңнамамен бекітті.

Осыған орай, елімізде ақша төлем мен қор жинау құралы болып, құн өлшемі ретінде қызмет етеді,-деп бекітілген болатын.

Ұлттық банк отандық заңды әзірлеу кезінде электрондық ақша айналымын реттеу саласындағы әлемдік үрдістерді барынша мұқият қадағалап және бізге сәйкес келетін оң әлемдік тәжірибені ескере отырып, біздің елімізде электрондық

ақша нарығының қазіргі даму жағдайына тиімді және барабар құқықтық ортаны қалыптастыруға ерекше назар аударды.

Электрондық төлем жүйелерінің тетіктерін дамыту үшін перспективаларды ашу мүмкіндігі ретінде мемлекеттік экономика шеңберінде клиенттерді сәйкестендірудің оңайлатылған тетіктерін пайдалану мүмкіндігін қарастыру қажеттілігі туындады. ЕАЭО кеңістігінде бұл платформалардың болмауы шаруашылық жүргізуші субъектілер қолданыстағы қашықтан қызмет көрсету арналары арқылы жүргізе алатын коммерциялық бизнес-кәсіпорындардың санын шектеуі мүмкін. Электрондық төлем жүйелері айналысының ұлттық тетігінің негізгі органы және маңызды бөлігі болып табылатын Ұлттық банк электрондық ақша айналымын және төлем әдістерін дамытуға жәрдемдесуге мүдделі. Осы айтылған логиканы ескере отырып, ұлттық реттеуші органдар ұлттық экономиканың дамуын ынталандыруға және соның салдарынан электрондық төлем жүйелерінің айналым тетіктерін интеграциялауға мүдделі болуы тиіс. Цифрлық төлем кеңістігінің тиімді және қауіпсіз дамуы мен жұмыс істеуі үшін барлық қатысушылар деңгейінде үйлестіру шаралары, сондай-ақ ұлттық орталық банктер, электрондық төлем жүйелері айналымы тетігінің негізгі органы тарапынан технологиялардың қазіргі заманғы дамуына жауап беретін қадағалау қажет болып көрінеді. Бір жағынан, бұл төлем жүйесінің тұрақтылығын сақтайды, тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды, ал екінші жағынан цифрлық инновацияларды дамытуға және енгізуге ықпал етеді.

Экономиканы дамытудың жаңа нарық кезеңінде Қазақстанда сауда операцияларын жасау үшін жаңа төлем құралын – электрондық ақшаны шығару мен пайдаланудың құқықтық шарттарын көздейтін пысықталған нормативтік базаның алғашқы легі ҚР-да 2011 жылдың 21 шілдесінде Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электрондық ақша мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы болатын. Қабылданған заң елімізде «электрондық ақша» түсінігін алғаш енгізіп, электронды ақшаның құқықтық мәртебесін бекітті [66]. Жеке және заңды тұлғалардың электронды ақшаны пайдалануы қабылданған заңға сай, өзге де төлем құралдары – төлем карточкалары, чектер, вексельдер мен төлем тапсырмалары сияқты төлем жасау тәсілдеріне жатқызылған болатын. Осыған орай, электрондық ақшаны шығару құқығы ҚР-дағы екінші деңгейдегі банктерге берілді. Бұл дегеніміз, электрондық ақшаны шығару қызметінде жеке және заңды тұлғаларды тарту, сондай-ақ, бірқатар банктік операциялар жасаумен байланысты болуымен түсіндіріледі және де электронды жүйенің операторлары немесе агент-эмитенттері ретінде банктік емес жеке меншік ұйымдардың электрондық ақша жүйелеріне қатысу мүмкіндігі қарастырылған болатын. Бұл жеке меншік ұйымдардың банк-эмитенттердің айналымға шығарылған электронды ақшаларын таратумен айналыса алатынын және оларды пайдалана отырып, операцияларға қызмет көрсете алатынын білдіреді. Эмитенттің электрондық ақшаны шығаруы, электрондық ақша иелерінен алдын ала алынған қаражат сомасының шегінде жүзеге асырылады. Бұл норма эмитенттердің

қамтамасыз етілмеген электронды ақша шығару мүмкіндігін болдырмау мақсатында енгізілген болатын.

Осы өзгерістерге сәйкес, «Ақша төлемі мен аударымы туралы» заңға электрондық ақша деп аталатын 3-1-тараумен толықтырулар енгізіліп, онда

36-1- бапқа, электрондық ақшаны шығару және өткізу;

26-2 бапқа, электрондық ақшаны пайдалану және өтеу бойынша арнайы нормалар енгізілген болатын.

Сонымен қатар, осы заңнамаға алғаш рет 3- бапқа, заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар қатарына, толықтырулары енгізіліп, келесідей ұғымдарға анықтама берілді: оларға, 26) электрондық ақша (қазіргі қолданыстағы заңнамадағы түсінікпен бірдей анықтама берілген, тек «эмитенттің шартсыз және қайтарылмайтын міндеттемесі»), 27) электрондық ақша жүйесі, 28) электрондық ақша жүйесінің қатысушысы, 29) электрондық ақша жүйесінің операторы, 30) электрондық ақшаны өтеу, 31)электрондық ақшан пайдалану, 32)электрондық ақшаны шығару, 33) электрондық ақша эмитенті (осы заң бойынша тек екінші деңгейдегі банктер ғана эмитент болып табылады), 34) электрондық ақша эмитентінің агенті, және де бұл 1998 жылғы заңда электрондық ақша эмияны ұғымы қарастырылмаған. Бұл «Ақша төлемі мен аударымы» туралы заң 2016 жылы жаңа заң қабылдануына байланысты күшін жойды.

2011 жылы 26 тамыздан-2016 жылғы 31 тамыз аралығында қолданыста болған «Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақшаны шығару, пайдалану және өтеу ережесін, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР Ұлттық Банк төрағасының №102 қаулысына сәйкес, электрондық әмиян деп чип, дербес компьютерді бағдарламалық қамтамасыз ету, электрондық ақша сақталатын не электрондық ақшаға қол жеткізуді қамтамасыз ететеін өзге бағдарламалық техникалық құрал ретінде түсінік бекітілген болатын.

Және де қауіпсіздік рәсімі- деп электрондық ақшаны пайдаланатын құқықтарын растау үшін электрондық ақша иелерінің оны пайдалану кезіндегі электрондық хабарламалардың мазмұнындағыы қателіктер мен өзгерістерді анықтауға арналған ұйымдастыру шаралары мен ақпараттарды қорғау бойынша бағдарламалық-техникалық құралдарының кешенін тұжырымдайды.

Десе де, жоғарыда аталған заң нарық қатынастарындағы Қазақстанда электрондық ақшаның қарқынды дамуын қамти алмағандықтан, 2016 жылы 26 шілдеде қазіргі қолданыстағы «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, оның 8- тарауы 42-44 баптары электронды ақшаны құқықтық реттеуге арналды [23].

Бұл заңда электрондық ақша түсінігін былай түсіндіреді: «электрондық ақша – электрондық нысанда сақталатын және электрондық ақша жүйесінде жүйеге басқа да қатысушылар төлем құралы ретінде қабылдайтын электрондық ақша эмитентінің шартсыз және кері қайтарып алынбайтын ақшалай міндеттемелері». Яғни осы уақытқа дейін қаншама экономист ғалымдардың бұл ұғымға берген анықтамасын біздің отандық заң шығарушы орган «электронды нысандағы ақшалай міндеттемелер» деп қысқаша түйіндейді. Демек, оның

ерекшеліктеріне: электронды нысанда сақталуы, электрондық ақша жүйесінде қатысушылар төлем құралы ретінде қолданады және эмитенттердің шартсыз және кері қайтарып алынбайтын ақшалай міндеттемелері ретінде қарастырып отыр.

«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңның 8 тарауын қарастыратын болсақ, электрондық ақша эмитенттері, иелері және электрондық ақша жүйесінің операторлары туралы нақты анықтама беріліп, электрондық ақшаны шығару және өткізудің жүзеге асыру жолдары көрсетіліп, электрондық ақшаны пайдалану және өтеу негіздері де заңмен қарастырылған. Эмитенттердің ҚР аумағында шығарылатын электрондық ақшасы ҚР ұлттық валютасында көрсетілуі тиіс. Бұл ұлттық валютаның электронды төлем жүйесінде айналым деңгейін арттырып, өзге шетелдік валютаға деген тәуелділікті азайтады. Демек электрондық ақша айналымының операцияларында төл теңгеміз өз құндылығын сақтап қалады деген сөз. Бұл ел экономикасының дамуында үлкен рөлге ие екені айтпасада түсінікті.

ҚР-да электрондық ақшаны шығаруға құқығы бар деп: ҚР Ұлттық Банкі, банктер мен Ұлттық пошта операторлары ғана заңмен көзделген. Яғни, елімізде тек электронды ақшаны аты аталған үш ұйым ғана жүзеге асырады, өзге жеке және заңды тұлғалар қатыса алмайды.

Сондай-ақ, аталған заңмен электрондық ақшаны алған сәттен бастап электрондық ақша иесінің құқықтары туындайтын иелері ретінде:

– жеке тұлғалар мен агенттер;
– дара кәсіпкерлер;
– заңды тұлғалар жатқызылған.

Электрондық ақшаның иесі ретінде азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша электронды төлемдерді жүзеге асыруда, ҚР заңнамаларына қайшы келмейтін өзге де операцияларды жүргізу мақсатында электрондық ақшаларды пайдаланады.

ҚР заңнамасында бекітілгендей, жеке тұлғаларға тиісті қаржы жылына белгіленген АЕК елу еселенген мөлшерінен асатын сомада электрондық ақшаны иемденген жағдайда, электрондық ақша эмитенті жеке тұлғаны сәйкестендіруді жүзеге асырады. Бұдан шығатыны, жеке тұлғалардың электрондық ақша айналымындағы қозғалыстары үнемі банкпен қадағаланып отыратынын көрсетеді.

Электрондық ақша иесін сәйкестендіру оның өзі қатысып, жеке басын куәландыратын құжатын көрсеткен жағдайда, банкаралық ақша аударымдары жүйесінің операциялық орталығынан қолжетімді мәліметтерге сәйкес жеке деректері негізінде қашықтықтан сәйкестендіру арқылы не оңайлатылған сәйкестендіру жолымен жүзеге асырылады.

Электрондық ақша эмитенті мен электрондық ақша жүйесінің операторлары электрондық ақша иелерінің алдында мынадай уақытта оларға келтірілген залал үшін жауаптылыққа болады: егер, электрондық ақшаны шығару, пайдалану мен өтеу туралы шарттың талаптарына сай электрондық ақшаға оның иесінің рұқсатынсыз қол жеткізу немесе оларды рұқсатсыз пайдаланған жағдайда, және эмитенттің бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысындағы не электрондық ақша

жүйесінің жұмыс жасауындағы қателер мен іркілістер салдарынан туындаған залал орын алатын болса, жауап береді. Демек, заң аясында электрондық ақша иесінің ақшаларын пайдалану кезінде банк тарапынан келтірілген залалдар міндетті түрде жауапкершілікті жүктейді.

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР заңы талабына сай қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға электрондық ақша жүйесінің операторлары қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтерді ұсынады [67]. Осы арқылы электрондық ақша айналымын үнемі қадағалап, арнайы мониторингтер жүргізіліп отыратынын ұлттық заңнамамен қарастырып қойған.

Елімізде электрондық ақшаны құқықтық реттейтін келесі НҚА – «Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу қағидаларын, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 202 қаулысы болып табылады [47]. Бұл қаулы «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі ҚРЗ сәйкес әзірленіп, ел аумағында электрондық ақшаны шығару, пайдалану және өтеу тәртібін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарды айқындайды [23]. Электрондық ақшаның жұмыс істеу тәртібін эмитент не операторлар қамтамасыз етеді. Электрондық ақшаны қорғауды ұйымдастыру шараларын және бағдарламалық-техникалық құралдарын қоса алғанда, электрондық ақша жүйесінде пайдаланылатын бағдарламалық-техникалық құралдарға рұқсатсыз кірудің алдын алу құралдары мен шаралары ақпаратты қорғаудың жеткілікті деңгейін және оның құпиялығын сақтауды қамтамасыз етеді.

Төлем туралы заңнамада бекітілгендей, электрондық әмиян электрондық ақшаға билік етудегі электрондық ақшаны есепке алу мен сақтаудың тәсілі болып табылады.

Кез-келген электрондық ақша жүйесінде электрондық әмиянды ашу және қызметтер көрсетуге қатысты жұмыстарды электрондық ақша жүйесінің операторы жүзеге асырады. Электрондық әмиян электрондық ақшаның мекені десе де болады, иесі шотындағы қанша электрондық ақша бар екенін тек электрондық әмияннан ғана көре алады. Сондай-ақ қолданыстағы ҚР заңымен электрондық әмияндағы электрондық ақшаға сыйақы жүргізілмейді және электрондық ақшаға кредит берілмейді.

Электрондық ақша эмитенті қаржы мониторингінің субьектілеріне арнайы шарт негізінде жеке тұлғаларды сәйкестендіруді жүзеге асыратын құқық беруге тиістігі, бұл «ҚР Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңнамасымен бекітілген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде 222- бабы-электрондық ақшаны шығару, пайдалану және өтеу талаптарын бұзу,- деп аталып, мынадай нормаларды қамтиды [68]:

1. Электрондық ақша эмитенттері өзіне қабылдаған міндеттемелердің сомасына сәйкес келмейтін сомаға электрондық ақша шығарған жағдайда-әкімшілік ескерту жасалады.

2. Әкімшілік ескерту жазасын алғаннан соң бір жыл ішінде қайталана жасалған жағдайда, орта кәсіпкерлік субьетілеріне бір жүз АЕК, ірі кәсіпкерлік субьектілеріне екі жүз АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

3. Электрондық ақша иесін сәйкестендірмей елу АЕК асатын сомада эмитенттің электрондық ақша шығаруы және электрондық әмияндағы электрондық ақшаны сақтау және пайдаланылған сомалары бойынша арнайы шектеулерден асатын сомаға операциялар жасалған кезде эмитенттің электрондық ақша жүйесіндегі электрондық ақшаны пайдалануға жол бергені үшін әкімшілік ескерту жасалады. Егер әкімшілік жаза қолданылғаннан соң бір жыл ішінде осы әрекет қайталанған жағдайда: орта кәсіпкерлік субьектілеріне бір жүз АЕК, ірі кәсіпкерлік субьектілеріне екі жүз АЕК мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынады.

4. Азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша ақы төлеу үшін жеке тұлғалардан алған дара кәсіпкердің не заңды тұлғаның электрондық ақшасын эмитенттің өтемеуі, уақытылы және толық өтемеген жағдайда ескерту жасалады. Ал әкімшілік ескерту алғаннан кейінгі бір жыл ішінде қайтадан осы әрекетті жасауы-бір жүз АЕК мөлшерінде әкімшілік айыппұл салуға әкеледі.

Электрондық ақша иесін сәйкестендіруді электрондық ақша иесінің өзі қатысқан және жеке басын куәландыратын құжатын көрсеткен кезде не банкаралық ақша аударымдары жүйесінің операциялық орталығынан қолжетімді дереккөздерден алынған мәліметтер негізінде қашықтан сәйкестендіру арқылы немесе оңайлатылған сәйкестендіру жолымен эмитент, оператор жүзеге асырады. Мұндай іс-әрекеттер электрондық әмияндағы электрондық ақшаның қауіпсіздігіне бағытталады.

Және де электрондық ақшаны өтеу процесі – эмитенттер алдыңғы шығарған электрондық ақшаны дәстүрлі ақшаға айырбастауға мүмкіндік беретін операция болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, электрондық ақшаға тән белгілерге: алдын-ала төленген ақша сомасына тең келетін көлемде эмитентпен ақша сомасы шығарылуы; электронды нысанда сақталуы және тіркелуі; эмитенттен өзге ұйымдар электрондық ақша жүйесінде төлем құралы түрінде қабылдауы жатады.

Қазақстандық заңнамада бекітілгендей, Мемлекеттік бюджет және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры есебінен төленетін әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақы аударылатын электрондық әмияндағы электронды ақшаға өндіріп алу, тыйым салу, шығыс операцияларын тоқтата тұру, мүлікке билік етуді уақытша шектеу, мәмілелер мен өзге де операциялар бойынша шектеулер қолданылмайды.

Енді Қазақстанда криптовалюта туралы қандай заңнама бойынша қарастырылғанын зерттей келе келесілерге тоқталамыз:

1) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар

енгізу туралы» 2020 жылғы 25 маусымдағы № 347-VI заңымен майнинг пен криптовалютаны «заңдастыруға» арналған акт қабылданған болатын [69]. Бұл жерде майнинг және криптовалюта айналымын жүзеге асырыру үшін жағдай жасайтын «цифрлық активтер» терминін азаматтық құқық обьектісінің түріне жатқызып, оның құқықтық жағдайын айқындаушы ретінде ҚР азаматтық заңнамасы мен «Астана» халықаралық қаржы орталығының актілерінде айқындалатынын заңнамамен бекітеді [70]. Осыған орай, енді елімізде қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер (криптовалюта) шығаруға, оларды айналымға енгізуге заңмен тыйым салынса, ал цифрлы майнингті заңдастырғанын көреміз. Ал, «Ақпараттандыру туралы» ҚР 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V заңы 1 бап, 55-1) тармақшасында «цифрлық актив ретінде криптография мен компьютерлік есептеу құралдарын қолдану арқылы электрондық-цифрлық нысанда құрылған, қаржылық құрал болып табылмайтын мүлік, сондай-ақ мүліктік құқықтарды куәландырудың электрондық-цифрлық нысаны» ретінде түсінік береді [71] және 55-3) тармақшасына тоқталсақ: блокчейн арқылы ақпараттандыру объектілеріндегі деректер блоктарының тұтастығын растауды қамтамасыз ететін, деректерді шифрлаудың және өңдеудің берілген алгоритмдеріне сәйкес компьютерлік, энергетикалық қуаттарды пайдалана отырып есептеу операцияларын жүргізу процесі деп, – «цифрлық майнинг» ұғымының түсінігі берілген. Демек, еліміздегі аталған заңнамаларда цифрлы майнинг ретінде, қарапайым тілде, криптовалютаны шығару тәсілі деген анықтама бергенін түсінеміз.

Аталған Заңмен ҚР Азаматтық кодексіне және ҚР Ақпараттандыру туралы Заңына цифрлық активтерді азаматтық құқықтар объектілерінің құрамына енгізу, олардың құқықтық режимін мүлік ретінде айқындау және оларды азаматтық айналымға басқа түрлерімен қатар енгізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілді.

Осы өзгерістер арқылы мемлекет тарапынан жеке тұлғалар құрған цифрлық активтерге деген көзқарасын білуге болады. Бұл ретте мемлекет барлық реттеуші құралдарды пайдаланды: ҚР аумағында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді шығаруға және айналымға тыйым салудан бастап, цифрлық кеншілердің, криптобиржалардың қызметін лицензиялауға және ҚР-да қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығаруға және айналымға рұқсат беруге дейін.

Қазақстандық қолданыстағы заңнама бойынша электрондық ақша айналымы қалай жүзеге асырылатынын қысқаша баяндап өтсек: ең алдымен, ҚР аумағында шығарылатын электрондық ақша ҚР ұлттық валютада шығарылады және оны шығаруға құқылы органдарға ҚР Ұлттық Банк, екінші деңгейдегі банктер және Ұлттық почта операторы жатады. Алдымен дәстүрлі ақшаны, яғни қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз ақшаларды электрондық ақшаға ауыстыру үшін, оны шығаруға құқылы эмитенттер мен электрондық ақша иелері болып табылатын: жеке тұлғалар, агенттер, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар арасында электрондық ақша шығару туралы шарт жасалып, оған сәйкес шығарылатын электрондық ақша көлеміне тең ақша сомасына айырбастайды. Электрондық ақшаны алған сәттен бастап оның иелеріне құқық туындайды,

жүйеде электрондық әмиян ашылып, электрондық ақшаға қатысты ақпараттың бәрін электрондық әмиян арқылы қолжетімді болады және электрондық төлем құралы арқылы электрондық ақша жүйесінің өзге қатысушыларына тауарлар мен қызметтер үшін электрондық ақша аударымдары арқылы төлем жасай алады.

Электрондық әмиянда криптовалютаны сақтау қызметімен оны жеткізушілер айналысатынын және электрондық әмиян қызметтеріне мобильді қосымшалар, веб-интерфейстер, жұмыс үстелі клиенттері не олардың үйлесімді бірігуі арқылы қол жеткізуге болатынын, сондай-ақ бірқатар ғалымдар электрондық әмиян – бұл электрондық құралдар арқылы ақша аудару және төлем қызметтерінің дәстүрлі әдістерінен бас тарту процесі, сондай-ақ карта иесіне ғана қолжетімді ақпараттар арнайы құпия сөзбен қорғалғандығын жазады [72]. Алдын ала төленген мәндер ретінде арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету мен технологияны пайдалана отырып, үлкен мәндерді пластикалық картада сақтауға болады. Микропроцессорлық чип – бұл барлық ақпаратты сақтайтын және оған қол жеткізуге мүмкіндік беретін немесе тыйым салатын чип, өйткені ол картаның сенсорлық бөлігі болып табылатынын зерттеулерде нақты түсіндіріп өтеді.

Әлемдік сауда нарықтық ақша айналымында криптовалюта мен электрондық ақша айналымы арқылы көптеген төлемдердің жүзеге асуынан қалыптасқан шетелдік тәжірибелерді жан-жақты талдай келе, елімізге нақты қажетті алғышарттар әлі де болса қолданыстағы заңнамаға толықтырулар мен өзгерістер енгізуді талап етіп, мемлекет бақылауын қажет етеді.

Қорытындылай келе, электрондық ақшаны мемлекет тарапынан толықтай қадағалауды қолға алу ұсынылады. Тек солай ғана барлық жүргізілген төлемдер мен операциялардың ашықтығын қамтамасыз етіп, соңғы кезде орын алып жатқан түрлі цифрлы активтер арқылы көлеңкелі бизнес жасап, салықтан жалтару мен алаяқтықтардың жолын кесе отырып, еліміз дамудың жаңа деңгейіне шығып, азаматтардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына еркін нарықтық алаң қалыптасатынына сенеміз.

Төлем құралы ретінде әрекет ететін ақша экономиканың халықаралық деңгейде де, жеке мемлекеттің, сондай-ақ оның аумағында тұратын қоғамның ауқымында дамуын анықтайды. Олар мемлекеттің несиелік және қаржылық жүйелерінің жұмысын қамтамасыз ету мақсатында көптеген тауарлар мен қызметтердің иелері арасында әмбебап алмасуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазіргі деңгейдегі электрондық төлем жүйелерінің қалыптасу тарихы қарастыра отырып, мыналарды атап өту қажет. Компьютерлер танымал бола бастағаннан кейін, есептеу, есептеу және бухгалтерлік есепті электронды форматқа түрлендіру жаңа есептеу қуатын қолданудың алғашқы бағыты болды. Бұрын банкноттарды тікелей физикалық тасымалдауды қажет ететін банкаралық есеп айырысулар қазір электронды түрде жүзеге асырылады. Карточкалық төлемдер мен электронды банктік аударымдарды қамтитын электрондық төлем құралдары бөлшек төлемдердегі қолма-қол ақша мен қағаз чектерін біртіндеп ығыстырды, дегенмен қағаз ақша әлі де үлкен айналымда, кейбір жағдайларда шағын есеп айырысулар мен қызметтерді төлеудің ыңғайлы құралы ретінде қолданымда.

Қазіргі жағдайда мемлекет мүліктік игіліктердің бар болуының бұрын

ешкімге белгісіз цифрлық нысаны – цифрлық активтерге (оларға тыйым салу немесе рұқсат беру және оларды елемеу емес, реттеу) деген өз көзқарасын ресми түрде білдіріп қана қоймай, сонымен қатар оған өз тарапынан бір нәрсені, мысалы, өзінің ұлттық валютасы – цифрлық теңгенің цифрлық нысанын салыстыруға тиіс.

1995 жылы 30 наурызда «Ұлттық Банк туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды және 1995 жылы 31 тамызда «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, заңнамаларда уәкілетті органның төлем жүйелеріне қатысуы мен өкілеттігі туралы нормалар бекітілген [73].

Бұдан басқа, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төлем ұйымы Ұлттық банк берген төлем ұйымын есептік тіркеудің тіркеу нөмірі (бұдан әрі – тіркеу нөмірі) болған кезде төлем қызметтерінің мынадай түрлерін көрсетеді:

– ақша жөнелтушінің банктік шотын ашпай төлемді жүзеге асыру үшін қолма қол ақшаны қабылдау жөніндегі қызметтер;

– электрондық ақша мен төлем карточкаларын сату (тарату) жөніндегі қызметтер;

– электрондық ақшаны пайдалана отырып жасалатын төлемдерді қабылдау және өңдеу жөніндегі қызметтер;

клиент электрондық нысанда бастамашылық жасаған төлемдерді өңдеу және қажетті ақпаратты банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға осы төлемдер бойынша төлемді және (немесе) аударымды жүзеге асыру не ақша қабылдау үшін беру жөніндегі қызметтер.

2020 жылғы 17 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне шетел валютасындағы ипотекалық қарыздар, төлем қызметтері нарығы субъектілерін реттеуді жетілдіру, жалпыға бірдей декларациялау және экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң күшіне енді [74]. Ол құжатта негізінен ақшаны жылыстату, елден капиталды шығару және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл тәуекелдерін азайту үшін банктік емес қаржы ұйымдарының қызметін реттеуді жетілдіруге бағытталған нормаларды қамтиды.

Сонымен қоса, Ұлттық Банктің төлем ұйымдарының, төлем жүйелерінің қызметін реттеуді жетілдіру және заңсыз операциялар үшін банктік емес төлем ұйымдарының сервистерін пайдалануды болдырмау бөлігіндегі өкілеттіктерін бекітілді. Атап айтқанда:

– электрондық әмияндарды анықталмаған пайдаланушылар арасында аударуға тыйым салынады;

– электрондық ақша операцияларына әртүрлі лимиттер белгіленеді;

– заңсыз операцияларға қарсы әрекет ету мақсатында төлем жүйелерінің операторлары үшін міндеттер белгіленеді;

жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға төлем операцияларына қызмет көрсету үшін электрондық әмияндарды пайдалануға мүмкіндік беріледі.

Осы орайда, Қазақстандық бизнеспен электрондық ақшамен жұмыс істеудің

мысалын келтірейік.

Мысалға, балалар ойыншықтарының интернет-дүкенінің иесісіз делік. Сіздің әлеуетті сатып алушыларыңыз сіздің интернет-дүкеніңізден тауарды қолма-қол ақшасыз төлеммен сатып алуы үшін Сізге Ұлттық Банк тіркеген төлем ұйымымен шарт жасасу арқылы интернет-эквайринг функционалын іске асыру қажет болады. Содан кейін сіз өзіңіздің сайтыңызға немесе мобильді қосымшаңызға төлем формасын орнатуыңыз керек.

Интернет дүкендерге арналған интернет-эквайринг-бұл сатып алушылардан төлемдерді қабылдау қызметі, содан кейін сатушы көрсеткен деректемелер бойынша алынған ақшаны аудару. Қызмет ақылы, ал комиссия мөлшері 2-ден 5 %-ға дейін болуы мүмкін. Пайыз ақша айналымына, ілеспе қызметтерді көрсетуге, төлем арнасына және басқа факторларға байланысты.

Сонымен қатар, соңғы екі жылдағы ҚР Ұлттық Банкі статистикалық мәліметі бойынша кесте 5 сәйкес, төлем операцияларының көрсеткіштерін қарастыратын болсақ, біз электрондық ақшалармен және мобильді құрылғылар мен интернет арқылы жүргізілген операциялардың жалпы сомасының ұлғайғанын көреміз.

Кесте 5. 2022-2023 ж.ж.жүргізілген операциялардың жалпы көлемі

Операциялар түрлері	2022 жыл	2023 жыл	% арақатынасы
электрондық ақша операцияларының жалпы көлемі	514,48 млрд теңге	596,8 млрд тенге	16% өсім
қолма -қол ақшаларды қабылдауға байланысты төлем ұйымдары жүргізген опрациялардың жалпы көлемі	1983,77 млрд теңге	2 200 млрд теңге	10,9% өсім
мобильді құрылғылар мен интернет арқылы жүргізілген операциялар көлемі	3246,67 млрд теңге	4 870 млрд теңге	1,5 есе өсім
Ескертпе: кесте ҚР ҰБ сайтынан алынған ақпарат негізінде құрастырылған			

Қазіргі таңда цифрлық дамуы мен кешенді қызмет көрету саласында ешбір аналогы жоқ Kaspi bank эмитенті болып табылатын электрондық ақша жүйесінің ережесін талқылап, Осы «Kaspi Bank» АҚ электрондық ақша жүйесінің Ережесі интернетпен бірге, дербес компьютерлер, смартфондар, электрондық терминалдар арқылы және қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін басқа да тәсілдермен байланыс арналары бойынша қашықтан төлем мен аударымдар жасаған кезде «Kaspi Bank» АҚ-тың электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеу тәртібін айқындайды. Осы сияқты салыстырмалы түрде талдау жасалған «Wooppay» және «Aitu – Платежные решения» электрондық ақша жүйелерінің төлем сервистерін қолдана отырып, операцияларды жүзеге асыруы бойынша шарттарын қарастырдық [75, 76, 77].

Қазіргі таңда Қазақстанда жұмыс істеп тұрған электрондық ақша жүйелеріне арналған кесте 6-ға назар аударсақ, электрондық ақша жүйесі бір эмитенттің қатысуымен жұмыс істейді.

Кесте 6. Қазақстанның электрондық ақша жүйелері (*21.05.2024 жағдай бойынша*)

Р/н	**Электрондық ақша жүйесі**	**Эмитент**	**Электрондық ақша жүйесінің операторы**
1	2	3	4
1	«Wooppay»	«Евразийский банк» АҚ «Народный Банк Казахстана» АҚ	«WOOPPAY (ВУППЭЙ)» ЖШС
2	«Qiwi кошелек»	«Народный Банк Казахстана» АҚ	«QIWI Kazakhstan»(КИВИ Казахстан)» ЖШС
3	«Личная Касса»	«First Heartland Jusan Bank» АҚ	«Личная Касса» ЖШС
4	«ONE»	«ForteBank» АҚ	«ONE Technologies» ЖШС
5	«AllPay»	«AsiaCredit Bank» АҚ	«Allpay (Олпэй)» ЖШС
6	«One Click»	«AsiaCredit Bank» АҚ	«MAER Soft» ЖШС
7	«Халык»	«Народный Банк Казахстана» АҚ	«Народный Банк Казахстана» АҚ
8	«Kaspi Bank»	«Kaspi Bank» АҚ	«Kaspi Bank» АҚ
9	«Homebank Wallet»	«Народный Банк Казахстана» АҚ	«Народный Банк Казахстана» АҚ
10	«Wallet One»	«Народный Банк Казахстана» АҚ	«W1 Kazakhstan» ЖШС
11	«Казпочта»	«Казпочта» АҚ	«Казпочта» АҚ
12	«Yurta»	«Народный Банк Казахстана» АҚ	«RPS Asia» ЖШС
13	«КАЗЕВРОМОБАЙЛ»	«ForteBank» АҚ «Евразийский банк» АҚ	«КАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС
14	«Innopay»	«Народный Банк Казахстана» АҚ	«Innoforce systems» ЖШС
15	«WebMoney Kazakhstan»	«Народный Банк Казахстана» АҚ	«Гермес Гарант Групп» ЖШС
16	«ASIAPAY (АЗИЯПЭЙ)»	«Банк Фридом Финанс Казахстан» АҚ «Народный Банк Казахстана» АҚ	«FFIN Payments» ЖШС
17	«Aitu – Платежные решения»	«Евразийский банк» АҚ	«Aitu – Платежные решения» ЖШС
18	«Interpay»	«НУРБАНК» АҚ	«Interpay» ЖШС
19	«NDFS»	«Народный Банк Казахстана» АҚ	«Nomad Digital Financial Services» ЖШС
20	«Cashello.kz»	«Народный Банк Казахстана» АҚ «First Heartland Jusan Bank» АҚ «НУРБАНК» АҚ	«PayDala» ЖШС
21	«Payment System»	«Народный Банк Казахстана» АҚ	«Payment industry Technologies» ЖШС
22	«PayGate»	«Народный Банк Казахстана» АҚ	«PayGate (ПэйГейт)» ЖШС
23	«S1LKPAY»	«Народный Банк Казахстана» АҚ	«S1LK PAY KAZAKHSTAN» ЖШС

Кесте 4 жалғауы			
1	2	3	4
24	«Tarlan Payments (Тарлан Пэйментс)»	«Народный Банк Казахстана» АҚ	«Tarlan Payments (Тарлан Пэйментс)» ЖШС
25	«JetPay»	«Народный Банк Казахстана» АҚ	«JetPay.kz» ЖШС
26	«Astana-Plat»	«First Heartland Jusan Bank» АҚ	«Astana-Plat» ЖШС
27	«GO Pay»	«Народный Банк Казахстана» АҚ	«Finteca» ЖШС
28	«OneVision»	«First Heartland Jusan Bank» АҚ	«OneVision» ЖШС
29	«OXY PAY»	«First Heartland Jusan Bank» АҚ «НУРБАНК» АҚ	«OXY PAY (ОКСИ ПЭЙ)» ЖШС
30	«Tulparpay»	«Банк Фридом Финанс Казахстан» АҚ	«Tulpar Payments» ЖШС
31	«Green Leaves Payments»	«Банк Фридом Финанс Казахстан» АҚ	«Green Leaves Payments» ЖШС
32	«UNIDO Payments»	«Банк Фридом Финанс Казахстан» АҚ	«UNIDO Payments» ЖШС
33	«Freedom Pay»	«Банк Фридом Финанс Казахстан» АҚ	«Freedom Pay» ЖШС
34	«Поляна.kz»	«НУРБАНК» АҚ	«Поляна.kz» ЖШС
35	«Paspay»	«First Heartland Jusan Bank» АҚ	«Payment Technologies (Пэймент Технолоджис)» ЖШС
36	«Cyber Pay»	«First Heartland Jusan Bank» АҚ	«Cyber Pay» ЖШС
Ескертпе: Ақпарат ҚР Ұлттық Банкі ресми сайтынан алынды			

2024 жылдың қаңтар айынан бастап мамыр айына дейінгі аралықта Қазақстан аумағындағы электрондық ақшалардың әрекет ету санында бірлі-жарым айырмашылықтар болған, мысалға: 2024 жылдың 11 қаңтардағы жағдай бойынша – 34 электрондық ақша жүйесі болған, төрт айдың ішінде екі элекрондық ақша жүйесі қосылып отыр [78].

Қорытындылай келе, электрондық ақша реттеудің айналымын қаржылық-құқықтық негізі саласында қазақстандық нарықта шешілмеген бірқатар мәселелер туындайды. Мысалға, елдің барлық өңірлерін қамти отырып, институционалдық ортаның және қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдау инфрақұрылымының толыққанды дамымауы, төлем нарығының бытыраңқылығы, әртүрлі жүйелер мен шешімдер арасында операциялық өзара іс-қимылдың, онлайн төлемдер бойынша банкаралық есеп айырысуларды жүргізудің тиімді тетігінің болмауы. Осы мәселелер әлі де болса заңнамалық және қаржылық тәжірибелік операциялар саласында жетілдіру жұмыстарының жүргізілуіне сұраныс тудырады.

Осы орайда ҚР Ұлттық Банкі https://www.nationalbank.kz/kz ресми сайтына шолу жасайтын болсақ, басты беттен «Қызметі»-«төлем жүйесі»-«электрондық ақша жүйесінің реестрі» деген арнайы бетке өтуге болады. Бірақ, осы жалпыға қолжетімді ресми сайттағы ақпаратта электрондық ақша жүйесі туралы қысқаша ақпарат пен №202 қаулыға сәйкес электрондық ақша шығару және пайдалану талаптары туралы қысқаша ақпарат пен әр ай сайынғы ҚР аумағындағы

электрондық ақша жүйелері бойынша кестелік ақпарат (онда қанша электрондық ақша жүйесі және эмитенті мен операторы кім болып табылатыны туралы ғана мәлімет) көрсетілген.

Осындай кешенді талдау жасай отырып, электрондық ақша айналымын мемлекеттік реттеудің катализаторы- ҚР Ұлттық Банкі өкілеттіктерін кеңейтуге ұсыныстар берілді: оның ішінде, электрондық ақша эмитенттеріне ай сайынғы кезеңге арналған операциялар бойынша есеп беру және осы операциялардың ашықтығын қамтамасыз ету бойынша арнайы үлгідегі талаптарды белгілеу қажеттілігі және Ұлттық Банктің ресми парақшасы арқылы электрондық ақша жүйесіне арналған веб-парақшаның ақпараттылық аясын кеңейту: қазіргі жағдай бойынша электрондық ақша жүйелері туралы өте қысқаша ақпарат пен ай сайынғы электрондық ақша жүйелерінің тізімі қамтылған. Егерде, электрондық ақшаның эмитенттерінен ай-сайын бекітілген нысанда жүйе жұмысы, статистикалық есептілік жүргізіліп, ол туралы ақпарат сайтта орын алса, электрондық ақша жүйелерінің қолданыстағы жай-күйі мен азаматтардың электрондық ақшаларды қолдануда басшылыққа алуы тиіс толыққанды ақпараттардың қолжетімділікте болуы, сонымен қатар теріс ниетпен электрондық ақша жүйесін пайдалану салдарынан туындайтын қылмыстық әрекеттердің алдын-алу мен азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыруда үлкен маңызға ие болатыны сөзсіз. Ұлттық Банктің электрондық ақша жүйелерін лицензиялау қызметінің толыққанды сипаты мен төлем жүйелерін қадағалау мен реттеу саласындағы оверсайт қызметінің нәтижесін осылай ресми ақпараттардан алу бұл елімізде жұмыс істейтін электрондық ақша жүйелерінің жұмыс істеуінің ашықтығын, бәсекеге қабілеттілігін және ұлттық төлем жүйесіндегі маңызын арттыруға әсер етеді.

2.2 ҚР электрондық ақша айналымын мемлекеттік-құқықтық реттеу

Қазақстан Республикасында электрондық ақша айналымының жұмыс жасауына шолу жасайтын болсақ, ел аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу қағидалары, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында электрондық ақша шығаруға құқылы эмитенттер шығарған электрондық ақшалар ұлттық валютада номиналдануы тиіс (Төлем туралы заң, 8- тарау, 42 бап, 1- тарм.).

Электрондық ақшаны шығару үшін эмитентпен жеке тұлғалар немесе агенттермен жасалған келісім шартқа сәйкес алынған сома шегінде және электрондық ақша жүйесінің ішкі ережелеріне сай жүзеге асырылады.

Электрондық ақша жүйелері не бір эмитент қатысуымен немесе бірнеше эмитент қатысуымен жұмыс жасайды (№202 қаулы, 2- тарау).

Электрондық ақша шығару қызметін бастаған эмитент ҚР ҰБ күнтізбелік он күн ішінде келесідей құжаттарды ұсынып, арнайы нысандағы қосымша негізінде

хабарлайды:

- бекітілген электрондық ақша жүйесінің ішкі қағидаларын;
- электрондық ақша жүйесіндегі эмитенттің мәртебесін растайтын құжаттарын;
- электрондық ақша иелерімен жасалатын келісім шарттардың үлгілері;
- қауіпсіздік рәсімдерінің бар екенін растау;
- электрондық ақша жүйесі туралы толық ақпарат (электрондық ақша жүйесінің атауы мен опреоратор атауы, электрондық әмиян түрі және жүйе қатысушыларының шарттық өзара іс- қимылдары туралы, эмитент болып табылмайтын оператор іс-әрекет схемалары, жүйеде қолданылатын тәуекелдер және оларды басқару әдісінің сипаттамалары)
- электрондық ақша айналымы ақпараттарын өңдеуге байланысты бағдарламалық -техникалық құралдар, қоланылатын байланыс арналарының сипаттамалары туралы ақпарат және жүйедегі ақпараттарды рұқсатсыз пайдаланудан қорғау үшін ұйымдастыру тәсілдері мен бағдарламалық - техникалық құралдарудың сипаттамалары.

Электрондық ақшаны сатып алу келсідей тәртіппен жүзеге асырылады: жеке тұлғалар мен агенттер қолма-қол ақшаны не ақшаны қолма-қол жасалмайтын тәсілмен эмитенттің тиісті шотына аудару арқылы көрініс табады.

Электрондық ақша иесін электрондақ ақша эмитенті немесе операторы электрондық ақшаны шығару кезінде келесідей ақпараттармен таныстырады: электрондық ақшамен операциялар жүргізу тәртібі мен оны пайдалану барысында туындайтын тәуекелдер туралы, шағымдар беру тәсілдері мен оны қарастыру тәртібімен, комиссиялық сыйақылар мөлшері мен түрлері туралы толыққанды ақпарат береді.

Сондай-ақ, электрондық ақшаны шығаруды растайтын арнайы түбіртек беру арқылы электрондық ақша иесіне келесідей деректер белгілі болады. Түбіртекте:

- эмитенттің эмитент атауы мен деректемелері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- электрондық ақша шығару операцияның жасалған уақыты, күні, айы; шығарылған түбіртектің реттік нөмірі;
- электрондық ақша иесінен түскен төлем сомасы;
- эмитентпен шығарылған электрондық ақша сомасы;
- электрондық әмиян иесінің сәйкестендіру код нөмірі;
- егер алынған жағдайда, сыйақы мөлшері көрсетіледі.

Электрондық ақша эмитенттері мен агент арасында келісім-шарт жасалып, онда электрондық ақшаны сатып алу тәртібі мен сату талаптары, операциялар кезінде ақпарат алмасу режимдері мен ақпараттардың құпиялылығын қамтамасыз ету және тиісінше жауапкершілік көздеу шаралары, тараптар (эмитнет пен агент) арасындағы дауларды шешу тәртібі қарастырылады.

Агенттердің электрондық ақшаларды сатуы электрондық терминалдар, қолма-қол және қолма-қол жасалмайтын төлемдерді қабылдау пункгері, қашықтан кіретін электрондық жүйелер мен интернет ресурстар арқылы жүзеге асырылады.

Электрондық ақшаны өтеу оның иесіне қолма-қол ақшаны беру немесе банк шотына тиісті соманы аудару арқылы жүргізіледі.

Электрондық ақша жүйелері мен эмитенттеріне қойылатын талаптарға мыналар жатады (5-тарау, №202 қаулы):

- қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарс іс-қимыл туралы ҚР Заңына сәйкес, алаяқтықты анықтау мен болдырмау, сондай-ақ электрондық ақша жүйелерінде ұйымдастыру мен рәсімдер шараларымен қамтамасыз етуі;
- электрондық ақша агенттерінің төлем жүйесі туралы заң талаптарын сақтауы;
- электрондық ақша эмитенті мен оператор электрондық ақша жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
- электрондық ақша жүйелерінің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдар мен ақпараттарды үздіксіз қорғауды ұйымдастыру мен құпиялылықты сақтауды үйлестіру және т.б. жатады.
- Сонымен бірге электрондық әмияндағы электрондық ақша қалдығына есептілік жүргізуді электрондық ақша операторы немесе эмитент жүзеге асырады.
- Осы аталған электрондық ақша жүйелерінің жұмыс жасау тәртіптерін қарастыра отырып, оны мемлекеттің тарапынан қалай реттелетініне тоқталайық.

ҚР электрондық ақша айналымын мемлекеттік реттеу қаржы жүйесінің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған бірнеше негізгі тетіктерді қамтиды. Реттеудің негізгі тетіктеріне мыналар жатады:

– *Заңнамалық база:*

Қазақстандағы электрондық ақша айналымын реттеудің негізі электрондық ақша мен олардың эмитенттерінің жұмыс істеу қағидаларын айқындайтын бірқатар заңдар мен нормативтік актілер болып табылады:

«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы: бұл заң төлем жүйелері операторларының қызметін, соның ішінде электрондық ақшаны шығару мен айналымын реттейді.

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заң: заңсыз қаржылық операциялардың алдын алу үшін электрондық ақша операцияларын міндетті бақылау мен бақылауға қатысты ережелерді қамтиды.

– *Қазақстан Ұлттық Банкінің Рөлі:*

Қазақстан Ұлттық Банкі электрондық ақша нарығын реттеуде орталық рөл атқарып, келесідей функцияларды жүзеге асырады:

1) Лицензиялау: ҰБ электрондық ақша эмитенттеріне олардың қаржылық тұрақтылығы мен операциялық қызметіне қойылатын талаптарды белгілей отырып, лицензиялауды жүзеге асырады.

2) Қадағалау және бақылау: Ұлттық Банк төлем жүйелері операторларының және электрондық ақша эмитенттерінің қызметіне қадағалауды жүзеге асырады, олардың қызметіне тұрақты тексерулер мен аудит жүргізеді.

3) Нормативтік актілерді әзірлеу: ҰБ транзакция қауіпсіздігі және Тұтынушы деректерін қорғау сияқты электрондық ақша айналымының әртүрлі аспектілерін реттейтін ережелер мен нұсқаулар шығарады.

– Қауіпсіздік және деректерді қорғау талаптары:

Реттеу сонымен қатар электрондық ақша операцияларының қауіпсіздігіне және пайдаланушы деректерін қорғауға қойылатын қатаң талаптарды қамтиды:

– *Деректерді шифрлау*: операторлар транзакциялар мен пайдаланушы деректерін қорғау үшін заманауи шифрлау әдістерін қолдануға міндетті.

– *Клиенттерді сәйкестендіру* (KYC): барлық операторлар электрондық ақшаны заңсыз мақсатта пайдаланбау үшін клиенттерді сәйкестендіру процедураларын жүргізуге міндетті.

– Мониторинг және есеп беру: реттеуші операторлардан барлық операциялардың мұқият есебін жүргізуді және олардың қызметі туралы үнемі есеп беруді талап етеді.

– *Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес:*

Реттеудің негізгі аспектілерінің бірі қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс қимыл болып табылады:

– *Күдікті транзакциялар*: электрондық ақша операторлары күдікті әрекеттер үшін транзакцияларды бақылауға және мұндай транзакциялар туралы уәкілетті органдарға хабарлауға міндетті.

– *Комплаенс-рәсімдер*: ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға байланысты тәуекелдерді тұрақты бақылау және бағалау үшін комплаенс-рәсімдерді енгізу.

– *Халықаралық ынтымақтастық:*

Қазақстан халықаралық ұйымдармен белсенді ынтымақтасады және электрондық ақшаны реттеудегі әлемдік үрдістерді бақылайды:

FATF-пен ынтымақтастық: Қазақстан ақшаны жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі халықаралық топпен ынтымақтасады және оның ұсынымдарын ұлттық заңнамаға енгізеді.

Қазақстандағы электрондық ақша айналымын мемлекеттік реттеу заңнамалық, қадағалау және халықаралық аспектілерді қамтитын кешенді және көп қабатты процесс болып табылады. Бұл елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін, сондай-ақ электрондық қаржы технологияларының қарқынды дамып келе жатқан нарығы жағдайында тұтынушылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Электрондық ақшаларды қорғау мәселесі олардың әлемдік қаржы нарығында қолданысқа енуінен басталған болатын. Электрондық ақша құралдарын криптографиялық қорғау әдістерін алғаш ұсынған американдық криптограф және программист Д. Ли Чаум болды. Оның әзірлеген ұсыныстарында: электрондық ақша e-cash анонимдік құралы, криптографиялық хаттамалар енгізу болды. Сонымен бірге Х. Ван Антверпен бірлесіп жеке және топтық сандық қолтаңба ұғымын қолданысқа енгізіп, интернет желісінде қаржы ақпараттарын веб- беттерде қараудың анонимді құралдарын жасай отырып,

қаржылық операцияларды жүргізуде анонимді қарым-қатынас орнатуды ұсынады.

№ 202 қаулының 6- тарауына сәйкес, электрондық ақша иелерінің жеке тұлғаларды қашықтан сәйкестендіруді эмитент пен оператор Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банктік қызметтерін көрсету қағидалары» атты №212 қаулысына сәйкес, тәртіппен және негіздерде банкаралық ақша аудару жүйесі орталығынан алынған қолжетімді ақпараттарға сай жүргізеді

Аутентификация дегеніміз- қауіпсіздік рәсімінің талаптарына орай электронды құжаттардың түпнұсқалығы мен дұрыс жасауын растауы;

Бір реттік код деп электрондық банктік қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз етуде бір реттік қолдануға арналған клиенттің сұрауы бойынша бағдарламалық -техникалық құралдармен жасалған электрондық цифрлық бейнелердің айырықша кезектілігін айтамыз.

Биометрикалық сәйкестендіру деп клиенттің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктері негізінде оның электрондық банктік қызметтерді алуға құқығын бірыңғай растайтын жеке басын анықтайтын рәсімді түсінеміз.

Пароль-электрондық банктік қызметтер алу үшін банк жүйесіне кіруге құқық беруді растайтауға жасалған цифрлық, әріптік және өзге де белгілердің жиынтығы.

Қауіпсіздік рәсімдері болып электрондық құжаттарды алуда және беруде мазмұнының өзгерістері мен қателіктерді анықтауда және электрондық банктік қызметтерді алуға құқығы бар екенін анықтау мақсатында клиенттерді сәйкестендіруге арналған ақпараттарды қорғауға арналған ұйымдастырушылық шаралардың кешені және бағдарламалық- технологиялық құралдар табылады.

Динамикалық сәйкестендіру дегеніміз бір реттік кодты пайдаланумен электрондық банктік қызметтер алуға құқықты растау үшін клиенттің жеке басын анвқтайтын рәсім болып табылады.

Осындай іс-шаралардың кешенін жүзеге асыру арқылы электрондық ақша жүйесін қолдану мен әр түрлі қызметтерге қол жеткізде жеке басты сәйкестендіру рәсімдері жүзеге асыру түрлерін қарастырдық.

Электрондық ақшаны қолданудың қауіпсіздігін арттыру мақсатында эмитенттерінің маңыздылығына сүйене отырып, клиенттердің қаражаты айналымын реттеу мен қорғаудың кешенді және сенімді негізін құру қажет. Ол үшін эмитенттерге пропорционалды және негізделген реттеу талаптары қойылуы керек. Мысалы, олар тәуекелдерді анықтау және шектеу үшін операциялық тәуекелдерді басқару және басқару жүйелерін құруы керек. Сондай-ақ оларға бөлшек несие берумен айналысуға тыйым салу керек. Сонымен қатар, банк клиенттеріне қарағанда сауаттылығы төмен клиенттерді қорғау үшін эмитенттер алымдарды жария ету, тұтынушы деректерін қорғау және шағымдарды қарау ережелерін орнатуы керек. Осылайша, электрондық ақшаны қолданудағы қауіпсіздік шараларын қарастырудың ең қарапайым ережелері жүзеге асырылады.

Қазақстан Ұлттық Банкі қаржы жүйесінің сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, елдегі электрондық ақша айналымын реттеуде орталық рөл атқарады. Оның функциялары нормативтік актілерді әзірлеу мен енгізуді, нарық қатысушыларын лицензиялау мен қадағалауды, сондай-ақ деректерді қорғауды қамтамасыз етуді және заңсыз операциялардың алдын алуды қамтиды. Халықаралық ынтымақтастық және үздік әлемдік тәжірибелерді енгізу Қазақстанда электрондық ақшаны реттеуді одан әрі дамытуға және жетілдіруге ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы «Ұлттық Банк туралы» заңына сәйкес, Ұлттық Банк мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеуді және жүргізуді, төлем жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, валюталық реттеуді және валюталық бақылауды жүзеге асыратын, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесетін және мемлекеттік статистиканы жүргізетін, сондай-ақ өз құзыреті шегінде қаржы нарығын, қаржы ұйымдары мен өзге де тұлғаларды және Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасы саласында мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады [17].

Қазақстан Ұлттық Банкі республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға ретінде өзінің дербес балансы және өзінің филиалдарымен, өкілдіктерімен, ведомстволарымен және ұйымдарымен бірге біртұтас құрылымды құрайды.

ҚР ҰБ қызметінің басты мақсаты–мемлекетте баға тұрақтылығын қамтамасыз ету, ал осы мақсатты жүзеге асыру барысында:

– мемлекеттің ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу;

– төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

– валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асыру;

– қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу, – біз қарастырып отырған электрондық ақша айналымы бойынша өте маңызды міндеттер болып саналады.

Осы аталған міндеттерді іске асыру барысында ҰБ келесідей қызметтер атқарады:

– Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақша-кредит саясатын әзірлейді және жүргізеді;

– Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының жалғыз эмитенті болып табылады және Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақша айналымын ұйымдастырады;

– банкаралық ақша аударымдары жүйесін, банкаралық клиринг жүйесін және пайдаланушылар арасында Қазақстан теңгесімен ақша аударымдарын жүргізуді қамтамасыз ететін басқа да төлем жүйелерін реттейді және қадағалауды (оверсайт) жүзеге асырады;

– егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ақша төлемдері мен аударымдарын реттеу мақсатында, банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары және кәсіпкерлік қызмет

субъектілері банк шоттары бойынша жүзеге асыратын төлемдердің кезектілігін Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімі бойынша белгілейді;

– статистикалық әдістемені әзірлейді және қолма-қол ақша айналысы, ақша-кредит статистикасы және қаржы нарығы статистикасы, төлем балансы, сыртқы борыш, халықаралық инвестициялық позиция, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі бастапқы статистикалық деректердің тізбесін, нысандарын, мерзімдері мен оларды ұсыну тәртібін айқындайды;

– қаржы нарығына шолу жасау, ақша-кредит статистикасы және қаржы нарығы статистикасы, төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі статистикалық ақпаратты қалыптастырады және таратады, төлем балансын болжамдық бағалауды әзірлеуге қатысады;

– валюталық реттеу, ақша-кредит статистикасы мен қаржы нарығы статистикасы, қолма-қол ақша айналысы, төлемдер және төлем жүйелері, қаржылық тұрақтылық, қаржы ұйымдары мен олардың үлестес тұлғаларын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдарын, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымды, кредиттік бюроларды және коллекторлық агенттіктерді реттеу, бақылау және қадағалау мәселелері бойынша әкімшілік деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асырады;

– Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы айқындайтын тізбеге және тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына ресми бағамын белгілейді және жариялайды;

– өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша валюталық операцияларды жүзеге асыратын және қаржы ұйымдары болып табылмайтын резиденттерге және бейрезиденттерге, төлем жүйелерінің операторларына, төлем жүйелерінің операциялық орталықтарына, сондай-ақ банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылмайтын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілерге шектеулі ықпал ету шараларын, қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларға және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларға қадағалап ден қою шараларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды және өзге де шараларды қолданады;

– көрсетілетін төлем қызметтеріне байланысты қызметті жүзеге асыру мақсатында, қаржы ұйымдары болып табылмайтын төлем ұйымдарына және (немесе) өзге заңды тұлғаларға қатысты ерекше реттеу режимін енгізеді және құзыреті шегінде олардың қызметін реттейді.

Мемлекеттің тұрақтандыру шараларының кешені екі тікелей шараларды да қамтиды экономика мен қаржы секторын қолдау, сондай-ақ реттеу шаралары

бірқатар қабылданған заңдар мен нормативтік актілерді, сондай-ақ өзгерістер мен пруденциалдық нормативтерді қамтиды.

Және де, ҰБ мынадай өкілеттіктерге ие болады:

– операторы Қазақстанның Ұлттық Банкі не оның еншілес ұйымы болып табылатын төлем жүйелерінің жұмыс істеу қағидаларын;

– төлем жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін ұйымдастыру шараларына және бағдарламалық-техникалық құралдарға қойылатын талаптарды;

– Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу қағидаларын, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарды;

– төлем ұйымдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларын;

– Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын;

– көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидаларын;

– көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілердің тізілімін жүргізу қағидаларын;

– төлем жүйелерінің тізілімін жүргізу қағидаларын;

– маңызды төлем жүйелері өлшемшарттарының көрсеткіштерін;

– көрсетілетін төлем қызметтерін берушіні көрсетілетін төлем қызметтерін маңызды берушілерге жатқызатын көрсеткіштерді бекітеді.

Ақшаны жылыстатуға қарсы қаржылық шараларды әзірлеу тобы (FATF) – 1989 жылы ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы халықаралық стандарттарды әзірлеу және енгізу үшін құрылған үкіметаралық ұйым [79]. FATF 39 мүшеден тұрады, соның ішінде АҚШ, Канада, Еуропалық Одақ және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының көптеген елдері.

Қазақстан Халықаралық қаржы қоғамдастығының қатысушысы ретінде өзінің қаржы мониторингі жүйесін FATF ұсынымдарына сәйкес келтіру бойынша белсенді жұмыс істейді. Бұл қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, шетелдік инвестицияларды тарту және елдің халықаралық имиджін жақсарту үшін маңызды.

Қазақстан FATF мүшесі болып табылмайды, алайда ол осы ұйыммен белсенді ынтымақтасады және FATF-пен байланысты өңірлік ұйымдардың қызметіне қатысады. Атап айтқанда, Қазақстан ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес жөніндегі Еуразиялық Топтың мүшелігіне 04 шілде 2011 жылдан бастап қосылды [80]. Бұл мүшелік Еуразиялық топ мүшелерінің жауапкершілік дәрежесін арттырады және олардың ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес жөніндегі халықаралық қызметке және FATF-қа одан әрі интеграциялануына ықпал ететіндігін көрсетеді.

Ақшаны жылыстатумен байланысты операциялар ақша курсы мен пайыздық мөлшерлемелерге кері әсер етіп, кредиттік ұйымдардың беделін төмендетуге әкеледі. Ақырында бұл ақшалар жаһандық қаржы жүйесіне түсіп,

жекелеген елдердің экономика мен валютасын бүлдіріп, халықаралық және ұлттық қауіпсіздікке үлкен қауіп төндіруі мүмкін. Оның әсерінен қаржы нарығының тұтастығы бұзылып, көлеңкелі экономиканың әртүрлі белгілері көрініс беруі мүмкін.

Осы орайда, Қазақстан заңнамалық деңгейде «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңын қабылдап және Қаржы саласындағы қылмыстар үшін жауапкершілікті күшейтуге қатысты қылмыстық кодекске және әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексе өзгерістер енгізу мәселелерін қарастырды.

Соған сәйкес, ұлттық заңнаманың FATF-стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылы Қазақстан Республикасы қаржы мониторинг агенттігі «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) тәуекелдерін ұлттық бағалау» деп аталатын арнайы баяндамамен ашық есеп жариялай отырып, онда ұлттық заңнаманың жай-күйі мен осы салада атқарылып жатқан іс-шаралар туралы толыққанды ақпараттар берілді.

Осы орайда, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) қарсы күрестің ұлттық жүйесі ретінде қаржы мониторингі субьектілері мен өзарабайланыс және өзара әрекет етумен қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы күресу саласында мемлекеттің саясатын жүзеге асыратын ҚР арнайы органдары мен құқық қорғау және мемлекеттік органдарының жиынтығы болып табылады.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру мен ақша жылыстатуға байланысты қатерге көбірек бейім болатын қылмыстардың санатына келесілерді жатқызамыз:

- алаяқтық қылмыстары;
- салық қылмыстары;
- экономикалық контрабанда;
- сыбайлас жемқорлық және бюджет қаражатын ұрлау қылмыстары;
- есіркінің заңсыз айналымы.

- Бұл қылмыстарға әкелетін тәуекелдердің алдын алу шараларының бірі ретінде электрондық ақша қолданушыларды сәйкестендіру өткен кезде оларды мобильді байланыс операторларына байланыстыратын қосымша механизм әзірлеу болып табылады.

- Назар аударатын жайттың бірі кірістерді жылыстатудың орташа тәуекелдерінің тобына жататын жағдайдың бірі виртуалдық валюталарды (криптовалютаны) қолдану болып табылады. Виртуалдық активтерді Қазақстанда қаржы мониторингінің субьектісі ретінде «Астана» халықаралық қаржы орталығы қатысушылары қолданады. 2018 жылдан бастап өз қызметін бастағаннан Қазақстандағы және Орталық Азиядағы қаржы мен бизнестің жаһандық орталығы ретінде еліміздегі бизнесті жүргізудің жаңа ұйымдық-құқықтық нысанын ұсынады.

Тәуекелдерді азайту үшін қолданылатын шаралар арасында Қазақстанда 2020 жылы заңнамаға өзгерістер енгізілуіне орай, сәйкестендіру өтпеген электрондық ақша жүйесінің клиенттеріне төлемдер мен аударымдарға тыйым салу мен электрондық ақшаның сәйкестендіру өтпеген клиенттеріне электрондық ақшаны өтеуге (жүйеден шығаруға) тыйым салынды. Сонымен бірге, операциялар сомасына, бір электрондық әмияндағы сақталған соманың ең жоғарғы шегіне және клиенттерді сәйкестендіру белгіленді. Мұның бәрі электрондық ақша жүйесін қолдану арқылы қылмыстық жолмен алынған кірісті жылыстату саласындағы тәуекелдердің алдын алып, оны азайтуға бағытталған шаралар кешені болып табылады.

«Ұлттық төлем жүйесін дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының Қаулысына сәйкес, төлем нарығына қатысушылармен өзара іс-қимыл жасай отырып мынадай негізгі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізеді [2]:

– Жедел/мезеттік төлемдер жүйесін ұйымдастыру:

Жедел/мезеттік төлемдер жүйесін құру елде төлем саласын дамытудағы заңды әрекет болып табылады. Жедел/мезеттік төлемдер жүйесі нақты уақыт режимінде кез келген төлем құралы мен арнасын пайдаланып, бөлшек төлемдерді, ақша аударымдарын тәулік бойы жүргізуге бағытталған.

Қазіргі уақытта Қазақстанның қаржылық қызмет көрсету нарығында төлем операцияларын жүзеге асыру және ақпарат беру үшін клиент-банк, банк-банк деңгейінде өзара іс-әрекет жасаудың әртүрлі стандарты қолданылады, олар төлемдерді өңдеудің заманауи технологиясымен толық сәйкеспейді және ынтымақтастық пен өзара іс-қимылдың халықаралық деңгейіне шығуда тежеуші фактор болып табылады. Қазақстанда ISO 20022 стандартын қолдануға өту қаржы институттары, клиенттер (тұтынушылар) және инфрақұрылыммен тартылған басқаларының арасындағы қарым-қатынасты жергілікті тұрғыдан да әрі халықаралық ауқымда да үйлестіруге мүмкіндік береді, көрсетілетін төлем қызметтерінде қолданылатын жаңа ақпарат легін тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді.

– Эмитент электрондық ақша жүйесіне қатысушылар арасындағы электрондық ақшаны пайдалана отырып жасалатын барлық операцияларды тіркеуді, сондай-ақ оның тұтастығы мен өзгермеуін сақтай отырып қалыптастырылған, жіберілген немесе алынған форматта электрондық ақшаны пайдалану кезінде қалыптастырылатын ақпаратты кемінде бес жыл сақтауды қамтамасыз етеді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының өкілеттігін қарастыратын болсақ, төлемдер жүйесінде және электрондық ақша аналым жүйесіне қатысты мыналарды (ҚР ҰБ туралы Заңның 15-бап):

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі операторы не еншілес ұйымы болып табылатын төлем жүйелерінің жұмыс жасау қағидаларын бекітеді;
- Төлем жүйелерінің қолжетімділігіне әкелетін ұйымдастыру шаралаы мен бағдарламалық- техникалық құралдарға қойылатын талаптарды бекітеді;
- Қазақстан территориясында электрондық ақша шығару мен оны пайдалану және электрондық ақшаны өтеу қағидаларын және де эмитенттерге

және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарды бекітеді;

- Төлем ұйымдарының қызметтерін ұйымдастырудың қағидаларын бекітеді;

- Көрсетілетін төлем қызметтері туралы ақпараттар беру қағидаларын және т.б. бекітеді.

Сонымен қатар, ҚР Ұлттық Банкінің төлемдерді, ақша аударымдарын және төлем жүйелерін, көрсетілетін төлем қызметтерінің нарығы жұмысын ұйымдастыру мен реттеудегі өкілеттігіне тоқталсақ (ҚР ҰБ туралы заңы, 8-тарау, 48 бап):

Қазақстан аумағанда төлемдер мен ақша аударымдарын және төлем жүйелері мен олардың көрсетілетін қызметтерін ұйымдастыру мен реттеудегі өкілеттіктері және төлем қызметтері нарығын мемлекеттен бақылау мен қадағалауды жүзге асырудың өкілеттіктері Қазақстан Республикасының «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» заңымен, өзге де заңдармен айқындалады. Демек, мемлекеттің төлем жүйелерін қадағалауы мен реттеуі саласындағы (оверсайт) қызметін осы аталған заңдар аясында жүзеге асыратынын көреміз.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы электрондық ақшаның рөлін қарастыра отырып, олардың қызмет етуінің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздерін жетілдірудің келесі бағыттарын бөліп көрсету қажет. Біріншіден, көптеген ғалымдар мен мамандар атап өткендей, салық төлеуден жалтару және заңсыз кірістерді жасыру, криптовалюта және басқа да электронды төлем құралдарын пайдалану арқылы терроризмді қаржыландыру проблемасы туындайды, бұл қазіргі ақпараттық әлемде оларды қадағалау айтарлықтай мәселелер тудырады. Жаһандық желіде заңсыз транзакцияларды қадағалау процесін нақтырақ реттеу және кірістерді жасыру, заңсыз алынған қаражатты «жылыстату», заңсыз әрекеттерді қаржыландыру үшін жасырын цифрлық ақшаны пайдалануды болдырмау үшін транзакциялар көлеміне шектеулерді реттеу қажет т.б. [81]. Бұл аталған мәселелер электрондық ақша айналымын қаржылылық- құқықтық реттеу негізінде пайда болатын мәселелерге жатады. Және оларды жүйелі әрі тиімді шешу үшін мемлекеттің электрондық ақша айналымын толықтай бақылауы және қадағалауы саласында көптеген жұмыстар жасалуы қажеттілігін туындатады.

Қорытындылай келе, электрондық ақша эмитенттерінің құрамын олармен операцияларды жүзеге асыру үшін және электрондық ақшаны пайдалануға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінен лицензиясы бар қаржы ұйымдарымен толықтыру қажеттілігі дәлелденді. Қазіргі таңда ҚР Ұлттық Банкі мен екінші деңгейлі банктер және ұлттық пошта операторы электрондық ақша эмитенттері болып табылады. Оған қоса, арнайы Ұлттық Банктен лицензия алған қаржы ұйымдарына да электрондық ақша эмитенттері ретінде қатарын толықтыру эмитенттер арасындағы бәсекелестік пен ұсынылатын қызметтердің сапасына және электрондық ақшаның таралуына кеңінен әсер етеді.

Сонымен қатар, жан-жақты талдауларға қорытынды жасай келе, электрондық ақшаны тікелей шығару және өтеу жөніндегі қызметтен басқа, электрондық ақша эмитенттері жүзеге асыра алатын операциялардың

тізімдемесімен қолданыстағы заңнаманы толықтыру ұсынылды. Нақтылай келе, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасында және Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу қағидаларын, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы №202 қаулыдада электрондық ақшаны қолдану арқылы жүргізілетін операциялардың тізімі толық көрсетілмей, тек келесідей операцияларды жүргізу тәртібі мен талаптары көрініс тапқан:

1. Электрондық ақшаны шығару және өткізу;
2. Электрондық ақшаны пайдалану және өтеу;
3. Электрондық ақша иелерін қашықтықтан сәйкестендіру;
4. Электрондық ақша жүйелеріне операторларының қауіпсіздік шаралары.

Осы аталған тізім бойынша электрондық ақшаны пайдалану аясы өте шектеулі көрінеді. Алайда қолданыстағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Бақармасының «Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу қағидаларын, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» №202 қаулысына электрондық ақша жүйелерін пайдалану арқылы жасалатын өзге де операциялар тізімімен толықтыруды ұсынамыз, оларға:

1) Пайдаланушылар арасында электрондық ақша аудару операцияларын жүргізу;
2) Электрондық ақшаны ұлттық және шетел валютасына айырбастау;
3) Электрондық әмиянда электрондық ақшаны сақтау және басқару;
4) Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді төлеу үшін электрондық ақшаны пайдалана отырып, төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру;
5) Пайдаланушыларға электрондық ақшамен операциялар бойынша үзінді көшірмелер мен есептерді ұсыну;
6) Электрондық ақшаны пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету және алаяқтықтың алдын алу бойынша операцияларды жүргізу;
7) Электрондық ақшаны басқа төлем жүйелерімен және қаржы институттарымен интеграциялау;
8) Келісім-шарттар негізінде электрондық ақшаларды пайдалануға клиенттерді тарту және оларға қызмет көрсету.
9) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне қайшы келмейтін өзге де операциялар жатады.

Электрондық ақшаны пайдалану арқылы жүзеге асырылатын операциялардың мұндай тізімі қаржы нарығында электрондық ақша жүйелерінің толыққанды жұмыс істеуі мен қызмет ету аясының кеңейтеді.

2.3 ҚР электронды ақша айналымын құқықтық реттеудің мәселелері: цифрлық теңгенің құқықтық мәртебесі

Ақпараттық қоғамда цифрлық технологияларды кеңінен қолдану әр түрлі

саладағы қоғамдық қатынастардың өзгеруіне әсер етіп, іргелі құқықтық салаларды, құқықтық реттеудің және институттардың теориялық-әдістемелік негіздеріне өзгерістерге ұшырауына, сондай-ақ цифрлық технологиялардың дамуына да маңызды рөл атқарады. Цифрлық технологиялардың өте жылдам әрі жаңашыл түрлерінің даму шартына сәйкес, қолданыстағы құқықтық жүйе цифрлық технологиялардың өзгерістеріне тез әрекет ете алмауы көрініс тапты.

Жаңа цифрлық технологиялардың дамуына, блокчейн технологиясының таралуына және оның кеңінен интеграциялануына, сондай-ақ қолма-қол ақша төлемдерін барынша азайту қажеттілігіне байланысты көптеген елдер цифрлық ұлттық валюталар және оларды халық шаруашылығына дереу енгізу мәселелерін көтеруде [82].

Қазіргі таңда, ЦТ жүйесін құру мақсатына қол жеткізуден басқа (яғни, Қазақстанда ұлттық цифрлық валютаның шығарылуы мен айналымын қамтамасыз ету), оның жұмыс істеуі мемлекеттің басқа да бірнеше стратегиялық міндеттерін шешуге мүмкіндік береді, атап айтқанда:

– Қазақстан азаматтары үшін шоттарды автоматты түрде ашу және мемлекеттік валюта қаражатына онлайн қолжетімділікті ұсыну және қолдау көрсету;

– Қазақстан азаматтары үшін (оның ішінде төтенше жағдай жағдайында) әлеуметтік төлемдердің жылдам және ыңғайлы жүйесін ұйымдастыру;

– әлеуметтік төлемдер құралдарының алушыға дейін қадағалануы;

– цифрлық теңгенің электрондық әмияны арқылы және QR-код технологиясының көмегімен қолма-қол ақшасыз төлемдерді жаппай қабылдауды ұйымдастыру;

– халықаралық төлем жүйелерінің тарифтерімен салыстырғанда төмен құны бойынша микро және шағын бизнесті қоса алғанда, барлық кәсіпкерлер үшін төлемдерді қабылдауды ұйымдастыру;

– халықаралық төлем жүйелерінің тарифтерімен салыстырғанда халықаралық төлем жүйелерінің ықпалынан төлем карточкалары жүйелерінен цифрлық теңгенің электрондық әмияндарына қолма-қол ақшасыз айналымды ұйымдастыру жолымен;

– цифрлық теңгенің электрондық әмияндары бойынша қозғалыстардың толық ашықтығы мен қадағалануы себебінен ақша қаражатының көлеңкелі айналымына жол бермеу болып табылады [83].

Сондай-ақ, әртүрлі орталық банктерде әр түрлі жоспарланған іске асыру күндері және Орталық Банктердің цифрлық валюталары әртүрлі компоненттерінің басымдықтары бар. Мысалы, Нигерияның цифрлық валютасы e-naira дамуы 2017 жылы басталып, 2021 жылы төлем құралы ретінде ресми түрде іске қосылды. Сонымен қатар, швед электронды кронасын енгізу бойынша жұмыс 2017 жылы басталып, 2020 жылы пилоттық жоба жүзеге асырылды, дегенмен жұмыс, оның ішінде цифрлық валютаны енгізудің орындылығы мәселесі әлі де жалғасуда. Ұқсас жағдай 2014 жылдан бері зерттеліп келе жатқан, бірақ әлі шығарылмаған ҚХР цифрлық валютасы жағдайында да байқалады [84].

Алматы өткен «Тенге: путь на мировые рынки» деп аталатын XI

қаржыгерлер Конгресіне Ұлттық төлем корпорациясының басшысы сөйлеген сөзінде, цифрлық теңге қолма-қол және қолма-қол ақшасыз төлемдерден басқа ұлттық валютаның үшінші нысаны болады және екі нұсқаны біріктіреді. Мысалы, цифрлық теңгені интернетке қосылмай-ақ оффлайн режимінде пайдалануға болады. Бір желіден тыс тізбекте 15 транзакцияға дейін пайдалануға болады. Банктік қосымшалар арқылы онлайн төлеуге болады, мұнда бөлек жол қосылады. Сонымен қатар, мұндай валюта белгілі бір мемлекеттік немесе жеке қызметтер үшін бағдарламалануы мүмкіндігін айтты [85].

Қазіргі әлемде көптеген белсенді ұлттық төлем жүйелері қызметтердің кең спектрін орындайды. Бүгінгі таңда цифрлық қаржы озық пайдаланушы әлемінен жаппай тұтынушы әлеміне көпір. Пайдаланушының қажеттіліктері шексіз, сондықтан үнемі қажет ұлттық төлем жүйесін жетілдіру және заманауи бейімдеу керек.

– Ұлттық Банкке төлем жүйелерін дамытудың жоғары деңгейін ұстану;

– Қазақстан төлем жүйелерінің операторы ретінде жұмысты күшейтуі қажет;

– клиенттерді қашықтықтан сәйкестендіру механизмін енгізу схемаларын әзірлеу;

– клиенттерді биометриялық сәйкестендіру тәртібін реттеу;

– банктер салыстыру негізінде электрондық банктік қызметтерді көрсеткенде жеке тұлғалардың биометриялық параметрлері және мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтер мен деректер;

Нәтижесінде қолма-қол ақшасыз төлемдердің өсуі және көлеңкелі экономиканың төмендеуі күтіледі [86].

Осы орайда, цифрлық валюталарды қолданысқа енгізуде ақпараттық жеке деректердің заңнамамен қорғалу мәселесі де күн тәртібінде тұрады. Заманауи тәсілдермен ақпаратты қорғаудың конституциялық-құқықтық негіздерінің теориялық мәселелерін зерттеген Жатканбаева А.Е. жеке құқыққа қолсұғылмаушылықтың мағынасын жан-жақты саралап зерделеу арқылы ақпараттық қауіпсіздіктің мәнін анық түсіндірген [87].

Біздің өмірімізге Төртінші өнеркәсіптік революция әдетте «жақында» кіретін негізгі технологияларды көрсету арқылы сипатталады. Бұл технологияларға алдағы технологиялардың келесі ұжымдық ұғымдары кіреді:

– үлкен деректер (big data);

– жасанды интеллект (AI, artificial intelligence);

– автономды көлік және ұшқышсыз ұшу аппараттары (ұшқышсыз ұшу аппараттары);

– бұлтты есептеу; кванттық есептеу;

– Заттар интернеті (Заттар интернеті, IoT);

– толықтырылған және Виртуалды шындық (virtual & augmented reality);

– 3D басып шығару;

– нанотехнология және нейротехнология;

– блокчейн;

– ақпараттық қауіпсіздік;

– автономды логистика және өндіріс саласындағы жұмыстар;

– сенсорлық дрондарды қолданатын дәл егіншілік.

Осылайша, Қазақстанда шығарылым мен айналымның заңнамалық және нормативтік базасын салу әрекеті жүзеге асырылуда сандық активтер айтарлықтай үлес қосады. Мемлекет те, жеке бизнес те жеткілікті дәрежелер беруге мүдделі қызметтердің жаңа нарықтарын дамыту мүмкіндігі, бұл жағдайда өте маңызды ешқандай жасанды кедергілер мен шектеулер жасалмайтыны белгілі. Әрине, бақылау тыйым түрінде емес болуы керек: әйтпесе-мемлекеттің ішкі-сыртқы экономикалық мүмкіндіктерінен деген қаупін тудырады (алу салық түріндегі кірістер), сонымен қатар құралдар сандық активтердің айналымын бақылау және реттеуге әкеледі. Қазіргі цифрлық әлемде сандық активтерге тыйым салу іс жүзінде мүмкін емес, өйткені олардың айналымы қаржы делдалдарының (банк және басқа қаржы ұйымдарының) қатысуынсыз жүзеге асырылуы мүмкін.

Осыған байланысты Цифрлық өнім мен айналымды теңгерімді реттеу тәуекелдерді (тәуекелдерді) ескере отырып, активтерді, мәртебесі мен анықтамасынан туындайтын таңбалауыштарды реттеуден туындайтын тәуекелдер; таңбалауыштардан туындайтын тәуекелдер шығарылатын токендердің айналымы және есебі Қазақстан аумағында, сондай-ақ шет елдердің аумағында; токендер айналымына салық салуға байланысты тәуекелдер) бұл қазіргі шындыққа негізделген қажеттілік болып саналады.

Ресей Федерациясы ТМД-да жетекші орынға ие, ал 2023 жылы ол «цифрлық рубль» жобасының бірінші кезеңінің басталғанын жариялады [88]. Жоспарларға нақты тұтынушылармен есеп айырысуды тестілеуді келесі жылдың сәуір айында бастады. Бұл процесс сонымен қатар кезең-кезеңімен жүзеге асыруды қамтиды. Қырғызстанның Ұлттық Банкі сонымен қатар 2023 жылы прототипті сынауды бастау жоспарымен ағымдағы жылы «цифрлық сом» жобасының іске қосылатынын жариялады.

Украинаның Орталық Банкі өткен жылы цифрлық гривен бойынша пилоттық жобаны жүзеге асыра отырып, осы салада алға жылжығаны белгілі. Басқа мемлекеттер бұл мәселені зерттеудің әртүрлі кезеңдерінде бастан өткізуде.

Цифрлық технологияның қарқынды дамуы нәтижесінде бүгінде көптеген салады цифрландыру жүріп жатыр. Бұл қаржы саласында айналып өтпеді. Қаржылық жаңа технологиялар – бұл блокчейн және қолма-қол ақшасыз есеп айырысу болып саналады. Біріншісі – көптеген адамдар сенбейтін криптовалюталар ғана емес, сонымен қатар кез-келген ақша операцияларын қорғаудың қуатты құралы. Сонымен қатар, цифрлық трансформация келесі салаларда жүреді:

– мобильді банкинг;

– онлайн-сатып алу және сату;

– қашықтан төлем мен жұмыс жасау.

Керісінше, мемлекеттің ұлттық валютасы кез-келген нысанда, оның ішінде Цифрлық валютада бастапқыда мемлекет өзінің мемлекеттік билігін қолдана отырып, егемендік ретінде енгізеді, шығарады және айналымға енгізеді,

нәтижесінде, ең алдымен, қоғамдық-құқықтық реттеудің мәні болып табылады. Кейіннен айналымға шығарылғаннан кейін ұлттық валютаны мемлекет азаматтық құқықтардың объектісі деп таниды және азаматтық айналымдағы мүліктің бір түрі ретінде жеке құқықты реттеудің нысанасына айналады. Осыған байланысты М.К. Сүлейменов электронды түрде қолданыстағы ұлттық валюта мен криптовалютаны салыстыра отырып, «Фиат ақшасы да электронды түрде болуы мүмкін. Олардың криптовалютадан айырмашылығы – олар тиісті орталық банктің қолдауының арқасында бар [89].

Цифрлық валюталар баламасы жоқ жаңа құралдар болып табылады. Жаңа құралдардың қосымша әсерлерін ескеретін тікелей пайда мен шығынды бағалаудың дәстүрлі әдістері жаһандық пайдалану деңгейінің көлемі, әлеуетті желілік әсерлері және түрлі факторлар белгісіздігінің ұзақ уақыттық ауқымы бар осындай жаңа төлем құралдарын бағалауға жарамайды. Сондай-ақ инновациялық жобаларды бағалау әдістерінің жіктемесіне сәйкес пайда мен шығынды бағалаудың дәстүрлі әдісі экономикалық аспектілерді бағалау үшін ғана қолданылатынын, ал модельде технологиялық және реттеуші мәселелер де есепке алынатынын ескеру қажет. Осыған байланысты зерттеу кезеңінде инновацияларды бағалау кезінде тек болжамды көрсеткіштер жасауға, алынатын пайда мен шығын туралы қорытынды дайындауға болады. ЦТ-нің әрбір аспектісін талдау нәтижелерін бағалау мақсатында әр түрлі сандық және сапалық көрсеткіштер әзірленді, олар пайда мен шығынды болжауға, зерттеуді жалғастыру қажеттілігі туралы шешім қабылдауға көмектеседі.

ҚР экономикаға цифрлық валютаны енгізу арқылы қандай өзгерістер туындауы мүмкін? Осы сұрақ аясында қазір ҚР Ұлттық Банкі цифрлы валютаны жан-жақты зерттеп, қарастыруда. Цифрлық валюта орталық банктерден шығарылуы тиіс, ал Қазақстан жағдайында бұл – Ұлттық Банк болып табылады. Әлем тәжірибесінде Қытайда цифрлы юань жобасы (қытайдың бірнеше провинциясында цифрлы юань қолданылып отыр, бірақ әлі де нақты нәтиже көрініп тырған жоқ), Швецияда цифрлы кронь жобасы жасалып жатыр. Біздің елімізде цифрлы ақшаны енгізудің тиімділігі мына жағдайларда көрінеді: мыс, мемлекеттік сатып алуларда мемлекет қазынасынан бөлінген ақша цифрлы түрде болса, ол осы ақшаның мақсатына жұмсалғанын немесе әрі қарай өзге қолдарға бөлініп кетінің көрінісі бұл ақшаның ізі толығымен көрініп тұрады. Бұл елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті де жүргізуде таптырмас құрал ретінде болушы еді. Елімізде мемлекеттік цифрлы ақшаны енгізу үшін техникалық, инфрастуктуралық, логистикалық дайындықтар керек. Себебі, цифрлы валюта енгізу алгаритмі әрі қарай жұмыс жасап кетуі үшін елімізде үлкен дайындықты талап етіп отыр.

Ал цифрлы валютаны енгізген жағдайда елімізде әрбір тиынға дейін қайда жұмсалғаны нақты есеп-қисап анық көрініп, төлем тарихын мемлекеттен жасыра алмайсыз, ал бұл уақытта Еуропалық Орталық Банктер тек цифрлы валюта счет иесімен ғана тікелей байланыс орнатып, ортадағы екінші деңгейлі отандық банктердің жұмысы тоқтап қалу қаупі туындайды. Сол үшін де бұл мәселе әлі күнге нақты шешілмей, талқыланып отырғанының себебін көреміз. Мемлекет үшін цифрлы валютаны енгізу экономикаға келесідей тиімділік әкелуші еді:

цифрлы ақша транзакциясы орындалған сәттен бастап, жеке және заңды тұлғалар үшін мемлекетке төленетін салық мөлшері мен түрі де автоматты түрде көрініп, ешкім салықтан жалтара алмайды, яғни салық төлеу үшін кәсіпкерлерден есеп күтіп отырмайды, оның бәрі блокчейнде алгаритм бойынша қадағалаушы органда шығып тұрады. Көлеңкелі экономика өте төмен деңгейге құлдырайды немесе фактілі түрде жоғалады, себебі қаржыны қадағалаушы орган цифрлы валютаны соңғы тиынына дейін есебін бақылап, қадағалап отырады.

Сонымен қатар, цифрлы валютаны биткоин алгоритмінде сақтау – оны әлемдік кризисте ақша құнын сақтап қалумен түсіндіріледі және оның қауіпсіздігімен ерекшеленеді.

Бұл жерде бәріне түсінікті болуы үшін цифрлы валюта егер, Қазақстанда енгізілген жағдайда бұл цифрлы теңге-сол кәдімгі ұлттық валюта теңгеден айырмашылығы тек оны қолдануда көптеген техникалық функциялары: мысалы оны смарт-контрактілерге жазуға болады, код алгоритмін құрады, оны бақылап отыруға болады және т.б. техинкалық қызметтер қосылатын болғаны болмаса, сол кәдімгі теңге қызметін атқарады, төлем құралы, ақша айналымында теңгенің бар қасиеті тән болады. Теңгені қоса алғанда, цифрлық ұлттық валюталар үшін бұл нақты уақыт режимінде бюджет ақшасын игеру процестерін қадағалауға мүмкіндікті білдіреді. Осылайша, жүйені алдау мүмкін емес: жүйе заң бойынша қатаң түрде мемлекеттік ақшамен жұмыс істеуден басқа таңдау қалдырмайды.

Шын мәнінде, цифрлық ұлттық валюта мен цифрлық активтер арасындағы жалғыз ортақ элемент-оларды құру кезінде кодтау тәсілі. Бұл ретте цифрлық ұлттық валюта ақшаның негізгі сипаттамаларын сақтайды, ал цифрлық активтер мемлекеттік ақша болып табылмай, басқа мүліктік игіліктер мен құқықтар мәртебесін сақтайды. Цифрлық активтерді денесіз объектілермен теңестіруге және оларға заттардың құқықтық мәртебесін беруге бола ма, жоқ па, осы тақырып бойынша болашақ ғылыми зерттеулер барысында анықталады. Дегенмен, қолма-қол ақшаны пайдаланбай цифрлық кодтау түрінде мемлекет құрған цифрлық ақша заттық-құқықтық мәртебесі бар ақша ретінде танылуы керек екенін біржақты мойындау маңызды.

2020 жыл ақшаның қалыптастан тарихынан бастап қарастырсақ, ең алғаш рет Орталық банктердің ұлттық цифрлы валютасын қолданысқа шығарған жылы ретінде ерекше есте қалады.

ҚР Ұлттық Банкі цифрлық теңгеге қатысты 2022 жылдың нәтижелері:

1. Нарық қатысушыларымен ынтымақтастықта нақты тұтынушылармен және сауда-қызметтік кәсіпорындармен цифрлық теңге платформасын тестілеу сәтті өтті. Бағдарламалану мүмкіндігін және офлайн транзакциялар тізбегін көрсетуді қоса алғанда цифрлық теңгенің бүкіл өмірлік циклі сыналды;

2. Экономикалық модельдеу нәтижесі бойынша ақша-кредит саясаты, қаржылық тұрақтылық және жалпы экономика үшін тәуекелдердің жоқтығы туралы қорытындылар жасалды. Өкілдік сауалнама қорытындысы бойынша респонденттердің 60%-ы цифрлық теңгені пайдалануға дайын екенін жеткізді;

3. Digital Tenge Hub бірлескен алаңы іске қосылды, оның негізінде барлық мүдделі тараппен бірқатар талқылау мен дизайн-сессиясы өткізілді. Digital Tenge Ideathon өткізілді;

4. Цифрлық теңгені енгізудің реттеуші аспектілеріне талдау жүргізілді, экожүйені дамыту бойынша тәсілдер әзірленді.

2023 жылғы 15 қарашада өнеркәсіптік кезең шеңберінде цифрлық теңге платформасын айналымға енгізудің бірінші кезеңі басталды. Алматы қаласының әкімдігі және «Қазпошта» АҚмен бірлесіп мектеп оқушыларының тегін тамақтануын төлеуге арналған іске қосылды. Сонымен қатар, Visa және Mastercard, сондай-ақ ЕДБ-мен (Халық Банкі, Altyn Bank, ЦентрКредит Банкі, Еуразиялық банк) бірлесіп атқарған жұмыс нәтижесінде, іске қосылды, бұл азаматтарға әлемнің кез келген нүктесінде және таныс пайдаланушы жолдар шеңберінде ЦТ-ні жұмсауға, қолма-қол ақша ретінде шығарып алуға және операция жүргізуге мүмкіндік береді [90].

Цифрлы валюта түсінігі соңғы кезде әртүрлі анықтамалармен беріліп жүр: валютаның қосымша түрі немесе баламасы ретінде жүретін электронды ақша деп қарастырылса, ал Barroilhet, A. Цифрлы ақша немесе валюта цифрлық төлем құралы мақсатында пайдаланылатын кез-келген материалдық емес актив түрі ретінде қарастырады [91].

Цифрлы валюта блокчейн технологиясы арқылы жасалған барлық төлемдер мен аударымдар есебін қадағалаушы орган ретінде Ұлттық Банк жүзеге асырады және токендердің шығарылуын қадағалайды, цифрлы валюта дәстүрлі ақша сияқты Ұлттық банкпен реттеледі. Осыған орай, блокчейн технологиясы арқылы жасалатын криптовалютаны цифрлы валюта деп қарастыратын болсақ, екеуінің басты айырмашылығы – криптовалюта орталықсыздандырылған. Демек ешқандай банк криптовалюта айналымын қадағалай алмайды, егер мемлекетпен құқықтық реттеу қолға алынбаса.

Әрине, ақша белгілері (монеталар, банкноттар), сондай-ақ сандық (цифрлық емес) кодтар түріндегі банктік шоттар бойынша жазбалар физикалық түрде олардың қасиеттерін жоғалтпай бөлінбейді. Банкнотты екіге бөліп, сіз оны ескірген күйге келтіресіз, содан кейін ол ақшаның қасиеттері мен функцияларын жоғалтады және тек ҚР Ұлттық Банкімен алмасуға жатады. Бөлінген монеталар (кесілген, сынған және т.б.) ақаулы деп танылады, сондай-ақ айналысқа жарамсыз деп ауыстырылуға жатады. Банктік шоттардағы жазбаларды таңбалар санына қарай бөлуге болмайды, толық емес жазбалар ақпараттық жүйеде бола алмайды.

Екінші жағынан, «ҚР Ұлттық Банкі туралы» ҚР Заңының 38-бабына сәйкес 1 қазақстандық теңге 100 тиыннан тұрады [17]. Бұл бір теңге 100 тиынға бөлінетінін білдіреді.

Осылайша, тиындардың қолма-қол ақшасыз ақша айналымында болуына және болуына байланысты Қазақстанның ұлттық валютасы - қазақстандық теңге бөлінбейтін деп атау мүлдем дұрыс емес.

Аталған байланыста баяндаманы әзірлеушілер, олардың пікірінше, ұлттық валютаның бөлінбейтіндігін не білдіретінін: ақша белгілерінің физикалық бөлінбейтіндігін немесе қандай да бір абстрактілі бөлінбейтіндігін және оның неден тұратынын түсіндіруі қажет.

Сонымен қоса, ҚР заңнамасындағы ақшаны жіктеу мәселесі жалпы жеке тақырып болып табылады. Бірақ көбінесе қаржылық құқық теориясында бұл

мәселені дұрыс түсінбеушілік ақшаның бұрмаланған заңнамалық жіктелуіне және осыған арналған құқықтық нормалардың тиісті түсіндірілмеуіне әкеледі.

Тағы да бұған жарқын мысал ҚР Ұлттық Банкінің «цифрлық теңге» баяндамасы, онда ақшаны бір мезгілде екі критерий бойынша жіктеу нәтижесінде бірден екі түрлі жазықтықта ақшаның үш нысаны пайда болады: 1) қолма-қол ақша; 2) қолма-қол ақшасыз және 3) цифрлық [92].

Осыған байланысты ғылыми әдебиеттерде «сандық, электрондық, қолма-қол ақшасы» ұғымдар тәуелсіз критерийлер бойынша жіктеудің әртүрлі түрлеріне жатады, сондықтан оларды бір-бірімен алмастыруға немесе қарама-қарсы қоюға болмайды. Сонымен, заттай ақшаның болу критерийі бойынша ақша қолма-қол және қолма-қол болмауы мүмкін. Қолма-қол ақшасыз ақша, заттай жоқ сияқты, ақпараттық жүйе шеңберінде жұмыс істеуі керек, ол өз кезегінде электроника құралдарының көмегімен жұмыс істейді. Басқаша айтқанда, қазіргі әлемде қолма-қол ақшасыз ақша әрқашан электронды болып табылады. Электроника құралдары пайда болғанға дейін қолма-қол ақшасыз ақшаның болуын және оларды бекітудің электрондық құралдарын пайдаланбай-ақ жоққа шығаруға болмайды, бұл тарихи бөлімде қолма-қол ақшасыз ақшаны электронды және электронды емес (электроника құралдарын қолданбай жұмыс істейтін және жұмыс істейтін, мысалы, қағаз тасығышта) жіктеуге мүмкіндік береді. Өз кезегінде, қолма-қол ақшасыз электрондық ақша таңбалардан тұратын кодтарда көрсетілуі керек. Егер код тек цифрлармен ұсынылса, онда ол сандық деп аталады; Егер код цифрлармен және (немесе) басқа таңбалармен ұсынылса (әріптік мәндер немесе*,#, $ және т.б. типтегі таңбалар), онда код сандық емес деп аталады. Осылайша, қолма-қол ақшасыз электрондық ақша цифрлық немесе цифрлық емес код түрінде болуы мүмкін, бәрі белгілі бір ақпараттық жүйеге байланысты болады» [93].

Қорытындылайтын болсақ, ұлттық цифрлы валютаның электрондық ақшадан айырмашылығы: эмитенті тек мемлекет болып табылады, және мемлекеттің ұлттық валютасы сияқты барлық ақшаның функциясын орындайтын заңды төлем құралы мәртебесін иеленеді, тек электронды нысанда қолданылады. Жоғарыда айтып өткендей, электрондық ақша сияқты цифрлы валютаны қолма-қол ақшаға айырбастау жасалмайды. Электронды ақша арнайы жүйеде айналым жасайды, оның қолдану аясы шектеулі; ал цифрлы валюта айналымының жүйесі кең болуы-ол дәстүрлі ақша аналогы болған жағдайда туындауы мүмкін, бірақ ол туралы, оның қолданушылар мен иеленушілерінің құқықтық жағдайы туралы нақты құқықтық түсінік жетілдіруді талап етеді.

Цифрлық теңге ақшаның экономикалық үш функциясын иеленген:

– Айналым құралы;
– Төлем құралы;
– Жинақтау құралы.

ЦТ барлық пайдаланушылар үшін: жеке тұлғалар (бұдан әрі – ЖТ), ЕДБ, сауда ұйымдары, мемлекет, төлем жүйелері, қаржытех-компаниялар және нарықтың өзге де қатысушылары үшін жаңа перспективалар мен мүмкіндіктер ашады.

ЦТ енгізудің негізгі артықшылықтары:

– Инновациялық дамыту: ЦТ қаржылық қызметтерге қол жеткізуді жеңілдету және кәсіпкерлік пен бизнес үшін жаңа мүмкіндіктер жасау арқылы технологияны дамытуға ықпал етеді;

– Төлем қауіпсіздігі: Қазіргі заманғы ЦТ криптографиялық технологияларын қолдану транзакция қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді;

– Төлемдердің қолжетімділігі: ЦТ қаржылық қызметтерді шалғайдағы және қол жетпейтін аймақтарды қоса алғанда, жалпы халыққа қол жетімді ете алады;

– Төлем тиімділігі: ЦТ арқылы есептеулерді жеделдету және жеңілдету шығындарды азайтып, қаржылық операциялардың тиімділігін арттыруы мүмкін;

– Ашықтық пен анонимділік арасындағы тепе-теңдік: Таңбалау тетігінің болуы және оны автоматты түрде алып тастау азаматтардың анонимділігіне нұқсан келтірмей және банк құпиясын сақтай отырып, мемлекеттік төлемдердің мақсатты жұмсалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

– Инновацияларды дамыту: Төлем қауіпсіздігі Төлемдердің қол жетімділігі Төлем тиімділігі Ашықтық пен анонимділік арасындағы тепе-теңдік.

Төлемдердің ыңғайлылығы: ЦТ пайдаланушыға таныс құралдарды (ұялы телефондар, карталар) пайдалана отырып, жедел төлемдерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық теңгенің негізгі қатысушылары:

– ҚР Ұлттық Банкі;
– Екінші деңгейлі Банктер;
– «Оңай» технологиялық интеграторы;
– ҚРҰБ автоматты банк жүйесі;
– Куәландырушы орталық.

Сонымен қатар, цифрлық теңгенің енгізудің басты факуторы ол төлем жүйесінде кибер қауіпсіздік пен деректерді қорғаудың талаптарының қатаң сақталуы болып табылады.

Қорытындылай келе, цифрлық теңгені енгізу ұлттық төлем жүйесінің өте үлкен әлеуетін көрсетеді. Цифрлық теңге кәдімгі теңгенің үшінші нысаны және ол қолма-қол ақша мен және ақшаның қолма- қолсыз түрімен параллель өмір сүреді, оған барлық ақшаның сипаты мен қызметі тән.

Қазақстандағы цифрлық теңгенің пилоттық жобасы 2021 жылдан бастап әр түрлі сынатардан өткізу арқылы зерттеліп келеді. Бірнеше кезеңді басынан өткізген цифрлық теңге 2021 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен қаржы нарығының өзге де қатысушылары және сарапшылармен қосылып, қоғамдық талқылауға арналған баяндама жасалып, әр түрлі кезедсулер мен талқылаулар, сұхбаттар мен сауалнамалар жүргізіліп, ол бойынша цифрлық теңгенің өміршеңдігіне қатысты түрлі кішігірім сынақтар жасалып, цифрлық теңгені шығару мен оған сатып алулар мен аударымдар жасаудың түрлі эксперименттер нәтижесінде алғашқы жобалық болжамдар расталып, оның технологиялық сипатына берілген бағалау өз нәтижесін көрсетті.

Сонымен бірге, 2022 жылға арналған жоспар бойынша цифрлық теңгені

қолданысқа енгізудің пайдасы мен шығындарына зерттеу жасалды. Осы орайда, цифрлық теңгені қолданысқа енгізу мәселесін бірігіп шешуді мақсат еткен барлық нарық қатысушыларын біріктірген Digital Tenge Hub коллаборативтік алаң жұмыс бастады. Осы алаң бойынша нақты эксперименттер мен сандық және сапалық түрлі зерттеулер жүргізіле отырып, цифрлық теңгені енгізу туралы шешім моделін дайындалған болатын. Ол бойынша алыс- жақын шетелдік тәдірибе ескеріліп, цифрлық теңге дизайны мен архитектурасына және өміршеңдігіне қойылатын талаптар қарастырылды.2022 жылдың соңы цифрлық теңгені енгізу туралы шешім қабылданды.

Әрі қарай жалғасқан жоба бойынша 2023 жылы цифрлық теңгені қолданысқа енгізудің бірінші кезеңі басталып, оған қатысушылар ретінде екінші деңгейлі банктер мен халықаралық төлем жүйелері біріге отырып, цифрлық теңгені өз тәжірибелерінде екі бағытта: өнеркәсіптік және тәжірибелік зерттеулерді жүзеге асырды.

Осыған орай, Қазпошта ұлттық операторы мен Алматы қаласының әкімдігі бірігіп, «цифрлық ваучер» деп аталатын цифрлық теңге арқылы жобаны мектептердегі оқушыларға тегін тамақтандыру үшін пилоттық түрде жүзеге асырылды. Және де екінші деңгейдегі төрт банк пен халықаралық төлем жүйелері қосылып, алғашқы цифрлық валютаға байланыстырылған банк карталары шығарылды.

2024-2025 жылдарға арналған жоспарда нақты тәжірибеде цифрлық теңгені сынау арқылы түрлі опреациялар жасап, олардың онлайн және офлайн транзакцияларға енгізу жоспары бекітілген. Егер цифрлық теңгені 2025 жылға қарай толыққанды қолданысқа енгізсек, ол Қазақстанның ұлттық төлем жүйесіндегі жаңа эраның басталуы болар еді.

3 ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚША АЙНАЛЫМЫН ҚАРЖЫЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕНІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ҚР ЗАҢНАМАСЫН ЖЕТІЛДІРУ

3.1 Цифрландырудың электрондық ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеуге әсері

Электрондық ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеуге цифрландырудың әсері бірнеше факторлардан көрініс табады:

1) Заңнама мен нормативтік актілердің жаңаруы: Цифрлық технологиялардың дамуымен көптеген елдердің заңнамасы электрондық ақшаны барабар реттеу үшін қайта қаралып, жаңартылуы қажет. Заңнаманың жаңаруы көбінесе мыналарға қатысты ережелерді қамтиды:

– электрондық ақша мен цифрлық активтердің (криптовалюта) анықтамалары мен түрлерін жіктеуге қатысты;

– цифрлық валютаның айналысын реттеуге қатысты;

– электрондық әмиян провайдерлерін лицензиялау және қадағалау бойынша.

2) Терроризмді қаржыландыру мен ақша жылыстатуға қарсы күрес: Цифрландыру ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы қатаң шараларды талап етеді:

– тұтынушыларды жеке сәйкестендірудің талаптарын күшейту;

– күмәнді операциялар бойынша есептілік пен бақылау механизмі;

– халықаралық байланыстарды дамыту мен тәжірибелік алмасу.

3) Тұтынушылардың құқықтарын қорғау: электрондық ақшаны пайдаланудың өсуі тұтынушылардың құқықтарын қорғау шараларын күшейту қажеттілігіне әкеледі, нақтырақ:

– электрондық төлемдердің қауіпсіздігін және жеке деректерді қорғауды қамтамасыз ету;

– рұқсат етілмеген операциялар үшін жауапкершілік ережелерін белгілеу;

– тұтынушыларды электрондық ақшаны пайдаланумен байланысты тәуекелдер туралы қолжетімді ақпаратпен қамтамасыз ету.

4) Салықтық реттеу: цифрландыру барысында электрондық ақшамен операцияларға салық салу тәртібін анықтауды қажет етеді;

5) Қаржы технологияларындағы инновациялар: цифрландыру инновацияны ынталандыру арқылы сәйкесінше келесі салаларды реттеуді талап етеді:

– қаржы секторында жаңа технологияларды (мысалы, жасанды интеллект және машиналық оқыту) пайдалану үшін стандарттар мен ережелерді әзірлеу;

– арнайы реттеу режимдері (реттеу «құм жәшіктері») арқылы финтех стартаптарын қолдау;

– бәсекелестікті қамтамасыз ету және цифрлық қаржылық қызметтер нарығының монополияландуын болдырмау.

Отандық қаржы саласын зерттеуші ғалымдардың жаһандық цифрландыру

уақытында дербес деректерді қорғау саласындағы конституциялық-құқықтық институттарға қатысты ақпараттандыру мен цифрландырудың барлық процесін қамтитын жаңа терминологиялық жүйелерді қалыптастыру туралы пікірлер негізделген болатын [94].

Қазақстан Үкіметі 2008 жылдан бері өз қызметтерін цифрландырумен айналысып келеді. Қазіргі уақытта мемлекеттік онлайн қызметтерді көрсету деңгейі 93 %-ға жетті, оны 2025 жылға қарай 100 %-ға жеткізу жоспарлануда. Қазақстан БҰҰ-ның 2022 жылғы электрондық үкімет рейтингінде ТМД елдері арасында ең жоғары EGDI (e-government Development Index) көрсеткіштерімен 28-ші орынды иеленді [95].

Цифрлық экономиканы өлшеу тәсілдерінің жеткіліксіздігіне байланысты цифрландыруға ірі инвестицияларға қарамастан «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын іске асырудың тиімділігін толық бағалау қиын. Соған қарамастан, бірқатар зерттеулер мен шолуда көрсетілген халықаралық рейтингтерге сәйкес, жеке бастамалар жалпы Қазақстан экономикасына жақсы әсер етеді және оң әсер етеді.

Қазақстан цифрландыруды экономикалық өсудің негізгі қозғаушы факторы ретінде қарастырады. Еліміз бұл бағытта біршама жетістіктерге жетті [96].

Салалардың цифрлық трансформациясы және инновациялық экономиканың дамуы жаһандық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізудің ажырамас құрамдас бөліктері болып табылады. Сондықтан, бәсекеге қабілетті болу үшін әлем мемлекеттері мен елдері өздерінің цифрлық даму стратегияларын бейімдеп, қабылдауы қажет.

Осыған орай, Сингапурда үкімет келесі бастамалар арқылы сингапурлықтардың мүмкіндіктерін кеңейту үшін цифрлық дайындық жоспарын әзірледі:

1) «цифрлық қол жеткізу» – қаржылық және мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы операцияларды авторизациялауға арналған биометриялық сәйкестендіру жүйесі (Facial тану жүйесі);

2) цифрлық сауаттылық – цифрлық азаматтың дағдылары, көзқарастары мен құндылықтары;

3) цифрлық қатысу – азаматтарды, кәсіпорындар мен ұйымдарды мемлекет пен қоғамның цифрлық трансформациясына үлес қосуға ынталандыру [97].

Жапонияда электроника өнеркәсібін дамыту стратегиясы жоғары сапалы өнімдерді әзірлеу мен өндіруді автоматтандыруға арналған жоғары технологиялық идеялардың жиынтығы ретінде «Индустрия 4.0» тұжырымдамасымен үздіксіз байланысты. Сонымен қатар, Жапониядағы «Индустрия 4.0» идеясы көбінесе «Өндірістегі желілік реформа» деп аталады, ол Жапониядағы ірі өндірістік компанияларда активтерді, жалақыны және салық төлемдерін үнемдеу қағидасына негізделген.

Жапондық жаңа технологиялық революцияның негізгі басымдықтары арасында:

1) әлемдік экономикадағы соңғы үрдістерді ескере отырып, ақпараттық басқару жүйелерін, АИ, роботтарды (әсіресе медицина саласында) енгізудің тұжырымдамалық және заңнамалық негіздерін қалыптастыру;

2) шетелдік инвестицияларды тартудың «жұмсақ» нормаларын қалыптастыру («әлемдегі бизнеске ең қолайлы ел»);

3) автономды жүргізуді, әуе кемелерін (дрондарды) және басқа да «ноу-хауды» жедел енгізу үшін деректерді, сондай-ақ жекелеген технологиялардың басымдық деңгейін сипаттайтын жеке Жол картасын пайдалану;

4) алдыңғы қатарлы кадрлық ресурстарды (көшбасшыларды), оның ішінде білім беру процесінің бастауыш және орта сыныптарында бағдарламалау сабақтарын және жоғары білікті шетелдік мамандарға азаматтық алудың оңайлатылған жүйесін («Жоғары білікті шетелдік мамандарға арналған жасыл карта») және т.б.

Үкіметтің бұған дейін жарияланған негізгі есептеулеріне сәйкес, жапондық «Индустрия 4.0» жаңа жапондық «Қоғам 5.0» бағдарламасын ескере отырып, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған.

Өндіріс және қосымша құн алу әдістері түбегейлі өзгеруде, сонымен бірге адамдардың білімі мен еңбек дағдыларына жаңа талаптар қойылуда.

2016 жылдың желтоқсанында ақша айналымын бақылау басқармасы финтех компанияларына шектеулі мақсаттағы ұлттық банктік лицензиялар беру ниеті туралы хабарлады.

Желтоқсан 2017 АҚШ президенті Дональд Трамп қол қойған салық реформасы туралы Заңға сәйкес, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық криптовалюта операцияларына салық салынды.

Жапониядағы криптовалюталарды реттеу. 2014 жылдың мамырында Үкімет криптовалюта саудасын реттеу жоспарларын кейінге қалдырды және Bitcoin мен заңсыз операцияларды бақылау ниеті туралы хабарлады.

2014 жылдың жазы Жапонияның цифрлық активтері жөніндегі комиссия құрылды [118].

2015 жылдың қарашасында қаржылық қызметтер агенттігі криптовалютаны бақылау механизмін жақсарту қажеттілігін мәлімдеді.

2015 жылғы желтоқсанда қаржы жүйесі жөніндегі кеңес криптовалюталарды реттеу бойынша ұсыныстар жобасын жасады.

2016 жылдың ақпанында Үкімет Bitcoin-ді активтерге ұқсас құндылық және заңды айырбастау құралы ретінде анықтайтын заң жобасын мақұлдады.

2017 жылдың шілдесінде Жапонияда билік биткоин мен басқа криптовалюталарды сату салығының 8 %-ын алып тастады [119].

Австралиядағы криптовалюталарды реттеу.

2013 жылдың мамырында Австралияның Резервтік банкі Bitcoin-ді әртүрлі елдердің валюталары мен төлем жүйесіне балама ретінде анықтады [120].

2013 жылдың желтоқсанында резервтік банктің президенті австралиялықтарға дүкендерде қалаған валютасымен төлеуге тыйым салынбағанын айтты.

2014 жылдың ақпанында Австралияның ішкі кірістер қызметінің өкілі реттеуші криптовалюта операцияларына салық салуды қарастырып жатқанын

атап өтті. Австралияның бағалы қағаздар және инвестициялар жөніндегі комиссиясы криптовалюта қызметін реттеу мүмкіндігі туралы мәлімдеді.

2015 жылғы сәуір «криптовалюта қызметін реттеудің кез келген әлеуетті пайдасы шығындардан аспайды»,- деген резервтік банктің [121]тұжырымы болды.

2015 жылдың тамызында Австралия Сенатының Экономика жөніндегі комитеті тауарлар мен қызметтерге салық салу мақсатында криптовалюта ақша ретінде қарастырылмауы керек екенін атап өтті.

2016 жылғы қараша Мемлекеттік мекеменің пікірінше, есепке алу стандарттарын ұйымдастыру бойынша цифрлық валюталарды есепке алуды стандарттау қажет.

2017 жылдың жазы криптовалюта айырбастау пункттерін көлеңкеден шығару үшін Австралия үкіметі бірқатар реформалар ұсынды. Атап айтқанда, мұндай алмастырғыштар Австралиялық транзакцияларды талдау және есеп беру орталығын бақылауға алады. Криптовалютаны сатуға және сатып алуға мүмкіндік беретін барлық компаниялар жаңа ережелерге бағынады. Заң жобасы ақшаны жылыстатумен күресуге және терроризмді қаржыландыруға күресуге арналған.

Қорытындылай келе, CBDC (соның ішінде цифрлық юань) бейресми цифрлық қауіп-қатердің алдын алу үшін әзірленуде деп айтуға болады және елдер экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Сандық юань қолма-қол юаньды ауыстыру үшін де әзірленуде, өйткені оның қолында юань бар заңды сипаты бар. Сандық юаньды аудару және ол арқылы төлеу офлайн режимінде жүзеге асырылуы мүмкін, бұл дәстүрлі кемшіліктердің орнын толтырады, қолма-қол ақшасыз валюта нысаны. Сандық юанның көмегімен делдалдарды айналып өтуге болады (мемлекет ішінде бұл көбінесе коммерциялық банктер, ал халықаралық деңгейде Swift), уақытты үнемдейді және комиссия төлемейді. Осылайша, CBDC және мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың дамуымен болашақта АҚШ долларының Халықаралық валюта жүйесіндегі үстем жағдайы айтарлықтай әлсірейді, бұл әлемнің экономикалық дамуын ынталандыруға көмектеседі.

Еуропалық Одақта Еуропалық төлем кеңесі мен Еуропалық орталық банктің белсенді қатысуы арқылы бүкіл еуропа банктерінің қатысуымен бөлшек төлемдердің бірыңғай инфрақұрылымы – SEPA құрылды. Қазіргі уақытта кредиттік төлемдер, тікелей дебет, карточкалық транзакциялар жұмыс істейді.

Бүгінде басқа елдердің қатарында мамандандырылған банкаралық орталықтар жұмыс істейді, олар өз елдерінде барлық бөлшек төлемдер мен электрондық төлем құралдары бойынша банкаралық төлемдерді басқарады және олардың жүргізілуін және қызмет көрсетуін қамтамасыз етеді, атап айтқанда:

– Корея Республикасында KFTCI (Korea Financial Telecommunications and Clearings Institute) Кореяның Орталық Банкінің басшылығымен құрылған бүкіл банкаралық бөлшек төлем жүйесін басқарады және оның жұмыс істеп тұруын қамтамасыз етеді;

– Канадада CPA (Canadian Payments Association) төлемдер және есеп айырысулар туралы ұлттық заңнамаға сәйкес бүкіл бөлшек төлем жүйесін

басқарады;

– Гонконгта HKICL (Hong Kong Interbank Clearing Limited) орталық банктің кепілдемесі бойынша бүкіл бөлшек төлем жүйесін басқарады;

– Оңтүстік Африкада BANKSERV жеке және ірі төлем жүйесін PASA (Payments Association of South Africa) шегінде басқарады.

Аталған елдерде жалпы банкаралық орталықтың базасында бөлшек төлем жүйелерін біріктіру (қосу) бойынша жүргізілген іс-шаралар барлық пайдаланушылардың мүдделері үшін бөлшек төлемдердің жалпы инфрақұрылымын пайдаланудың тиімділігін арттыруға және электрондық төлемдерді дамытуда барынша жүйелі нәтижені қамтамасыз етуге ықпал етті.

Бірқатар елдерде ұлттық свитчинг платформалары құрылды:

– Қытай Халық банкі 2017 жылы қаржы нарығындағы жүйелік тәуекелдерді азайту, банктер мен төлем компанияларының барлық түрлері арасындағы кедергілерді жою және халық пен бизнес үшін онлайн-төлемдердің қауіпсіз ортасын қамтамасыз ету мақсатында бөгде төлем компаниялары үшін онлайн-төлемдердің орталықтандырылған платформасын құрды;

– Нигерияда eTranzact свитчинг-платформасы, көп арналы төлем инфрақұрылымы жұмыс істейді, онда халықтың төлемдері, сондай-ақ бизнес субъектілерінің өзара төлемдері өңделеді;

– Ресей Федерациясында 2013 жылы ел ішіндегі карточкалық операцияларды өңдеуді оқшаулау үшін Ұлттық төлем карточкаларының жүйесі құрылды, сондай-ақ 2015 жылы «Мир» ұлттық төлем карточкасы енгізілді. Осы кезде «Мир» картасын 8 ел қабылдайды.

Кейбір елдердің нарықта әртүрлі қолданыстағы төлем бойынша шешімдердің өзара әрекеттесуін (интероперабельділік) қамтамасыз етуге бағытталған бастамаларын жеке атап көрсету қажет. Үндістандағы UPI (unified payment interface) ұялы телефондарды пайдалана отырып жедел режимде төлемдерді жаппай жүргізу үшін Aadhaar биометрикалық деректер базасын қолдана отырып, API бойынша карточкалық жүйені, тез төлемдер жүйесін біріктіретін «қамтушы» шешім болып табылады.

Қазіргі уақытта осындай реформаны Малайзияның Ұлттық Банкі жүргізуде – бәсекелестік-коллаборативтік үлгі қағидаттары бойынша Interoperable credit transfer Framework жалпы инфрақұрылымы арқылы ел ішіндегі барлық банкаралық және жүйеаралық кредиттік аударымдар үшін интероперабельдік ортаны құру.

Қорытындылай келе электрондық ақша шетелдерде қолдану аясы мен заңнамалық бекітуі бойынша жан-жақты зерттеулер жүргіздік.

Сонымен қатар, диссертация жазу барысында автормен жарық көрген мақалаларда шетелдердегі электрондық ақша айналымына жан-жақты зерттеу жүргізу арқылы оның қаржылық-құқықтық реттелу тәжірибесін саралай отырып, Қазақстандық модельге ұсыныс келтірдік [122]. Осы зерттеулерді терең саралай келе электрондық ақшаның атқаратын қызметтерін де нақтыладық[123]. Электрондық ақшаның даму кезеңін де зерттеген мақала жарық көрді[124].

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық зерттеу аясында қарастырылған электрондық ақша айналымы қарқынды дамып келе жатқан құбылыс болғандықтан, оны қаржылық-құқықтық реттеудің өзіндік ерекшелігі бар. Айналымдағы төлем құралы ретінде электрондық ақшаны пайдаланудың тиімділігі және ыңғайлылығы тұтынушылар арасында олардың кең таралуына жол ашып, пайдаланумен қатар жүретін қаржылық- құқықтық салдарын да тиісті деңгейде бағалаумен ғылыми-зерттеу жүргізілді.

Диссертациялық зерттеудің ішкі біртұтастығын қамтамасыз етуде және автордың алға қойылған міндеттеріне жетуде келесідей мазмұнда зерттеулер жасалды:

Кіріспеде диссертация тақырыбының өзектілігі негізделіп, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері тұжырымдалып, теориялық және әдістемелік негізі сипатталып, ғылыми жаңалығы мен қорғауға шығарылатын тұжырымдар ашылып, теориялық және тәжірибелік маңыздылығы көрініс тапқан.

Бірінші тарауда: «Электрондық ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеудің теориялық аспектілері» электрондық ақшаның түсінігі ашылып, оның құқықтық мәртебесі анықталған; электрондық ақша пайда болуы мен дамуының тарихи аспектілері бірнеше кезеңдерге бөлініп, талдау жасалды; электрондық ақшаны бөлек бір институт қаржылық-құқықтық қатынастардың обьектісі ретінде қарастырып, зерттеу жүргізілді.

1- *тұжырым*. Кешенді теориялық-құқықтық зерттеу-талдаулардың нәтижесінде электрондық ақшаның құқықтық табиғаты анықталып, оны ақшаның қолма-қол ақшасыз түріне ұқсайтындығы дәлелденіп және электрондық ақша құнның өлшемі, төлем құралы, сақтау құралы және халықаралық есеп айырысуда айналым тәсілімен сипатталатыны дәлелденді.

2- *тұжырым*. Сонымен бірге, электрондық ақша, цифрлық валюта және виртуалдық валюта ұғымдарының мәні ашылып, арақатынасы айқындалып, осы терминдерге:

- «электрондық ақша» деп арнайы эмитентпен шығарылған және шектеулі жүйелерде қолданылатын, өтелуге жататын электронды төлем құралы. Мұнда эдектрондық ақша арнайы электрондық ақша жүйесінде ғана қолданылатын, ҚР ҰБ бекіткен эмитенттерімен шығарылатын, басқалардан айырмашылығы өтелуге жататын (яғни, электрондық ақшаны оның құнына сай номиналдағы сомаға ауыстырып алуға болады) электрондық төлем құралын түсінеміз;

-«цифрлық валюта» ретінде өтеуге жатпайтын, құндылықтарды айырбастау, құнын есепке алу және сақтау үшін пайдаланылатын, блокчейн негізіндегі Орталық Банктің цифрлық түрдегі міндеттемесі,- түсінік берілді. Осыған сәйкес, цифрлық валюта әр мемлекеттегі Орталық банк шығаратын міндеттеменің цифрлық көрінісі, мысалы цифрлық теңге, цифрлық юань немесе цифрлық доллар және т.б. Тек мән беру керектігі, цифрлық валюта өтелуге жатпайды, бұл дегеніміз оның құнына тең номиналды соманы банктік шотқа

немес қолма- қол ақша түріне айырбастауға келмейді, тек электрондық түрде пайдалануға болады.

-«виртуалдық валюта»-шектеулі виртуалды қауымдастықта пайдаланылатын есептік бірліктердің цифрлық көрінісі. Демек, виртуалдық валюта кез-келген жүйеде қолданылмайды, арнайы ойын жүйелерінде ғана есеп айырысу бірлігі ретінде қолданылады.

Екінші тарауда: «Қазақстан Республикасында электрондық ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу тетігі» деп аталып, осы тарауда мемлекеттік реттеу негіздері болып табылатын нормативтік- құқықтық актілерге терең талдау жасалып, мемлекетпен реттеу механизмдері толыққанды ашылып, заңнама бойынша әрбір өкілетті органның қызметі мен өкілеттіктеріне талдау жүргізіліп, қаржылық негіздері кеңінен сипатталды; мемлекеттік реттеу-қадағалау функциялары жан-жақты талдау жасалып, механизмдердің жүзеге асыру жолдары көрсетілді; сонымен қатар, цифрлық теңгенің қазіргі жай- күйі сипатталып, құқықтық табиғаты анықталып, оны қолданысқа енгізу кезеңдері мен мәселелері сипатталды.

3-*тұжырым*. Жан-жақты ғылыми талдау жасай отырып, электрондық ақша айналымын мемлекеттік реттеудегі басты орын алатын ҚР Ұлттық Банкі өкілеттіктерін кеңейтуге ұсыныстар берілді: нақтырақ айтқанда, электрондық ақша эмитенттеріне ай сайынғы кезеңге арналған орындалған операциялар бойынша есеп беру талаптарын және осы операциялардың ашықтығын қамтамасыз ету бойынша нақты үлгідегі талаптарды белгілеу және Ұлттық Банктің ресми парақшасы арқылы электрондық ақша жүйесіне арналған веб-парақшаның ақпараттық қамтылу аясын кеңейту: электрондық ақшаның эмитенттерінен ай-сайын бекітілген нысанда жүйе жұмысы, статистикалық есептілік ала отырып, қолданыстағы жай-күйі мен азаматтардың электрондық ақшаларды қолдануда басшылыққа алуы тиіс толыққанды ақпараттардың қолжетімділікте болуы, сонымен қатар теріс ниетпен электрондық ақша жүйесін пайдалану салдарынан туындайтын қылмыстық әрекеттердің алдын-алу мен азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыруда үлкен маңызға ие болатыны сөзсіз. Ұлттық Банктің электрондық ақша жүйелерін лицензиялау қызметінің толыққанды сипаты мен төлем жүйелерін қадағалау мен реттеу саласындағы оверсайт қызметінің нәтижесін осылай ресми ақпараттардан алу бұл елімізде жұмыс істейтін электрондық ақша жүйелерінің жұмыс істеуінің ашықтығын, бәсекеге қабілеттілігін және ұлттық төлем жүйесіндегі маңызын арттыратыны сөзсіз.

4-тұжырым. Сонымен қатар, электрондық ақша эмитенттерінің құрамын олармен операцияларды жүзеге асыру үшін және электрондық ақшаны пайдалануға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінен лицензиясы бар қаржы ұйымдарымен толықтыру қажеттілігі дәлелденді. Қазіргі таңда эмитенттер ретінде ҚР Ұлттық Банкі мен екінші деңгейлі банктер және ұлттық пошта операторы болып табылады. Бұлардан басқа арнайы Ұлттық Банктен лицензия алған қаржы ұйымдарына да электрондық ақша эмитенттері ретінде қатарын толықтыру эмитенттер арасындағы бәсекелестік пен ұсынылатын қызметтердің сапасына және электрондық ақшаның таралуына кеңінен ықпал етеді.

5-тұжырым. Осы тарауда кешенді қамтылған талдаулар жасай келе, электрондық ақшаны тікелей шығару және өтеу жөніндегі қызметтен басқа, электрондық ақша эмитенттері жүзеге асыра алатын операциялардың тізімдемесімен қолданыстағы заңнаманы толықтыру ұсынылды. Нақтылай келе, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасында және Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу қағидаларын, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы №202 қаулыдада электрондық ақшаны қолдану арқылы жүргізілетін операциялардың тізімі толық көрсетілмей, тек келесідей операцияларды жүргізу тәртібі мен талаптары көрініс тапқан:

1. Электрондық ақшаны шығару және өткізу;
2. Электрондық ақшаны пайдалану және өтеу;
3. Электрондық ақша иелерін қашықтықтан сәйкестендіру;
4. Электрондық ақша жүйелеріне операторларының қауіпсіздік шаралары.

Осы аталған тізімге электрондық ақша жүйелерін пайдалану арқылы жасалатын өзге де операциялармен толықтыруды ұсынамыз:

1) Пайдаланушылар арасында электрондық ақша аудару операцияларын жүргізу;

2) Электрондық ақшаны ұлттық және шетел валютасына айырбастау;

3) Электрондық әмиянда электрондық ақшаны сақтау және басқару;

4) Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді төлеу үшін электрондық ақшаны пайдалана отырып, төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру;

5) Пайдаланушыларға электрондық ақшамен операциялар бойынша үзінді көшірмелер мен есептерді ұсыну;

6) Электрондық ақшаны пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету және алаяқтықтың алдын алу бойынша операцияларды жүргізу;

7) Электрондық ақшаны басқа төлем жүйелерімен және қаржы институттарымен интеграциялау;

8) Келісім-шарттар негізінде электрондық ақшаларды пайдалануға клиенттерді тарту және оларға қызмет көрсету.

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне қайшы келмейтін өзге де операциялар.

Электрондық ақшаны пайдалану арқылы жүзеге асырылатын операциялардың мұндай тізімі қаржы нарығында электрондық ақша жүйелерінің толыққанды жұмыс істеуі мен қызмет ету аясының кеңейтеді.

Үшінші тарауда: «Электрондық ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеуде шетелдік тәжірибені талдау және ҚР заңнамасын жетілдіру» бойынша нақты ұсыныстар келтіріп, электрондық ақша жүйелерінің даму болашағы зерделенді, қаржы саласындағы соңғы уақыттарда заңнаманың жаңаруымен қалыптасқан оң өзгерістердің электрондық ақша айналымы мен цифрлық валюталардың дамуына әсері талданды; алыс-жақын шетелдердің электрондық ақша айналымын реттеуге қатысты теориялық және практикалық жағдайлары салыстырмалы қарастырылып, электрондық ақша айналымын қаржылық-

құқықтық реттеудің қазақстандық моделі ұсынылды.

6-тұжырым. Цифрлық технологияның дамуы мен күнделікті цифрлық өнімдердің қолданысқа кеңінен енуі қаржы нарығындада көрініс алды. Цифрлық мемлекет тұжырымдамасына сәйкес, әртүрлі электрондық ақша жүйелерінің өзара әрекеттесуінен туындаған мәселелерді шешу үшін өзге жүйелермен параллельно жұмыс істейтін электрондық ақшаларды бір жүйеде қолдануға және қабылдауға мүмкіндік беретін бірыңғай интегратор құру ұсынылды. Бұл салыстырмалы түрде «электрондық үкімет» порталына ұқсас, яғни Қазақстан аумағындағы барлық электрондық ақша жүйелері мен төлем жүйелерін «бір терезе» қағидасымен арнайы интегратор жүйе ретінде біріктіру және оның сипатына қандай талаптар қойылуы қажет. Мұндай желілік интегратор құру-Қазақстанда қаржылық инфрақұрылымды жақсартуға электрондық ақшаларды қолдану мен қабылдауға арналған бірыңғай жүйе ретінде жұмыс істеп, әртүрлі электрондық ақша жүйелерінің өзара әрекеттесуін жеңілдетеді. Ұсынған интегратор сипаттамасының негізгі аспектілеріне тоқталатын болсақ,

1. Өзара әрекеттесу:

• Мәселесі: әртүрлі электрондық ақша жүйесі бір-бірімен үйлеспеуі салдарынан әртүрлі платформалар қолданушылардың арасында операциялар жүргізу барысында қиындықтар туындайды.

• Шешімі: бірыңғай интегратор құру -әртүрлі жүйелер арасына көпір сынды әрекет етіп, өзара әрекеттесуі мен деректер алмасуды қамтамасыз етеді.

2. Орталықтан басқару және қадағалау:

• Мәселесі: шашыраңқы жүйелер транзакцияларды бақылау мен қадағалауды қиындатады.

• Шешімі: интегратор орталықтан қадағалау мен барлық транзакцияларды басқарады және қаржы операцияларынң қауіпсіздігі мен анықтығын арттырады.

3. Қолданушылардың тәжірибесін жеңілдету:

• Мәселесі: қолданушылар түрлі мақсаттардағы электрондық акша жүйелерін қолданудың қолайсыздығымен кездеседі.

• Шешімі: бірыңғай интегратор қолданушыларға барлық электрондық ақша операцияларына бір ғана байланыс арқылы қолдануға мүмкіндік беріп, бұл электрондық ақшаның қолдануды жеңілдетіп, тиімділігін арттырады.

4. Интегратор жүйесінің техникалық сипаттамасы:

• Интеграциялау үшін API (үшінші тарап әзірлеушілер функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту арқылы өз жүйелері мен қолданбалы бағдарламаларын кедергісіз қосуға мүмкіндік береді).

5. Қауіпсіздік және деректердің қорғалуы.

Осындай көрініс тапқан сипатына орай бірыңғай интегратор құру арқылы ұлттық төлем жүйесін жетілдірудің жаңа деңгейіне өтуге болады.

Осы аталған желілік интегратордың қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру туралы «Төлем және төлем жүйелері туралы» заңның 41-1) бап ретінде толықтыру ретінде:

1. Электрондық ақша жүйелерінің желілік интеграторы- осы аталған заңға сәйкес, ҚР аумағында электронды ақша жүйелерінің жұмысын өзге жүйелермен қатар реттейтін бірыңғай үйлестіруші.

Жүргізілген талдау Қазақстан Республикасындағы электрондық ақша айналымындағы заңдастыруға, қауіпсіздікке және технологиялық сын-қатерлерге байланысты бірқатар проблемаларды анықтауға мүмкіндік берді:

– электрондық ақша нарығының реттеушілері мен қатысушыларының алдында тұрған негізгі проблемалар мен сын-қатерлерді анықталды;

– электрондық ақша айналымы саласындағы бұзушылықтарға байланысты құқық қолдану практикасы мен кейстерін талданды;

– блокчейн және криптовалюта сияқты технологиялық инновациялардың электрондық ақшаны реттеуге әсерін зерттеу жүргізілді.

Жұмыста заңнамада айқындықтың болмауы, электрондық төлемдердің қауіпсіздігін арттыру қажеттілігі және тез өзгеретін технологиялық ортаға бейімделудегі қиындықтар сияқты негізгі проблемалар көрсетілген.

Мысалға, қазіргі уақытта нарықты дамытуда бірқатар проблемалық мәселелер бар, олардың ішінде елдің барлық өңірлерін қамти отырып, институционалдық ортаның және қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдау инфрақұрылымының дамымауы, төлем нарығының бытыраңқылығы, әртүрлі жүйелер мен шешімдер арасында операциялық өзара іс-қимылдың, онлайн төлемдер бойынша банкаралық есеп айырысуларды жүргізудің тиімді тетігінің болмауы.

Талдау негізінде қаржы саласындағы инновацияларды ынталандыру, халықаралық ынтымақтастықты күшейту және білім беру және ақпараттық бағдарламаларды жандандыру сияқты даму перспективалары анықталды.

Анықталған проблемалар негізінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және инновацияларды қолдауға бағытталған нормалар мен стандарттарды нақтылауды қоса алғанда, заңнаманы жетілдіру бойынша нақты ұсынымдар ұсынылды.

Аталған процестердің салдары ретінде қызметі белгілі бір мемлекеттің экономикалық жүйесіне, оның ішінде Қазақстан Республикасының ұлттық төлем жүйесіне әсерін тигізетін шағын және орта бизнестің дамуына ықпал ететін онлайн-коммерцияның өсуі деп санаған жөн. Осы зерттеуде талдау үшін ұсынылған материалдар ақпараттық технологияларды дамыту бойынша мамандардың қызығушылығын тудыруы мүмкін, мысалы, коммерциялық процестерге инновациялар мен заманауи технологияларды енгізу мақсатында.

Сонымен қатар, бұл өз қызметін ақпараттандыру саласында жеке немесе мемлекеттік құрылымдардың шешім қабылдауына жанама немесе жеке әсер ететін әртүрлі сарапшылар мен кеңесшілер үшін қызықты болады. Сондай-ақ, зерттеу барысында бірқатар мәселелер анықталғанын атап өткен жөн. Атап айтқанда, одан әрі зерттеу үшін өте қызықты бағыт-бұл әр түрлі түсіндірулер мен электрондық ақша ұғымының анықтамалары экономикалық процестерге қаншалықты әсер ететінін, бұл фактор әр түрлі мемлекеттерде осы сектордың өсуіне қаншалықты әсер етуі мүмкін екенін зерттеу. Сонымен қатар, осы ғылыми-зерттеу жұмысы қарастырылған электрондық ақшаның жалпы қабылданған сипаттамаларын одан әрі талдауға назар аудара алады. Атап айтқанда, бұл мәселенің тәжірибелік аспектісі қызықты, оны белгілі бір елдегі электрондық ақша нарығының даму деңгейін көрсете алатын бейтарап және

нақты статистикалық ақпаратқа сүйене отырып түсіну керек.

Қорытындылай келсек, электронды ақшаның пайда болуы мен дамуы барысында адамзат үшін үлкен ақпараттық-технологиялық төңкеріліс уақытымен алға қарыштай жетіліп келеді. Еліміз үшін электрондық ақшаны шығару, пайдалану және оның қолданысын қаржылық-құқықтық реттеу мәселелері біртіндеп жолға қойылып келе жатыр. Ендігі шешілмеген түйіні бар мәселеміз, цифрлы ақшаны біздің еліміз үшін тиімділігі мен артықшылығын түбегейлі қарастырып, алдағы уақыттақолданысқа енгізу жағдайын қарастыру болып табылады.

Электрондық ақшаның дамуы мен өсу динамикасы көрсеткендей, бұл жүйелердің аудиториясы мен қызметтері біртіндеп кеңейе түседі. Басқа елдердің тәжірибесі көрсеткендей, электрондық ақша электрондық коммерция сегментінде төлемдер жасау үшін танымал болып келеді. Оларды пайдалану қолма-қол ақша айналымын қысқартуға, желілік қызметтер нарығының дамуына, есеп айырысуды жеделдетуге және азаматтардың төлем мәдениетін арттыруға ықпал етеді.

Әлемдік тенденцияларды ескере отырып, электрондық ақшаға немесе жаңа инновациялық төлем қызметтеріне деген қажеттілік артады деп ойлаймыз. Бұл үдеріс көбіне Интернеттің одан әрі таралуымен және Интернет желісі арқылы тұтынушыларға қол жетімді болатын қызмет түрлерінің өсуімен және желі қолданушыларының онлайн сатып алулары электрондық ақша жүйелері мен төлем жүйелері салаларында кеңеюімен байланысты.

Электрондық ақша дәстүрлі төлем құралдарын оларды қолдану тиімсіз жерлерде және сегменттерде біртіндеп ауыстыра алады. Болашақта электронды ақшаны тек қашықтан төлеуге ғана емес, сонымен қатар контактісіз технологиялар мен мобильді төлем технологияларын пайдалануға негізделген сауда нүктелерінде де қолдануды күтуге болады.

Қазақстандағы электрондық ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу барысында елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығы мен ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар мен нормативтік актілер кешенін қамтыған зерттеулер жүргізілді. Соңғы жылдары Қазақстандағы қаржы секторын цифрландыру төлем жүйелері мен электрондық ақша жүйелерін мемлекеттік реттеу мен бақылауды күшейтуге және экономиканы озық технологиялармен әртараптандыру арқылы, қаржы саласында халықаралық стандарттар енгізуге байланысты қазіргі заманғы сын-қатерлерге бейімделуге бағытталған бірқатар жаңашыл өзгерістерге ұшырауы ұлттық қаржы жүйесінің жаңа жаңару кезеңіне өтуімен сипатталады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2020 жылғы 1 қыркүйек -https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000002020 25.10.2023.

2 «Ұлттық төлем жүйесін дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 30 қарашадағы № 133 Қаулысы 24.10.2023.

3 «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы 25.11.2023.

4 «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333 23.10.2023.

5 Цифрлық Кодекс. Жоба. сәуір 2024 ж. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38933548&pos=5;-105#pos=5;-105 23.10.2023.

6 Гольцов В.Б., Голованов М.Н. Правовые регулирование электронных денежных средств: монография. – СПб.: Санкт-Петербургский государственный архитектурно-строительный университет, 2019. – 272 с.

7 Кучинская А. Правовая природа электронных денег // Банкауский Весник. Верасень, 2013. – С. 10-17.

8 Идрышева С.К. Электронные платежи и электронные деньги: правовые основы и отдельные коллизии в правовом понимании терминов // Журнал зарубежного законодательства и сравнительного правоведения. – 2021. – Т. 17. – № 1. – С. 68-85.

9 Ранчинский К.Л. Электронные деньги: определение функции // Вестник РУДН, серия Юридические науки. – 2012. – № 1. – С. 62-70.

10 Andrew Beattie. The History of Money. From bartering to banknotes to Bitcoin. September, 2022. https://www.theseus.fi/bitstream/handle/10024/792453/Habtemariam_Vuolli.pdf.pdf?sequence=2&isAllowed=y 23.10.2023.

11 Карагусов Ф., Бондарев А. Ценные бумаги и деньги как обьекты гражданских прав. Электронные деньги и платежные системы: учебное пособие. – Изд. 2-е. – Алматы: Каспиский общественный университет, 2020. – 153 с.

12 Қазақстан Республикасы «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 02.07. 2018 ж. Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000167 03.11.2023.

13 Ресей Федерациясы «Валюталық реттеу және валюталық қадағалау» туралы 10.12. 2003 Заңы. https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_45458/ 18.11.2023.

14 Армения Республикасы «Валюталық реттеу және валюталық қадағалау» туралы 24.11.2004 ж. Заңы. https://www.translation-

centre.am/pdf/Trans_ru/HH_Orenq/Bank/2004_HO_135_N_ru.pdf 07.11.2023.
15 Беларусь Республикасының «Валюталық бақылау және валюта айырбастауды бақылау туралы» 22.07.2003 ж. Заңы. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30437708 02.10.2023.
16 Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_20.12.2023.
17 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы N2155 Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002155_03.11.2023.
18 Ефремкина О.В. Электронные деньги в ЕС (правовые аспекты). Глобалистика: Энциклопедия. – М., 2003. – С. 325–326.
19 Горюков Е.В. Электронные деньги: анализ практики использования и прогноз развития: дисс. ... канд.экон.наук: 08.00.10. – Иванова, 2004. – 162 с.
20 Raiymbergenova K.T. Aigarinova, G.T., Atakhanova, S.K., Saparov, B.Z., Nakisheva, M.K. Legal regulation of electronic money turnover: global trends. Revista de Direito, Estado e Telecomunicacoes Vol. 15, № 2, p. 1–15. October 2023.
21 Жиендинова С.Б. Правовая природа электронных денег а Казахстане: сопоставление с правовой природой денег // Вопросы современной юриспруденции. – 2016. – №2(53). – С. 149-155.
22 Абжанов Д.К. Правовое регулирование расчетов электронными деньгами в Республике Казахстан. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33283762&pos=298;-16#pos=298;-16 03.11.2023.
23 Төлемдер және төлем жүйелері туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 26 шілдедегі № 11-VI ҚРЗ. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000011 03.11.2023.
24 Коростелёв М.А. Правовой режим электронных денег в гражданском законодательстве: дисс. ... канд.юрид.наук: 12.00.03. – М., – 2015. – 229 с.
25 Карагусов Ф.С. О понятии денег как объектах гражданских прав и инфраструктуре денежного обращения. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37815810&pos=6;-105#pos=6;-105
26 Полуосьмак И.А. Правовое регулирование электронных денег в Российской Федерации // International Journal of Humanities and Natural Sciences, 2020. – vol. 6-3 (45). – С. 151-154.
27 Дюдикова Е.И. Перспективы развития электронных денег как элемента национальной платежной системы Российской Федерации: дисс. ... канд.экон.наук: 08.00.10. – М., 2017. – 225 с.
28 Карагусов Ф.С., Баишева Б.К. О концепции национальных электронных денег в Республике Казахстан. 20 декабря 2020 года. https://katpartners.kz/Articles/CBDC.pdf 09.11.2023.
29 Directive 2009/110/EC of the European Parliament and of the council of 16 September 2009. https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/PDF/?uri=CELEX:02009L0110-20180113 16.11.2023.
30 Чем отличаются цифровые валюты от электронных денег — объяснение

эксперта. https://www.banker.kz/news/chem-otlichayutsya-tsifrovye-valyuty-ot-elektronny/ 13.12.2023.

31 Anatoliy Kovalenko, Roman Samsin, Tatiana Subina, Mykola Kovryha, Oleg Radchenko // Review of Economics and Finance. – 2022. – Том 20 (1). – С. 263-268.

32 Electronic Commerce and Electronic Money - Co-operative efforts undertaken at the Bank for International Settlements (BIS). https://mpra.ub.uni-muenchen.de/47443/1/MPRA_paper_47443.pdf

33 Directive 2000/46/EC of the European Parliament and of the Council of 18 September 2000 on the taking up, pursuit of and prudential supervision of the business of electronic money institutions. https://register.consilium.europa.eu/pdf/en/09/st03/st03666.en09.pdf 10.12.2023.

34 Предоплаченная карта и преимущества ее использования. 2023. https://www.weststeincard.com/ru/private/prepaid-card-and-benefits-of-using-it/ 09.12.2023.

35 Кочергин Д.А. Интерпретация электронных денег и оценка их влияния на денежно-кредитную систему. 2005. https://cyberleninka.ru/article/n/interpretatsiya-elektronnyh-deneg-i-otsenka-ih-vliyaniya-na-denezhno-kreditnuyu-sistemu 19.11.2023.

36 Яванова М.А., Яванова Д.А., Агафонова М.С. Электронные деньги: история возникновения и развития // Успехи современного естествознания. – 2012. – № 4. – С. 142-142.

37 Сокова А.В. Правовая природа электронных денег: история развития. https://www.ruobr.ru/media/printing_works/f720920c60054ddca9690e524bd82174.pdf#page=262 20.12.2023.

38 Роль мировых денег в глобальном управлении. https://www.instituteofeurope.ru/images/uploads/monografii/39.pdf 19.01.2024.

39 Мочалина О.С. История развития электронного денежного обращения в России. file:///C:/Users/Professional/Downloads/istoriya-razvitiya-elektronnogo-denezhnogo-obrascheniya-v-rossii.pdf 09.01.2024.

40 Кругова Е.Ю. Трансформация денег в процессе становления виртуальной экономики в России. https://cyberleninka.ru/article/n/transformatsiya-deneg-v-protsesse-stanovleniya-virtualnoy-ekonomiki-v-rossii/viewer 13.01.2024.

41 История денег: крипта до биткоина. https://www.digitaldonut.kz/post/istoriya-deneg-kripta-do-bitkoina 15.01.2024.

42 Lasme M., Makoto K. Financial inclusion, mobile money, and individual welfare: The case of Burkina Faso // Telecommunications Policy. – 2020. – 44(3). – С. 49-66. DOI:10.1016/j.telpol.2020.101926

43 История появления электронных денег. https://bruhoveckaya.ru/regulatory/fingram/rasch_instr/el_money.php?ELEMENT_ID=464 13.12.2023.

44 Машенка П.Л., Пилипенко М.О. Технология блокчейн и ее практическое применение. https://cyberleninka.ru/article/n/tehnologiya-blokcheyn-i-ee-prakticheskoe-primenenie 17.12.2023.

45 Raiymbergenova K., Zhatkanbaeva A., Umbet S., Berdibayeva A., Jangabulova A. Financial and legal regulation of electronic money circulation //

ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы. – 2022. – №2 (102). – С. 88-95.

46 Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақша шығару, пайдалану және өтеу қағидаларын, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 202 қаулысы. 13.12.2023.

47 2019 жылы электрондық ақшаны пайдаланған операциялар саны үштен бірге өсті.10.03. 2020. https://nationalbank.kz/kz/news/informacionnye-soobshcheniya/8824

48 Джанадилов О., Челухин С. Перспективы и правовое регулирование криптовалюты: Казахстанский подход. Научно-практический журнал «Северо-Кавказский юридический вестник». 2019.№3

49 Cvetkova I. Cryptocurrencies legal regulation. BRICS Law Journal. Vol. 5, № 2, p.128 – 153, 2018

50 Makarov A.D., Mayurov P.N., Humenyuk K.G.. Regulatory Regulation of the Issue and Circulation of Digital Currencies in the Countries of the Modern World. Springer Proceedings in Business and Economics.- March 2022.

51 Как развивается платежная система Казахстана. Басенок В. 27.10.2022. https://kapital.kz/finance/109859/kak-razvivayet-sya-platezhnaya-sistema kazakhstana.html

52 Zhixiu Yu. On the coexistence of cryptocurrency and fiat money. Review of Economic Dynamics Available online. 10.08.2022

53 Nghiem H., Muric G., Morstatter F., Ferrara E.. Expert Systems with Applications. Vol.18215 November 2021

54 García-Ramos L., Miguel Á., Muslera, R.R. Analysis of the normative development of cryptocurrencies in the main jurisdictions: Europe, US and Japan. Revista de Internet, Derecho y Politica. №35, March 2022

55 Bachynskyy T., Radeiko R. Legal Regulations of Blockchain and Cryptocurrency in Ukraine. Hungarian Journal of Legal Studies. Mart 2019

56 Ramalho S., Igreja D., Matos N. What we do in the (digital) shadows: anti-money laundering regulation and a bitcoin-mixing criminal problem. ERA Forum 22, 487–506, 2021

57 Mogaji E., Nguyen P. The dark side of mobile money: Perspectives from an emerging economy. Technological Forecasting and Social Change.Vol. 185, December 2022

58 Bazarbash M., Moeller Naomi J., Griffin N., Villanova H.C., Chhabra E., Fan Y., Shirono K. Mobile Money in the COVID-19 Pandemic. 2020

59 Digital Wallet Regulation in Turkey. https://www.finahukuk.com/en/2022/01/02/digital-wallet-regulation-in-turkey

60 Hassan A.A., Green C., Jiang F. Mobile money, financial inclusion and development: a review with reference to african experience. 28 May 2020

61 Humbani M., Wiese M. An integrated framework for the adoption and continuance intention to use mobile payment apps. International Journal of Bank Marketing, Vol. 37 No. 2, pp. 646-664, 2019

62 Virtual Currency: Definition, Types, Advantages & Disadvantages.

https://www.investopedia.com/terms/v/virtual-currency.asp].

63 Варнавский А.В. Токен или криптовалюта: технологическое содержание и экономическая сущность. Финансы: теория и практика. Том 22, № 5. 2018

64 Порохов Е.В. Финансово-правовые аспекты установления правового режима национальной цифровой валюты, цифровых активов и их оборота в Республике Казахстан. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34414702&pos=5;-105#pos=5;-105

65 Қазақстан Республикасының аумағында электрондық ақшаны шығару, пайдалану және өтеу ережесін, сондай-ақ электрондық ақша эмитенттеріне және электрондық ақша жүйелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы. 2011 жыл 26 .08. (күшін жойған)

66 Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электрондық ақша мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі № 466-IV Заңы

67 Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы N 191-IV Заңы.

68 Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2014 жылғы 05 шілдедегі заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235#z222

69 Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 25 маусымдағы № 347-VI ҚРЗ.

70 «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V ҚРЗ.

71 «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V заңы

72 Motsi-Omoijiade, Immaculate Dadiso. Financial Intermediation in Cryptocurrency Markets - Regulation, Gaps and Bridges. Handbook of Blockchain, Digital Finance, and Inclusion, Vol. 1: Cryptocurrency, FinTech, InsurTech, and Regulation P. 207 – 223.-2018

73 Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 Заңы

74 Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне шетел валютасындағы ипотекалық қарыздар, көрсетілетін төлем қызметтері нарығының субъектілерін реттеуді жетілдіру, жалпыға бірдей декларациялау және экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2020 жылғы 17 шілде (2021.24.05. берілген өзгерістермен)

75 «Kaspi Bank» АҚ электрондық ақша жүйесінің ережесі.- https://www.kaspibank.kz/news/file/124792008405_4.pdf

76 WOOPPAY электрондық ақша жүйесі шеңберінде электрондық ақшаны пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз төлем қызметтерін көрсету туралы жария оферта https://www.onevision.kz/kz/rules-mc

77 «Aitu - Төлем шешімдері» электрондық ақша жүйесі»төлем сервисін пайдалану туралы жария Оферта. https://aitupay.kz/static/docs/public-offer-kz.html

78 ҚР Ұлттық Банкі ресми сайты: https://nationalbank.kz

79 Группа разработки финансовых мер борьбы с отмыванием денег (ФАТФ). https://anticor.hse.ru/main/organization/FATF

80 Казахстан присоединился к Соглашению о ЕАГ. https://eurasiangroup.org/ru/kazakhstan-signed-the-eag-agreement

81 Raiymbergenova K., Zhatkanbayeva A., Satbayeva A., Gaitov A., Shansharbayeva B. The Essence and Role of Electronic Money: Specifics of Legal Regulation // Revista de Direito, Estado e Telecomunicacoes. 2023.-Vol. 15, № 2, P.1–15

82 Проскурина К.Ю. Цифровой тенге: проблемы обоснования, внедрения и функционирования (критические заметки к докладу Национального Банка РК «Цифровой тенге»). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39986832&pos=2;-51#pos=2;-51

83 Цифрлық теңге. Бірінші кезеңді іске асыру нәтижелері. -Алматы, желтоқсан, 2023

84 Цифровые тенге и CBDC-карты: что это такое и в чём преимущества этих инноваций для Казахстанцев? 13 декабря 2023. https://ranking.kz/reviews/banking-and-finance/tsifrovye-tenge-i-cbdc-karty-chto-eto-takoe-i-v-chyom-preimuschestva-etih-innovatsiy-dlya-kazahstantsev.html

85 В Казахстане запустили цифровой тенге. Что и как можно за него купить? https://digitalbusiness.kz/2023-11-15/v-kazahstane-zapustili-tsifrovoy-tenge-chto-i-kak-mozhno-za-nego-kupit/

86 Цвингер И.Г. Национальная платежная система Казахстана: создане и перспективы. М.Қозыбаев атындағы СҚМУ Хабаршысы /№2 (43) 2019

87 Жатканбаева А. Е. Теортические проблемы конституционно-правового обеспечения информационной безопасности в Республике Казахстан: Автореферат дис. ... д-ра юрид. наук : 12.00.02 /... – Алматы : [Б. и.], 2009. - 42, [4] с. . – Библиогр.: с. 40-42

88 ЕАЭО елдеріне ортақ цифрлық валюта қажет пе? 30.06.2023. https://sputnik.kz/20230630/eaeo-elderine-ortaq-tsifrlyq-valyuta-qazhet-pe36529854.html

89 Сулейменов М.К. Цифровизация и совершенствование гражданского законодательства (статья третья, исправленная и 18 откорректированная в связи с принятием Закона о цифровых технологиях).– https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35012332#pos=10;-118.- 11 декабря 2020 г.

90 Цифрлық теңгені енгізу туралы шешім қабылдау моделі. 01.07.2022 https://nationalbank.kz/kz/page/Digital-Tenge

91 Barroilhet A. Cryptocurrencies, economic and legal aspects (2019). Cryptocurrencies, economic and legal aspects. Revista Chilena De Derecho Y Tecnología, 8(1), 29–67.

92 https://nationalbank.kz/kz/page/Digital-Tenge

93 Цифрлық теңге. Көпшілік талқылауға арналған баяндама.-мамыр, 2021

ж.

94 Жетписов С.К., Алибаева Г.А. Дубовицкая О.Б. Защита персональных данных в эпоху цифровизации: конституционно-правовой аспект. Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. Том 3 № 74, 2023

95 https://egov.kz/cms/ru/digital-kazakhstan

96 Цифровизация в Казахстане: роль и современные тренды: роль и современные тренды. https://kz.kursiv.media/2023-09-28/skvr-faceplate/

97 Об утверждении Концепции цифровой трансформации, развития отрасли информационно-коммуникационных технологий и кибербезопасности на 2023 - 2029 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 269.

98 Обеспечение безопасности цифровой экономики. https://kpmg.com/kz/ru/home/insights/2021/03/securing-the-digital-economy.html

99 МЦРИАП РК представил на обсуждение Цифровой кодекс. https://er10.kz/read/it-novosti/mcriap-rk-predstavit-na-obsuzhdenie-cifrovoj-kodeks/

100Минбалеев А.В. Трансформация регулирования цифровых отношений.https://cyberleninka.ru/article/n/transformatsiya-regulirovaniya-tsifrovyh-otnosheniy

101 https://egov.kz/cms/kk/news/social_benefits

102 Коротаева Н.В. Электронные деньги:сущьность, функции и роль в экономике. Социально-экономические явления и процессы. № 12 (034), 2011

103 Об утверждении Концепции развития цифровых платежных технологий в Кыргызской Республике на 2020-2022 годы. https://www.nbkr.kg/contout.jsp?item=2145&lang=RUS&material=97659

104 Закон Беларуси «О платежных системах и платежных услугах» № 164-З от 19 апреля 2022 г.

105 Law on payment and securities settlement systems, payment. Services and electronic money institutions.Law No.: 6493.Publication Date. No : 27.6.2013 / 28690/.As amended by Decree Law No. 690 of April 29, 2017

106 https://www.paypal.com/ru/home

107 Закон Кыргызской Республики от 21 января 2015 года № 21. О платежной системе Кыргызской Республики (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.05.2024 г.)

108 Получение лицензии на электронные деньги в Сингапуре. https://lawstrust.com/licence/finance/elektronnye-dengi/singapur

109 Лицензия на электронные деньги в Сингапуре в 2024 году. https://tkdeal.com/licenses/licenzia-na-elektronnye-dengi-v-singapure-v-2024-godu

110 Виды лицензий e-payments в Сингапуре и как их получить? https://habr.com/ru/articles/490126/

111 Кулаева Е.К., Туралаева А.И., Калимонов И.К. Китайский опыт создания цифровой национальной валюты. https://cyberleninka.ru/article/n/kitayskiy-opyt-sozdaniya-tsifrovoy-natsionalnoy-valyuty

112 Цифровой юань: новая финансовая реальность или тайное оружие

Китая? https://tass.ru/ekonomika/12218193

113 Ситник А.А. Регулирование денежного обращения в Великобритании. Lex russica. 2017;(2):166-183.

114 Правовыерегулирование криптовалюты в Канаде. https://sb-sb.com/ru/article-ru/pravovoe_regulirovanie_kriptovaljuty_v_kanade/

115 Кузьмичев М.Г. Криптовалюта в правовой системе США: вопросы правового регулирования, налогообложения и противодействия преступлениям. Вестник Краснодарского университета МВД России. 2021.№ 2 (52)

116 Правовое Регулирование Криптовалюты В США. https://sb-sb.com/ru/article-ru/pravovoe_regulirovanie_kriptovaljuty_v_swa/

117 Семенова Е.В., Макаревич М.Л. Анализ правового регулирования криптовалюты в отдельных странах (на примере Японии, США и России). Инновационная экономика: перспективы развития и совершенствования, №8 (26), 2017

118 В Японии приняли закон о регулировании выпуска стейблкоинов. https://www.rbc.ru/crypto/news/6299ae4d9a79470022d94da3

119 Регистрация криптовалютной биржи в Японии в 2024 году. https://ybcase.com/company-services/ico/registracia-kriptovalutnoj-birzi-v-aponii-v-2024-godu

120 Особенности регулирования криптовалют в Австралии. https://gncrypto.news/ru/news/crypto-regulations-in-australia-a-closer-look/

121 Обзор налога на криптовалюты в австралии. https://iqdecision.com/obzor-naloga-na-kriptovaljuty-v-avstralii/

122 Zhatkanbaeva A.Y., Atakhanova S.K., Raiymbergenova K.T., Nakisheva M.K., Aydarkhanova K.N. Analysis of the legislation of the Republic of Kazakhstan on the prevention of gambling addiction// ҚазҰУ Хабаршысы.-2021. Заң сериясы. №4 (100). https://bulletin-law.kaznu.kz

123 Райымбергенова К.Т., Жатканбаева А.Е. Қазақстан Республикасында электрондық ақшаны құқықтық реттеудің негізгі мәселелері. Байсалов оқулары – 2023. 27 сәуір 2023.- 227-233 б.б.

124 Райымбергенова К.Т., Жатканбаева А.Е. Электронды ақша айналымын құқықтық қамтамасыз ету ерекшеліктері //«Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясы.- 6-8 сәуір 2022. - 370-372 б.б.